



Республикалық оқу–әдістемелік журнал  
Республиканский учебно–методический журнал

Редакцияның мекен жайы:  
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40  
«7 континент» БО, 15 қабат

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы  
№ 9909- Жеке есепке қою туралы куәлік.  
Жазылу индексі-75289



№ 6 шығарлым 2024 жыл

**Қосымша білім және тәрбие**

Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған  
Ы. Алтынсарин

Тел.: 8 (7172) 64-75-88

E-mail: kosymsha20@bk.ru



8(7172) 64-75-88

E-mail: kosymsha20@bk.ru

Рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі <b>Бейсенбина А.Б.</b> .....3	3-4-сынып оқушыларын дүниетану пәнінен жиынтық бағалауға дайындау жолдары <b>Ахметкалиева К.К.</b> .....89
«Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасы бойынша оқушыларды ұлттық өнерге баулы жолдары <b>Кенжеханов А.К.</b> .....6	Қазақ хандығының құрылу алғышарты <b>Баяхметова К.Е.</b> .....93
Жаңартылған білім беру: жаратылыстану пәнінен оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту <b>Шокеева Г. Ж.</b> .....8	Көркем еңбек пәнін оқытуда базалық құндылықтарды қалыптастыру <b>Алимсаева Р.Ш.</b> .....96
Қызықты биология курсының тиімділігі <b>Султанов С.О.</b> .....12	Адами құндылықты дамытудағы математикалық сауаттылықтың орны <b>Кудумбетова Г.А.</b> .....99
Математика пәнінен практикум арқылы негізгі орта білім алушыларға нәтижелі білім беру жолдары <b>Дюсенова Ш.А.</b> .....15	Оқытушының жеке білім беру ортасын құру ерекшеліктері <b>Әбдіжаппарова А.Б.</b> .....103
Құндылықтар негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары <b>Ерназар Ш.Қ.</b> .....19	Образовательная робототехника как междисциплинарное направление в обучении <b>Сағдат А.С.</b> .....106
Химия сабағында акт қолдану арқылы оқушының білімін арттыру <b>Оскенбаева Г.Н.</b> .....23	Экологиялық проблемаларды жаратылыстану сабағында жүзеге асыру <b>Оразахимова А.Б.</b> .....110
«Отан тарихы» бағдарламасы бойынша оқушылардың сапалы білім алуының тиімді жолдары <b>Сүлейменов Е.Т.</b> .....27	География пәнінен қалыптастырушы жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар <b>Бокийхан Е.</b> .....113
Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жолдары <b>Есжанова М.С.</b> .....30	Учебный процесс в современных условиях <b>Кадирова Г.Т.</b> .....116
Қ.Бітібаеваның лирикалық шығармаларды оқыту технологиясы <b>Есимхан Р.</b> .....33	Оқушылардың білім сапасын көтеру және оны шешу жолдары <b>Утегенова Ш.М.</b> .....120
Белсенді оқыту технологиялары арқылы оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру <b>Босқумбаева Ж.И.</b> .....37	Білім беру сапасы: қалыптастыру және басқару мәселесі <b>Жанабиллова А.А., Курманова А.М.</b> .....123
Оқушылардың әңгімелеу дағдысын жетілдірудің әдісі <b>Райсова Р.Р.</b> .....41	Цифрлық білім беру арқылы баланың цифрлық қабілетін дамыту <b>Нұрқабыл Г.Ж.</b> .....126
PBL технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамыту <b>Құлбекова Н.Қ.</b> .....44	Бастауыш сынып оқушыларының көркем жазуға үйретудің инновациялық технологиялары мен тиімді әдіс-тәсілдері <b>Ертаева Г.Б.</b> .....128
Математика пәнінен жиынтық бақылау жұмыстарына дайындау <b>Тлеубергенова К.С.</b> .....47	Искусственный интеллект на уроках русского языка и литературы <b>Ахметова Г.О.</b> .....132
Дүниежүзі саяси картасының қазіргі бейнесі және елтану <b>Мұрат Қ.Р.</b> .....50	СМС как современный эпистолярный жанр <b>Абишева Г.К., Муслимова К.Б.</b> .....135
Жас мамандармен жұмыс және оларға әдістемелік көмек көрсету жүйелері <b>Есенова Л.Т.</b> .....54	Көркем шығарманы талдау арқылы әдебиет теориясын меңгерту <b>Шалабаева А.А.</b> .....139
«STEM зертханасы» элективті курс бағдарламасы <b>Есенова Л.Т., Нурлыбекова Р.Б.</b> .....57	Цифрлық оқыту - заманауи мектептің негізгі сипаты ретінде <b>Сарсенова А.М.</b> .....142
Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдік төрт дағдыны жетілдірудің тиімді жолдары <b>Икишева Б.А.</b> .....60	Қазақ тілі сабақтарында оқылым, жазылым дағдыларын меңгертудің тиімді жолдары <b>Ташетова А.С., Каражигитова Б.О.</b> .....145
Сторителлинг как средство развития коммуникативной компетенции при восполнении пробелов знаний на уроках русского языка <b>Хамзина Б.С.</b> .....63	Оқушылардың зерттеу-ізденушілік, бәсекеестік қабілеттерін дамытудағы қалыптастырушы бағалаудың маңыздылығы <b>Амангелдинова А.К., Манарбекова Ә.М.</b> .....148
Роль STEM-образования в современной школе <b>Мерсейіт Д.Қ.</b> .....67	Буынға бөліп оқыту <b>Сарсембетова К.С.</b> .....151
Қолданбалы есептер шығаруда тригонометрияны қолдану <b>Исенова А.Г.</b> .....70	Адам және денсаулық <b>Шонова А.К.</b> .....154
Мектеп курсында тригонометриялық теңдеулерді шешудің әртүрлі тәсілдері <b>Катепбай А.</b> .....74	Білім сапасын арттыру үшін заманауи педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері <b>Мырзатаева А.Р.</b> .....157
Development of communicative competence of learners during planning a lesson or series of lessons <b>Мусин Д.Т.</b> .....79	Functional literacy: foundations of language development <b>Kurmankulova Z.E.</b> .....161
«Intellectum» элективті курсы – заман талабы <b>Тажиббаева М.Ш.</b> .....82	Ұлы дала тарихы – ұлт тарихы <b>Оралбаева К.К.</b> .....164
Использование современных информационно-коммуникативных технологий и инновационных форм для развития орфографической зоркости школьников <b>Ходжабаева З.Х.</b> .....85	Дене тәрбиесін әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің мақсаты мен міндеттері <b>Садықбекова А.Б.</b> .....166
	Подход Lesson Study как ресурс для создания командного стиля работы в школе <b>Биялова А.М., Камашева Г. Т., Акашбаева А. Б.</b> .....169



**Меншік иесі** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

**Редакциялық кеңес:**

Шер Р.П., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББООО директоры

Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

Ерубәева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

**Шығарумен жұмыс жасағандар:**

Бас редактор –Атажанова Л.А.

Жауапты редактор – Айтпаева Ж.Ж.

Дизайн – Хұрмет К.Х.

**Редакцияның мекен-жайы:** Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-75-88, e-mail: kosymsha20@bk.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

Жазылу индексі – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады.

Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-88 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз





## РЕФЛЕКСИЯ – МҰҒАЛІМНІҢ, КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ, НЕГІЗІ

**Бейсенбина Айгуль Базарбаевна**  
**Астана қаласы әкімдігінің**  
**«№82 «Дарын» мамандандырылған**  
**лицей» КММ директоры, қазақ тілі мен**  
**әдебиеті пәні мұғалімі,**  
**педагог-шебер**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазіргі білім беру үдерісіндегі рефлексияның маңыздылығы туралы сөз етіледі. Рефлексия – адамның өзін-өзі зерттеуіне негізделетін дағды. Ол адамның өзінің ішкі ахуалы мен өзгерістерін тануы арқылы жүзеге асатын процесс. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін мұғалімдер мен оқушылар арасындағы рефлексияға ерекше назар аудару қажет. Себебі өз білімін өзі басқара алатын, өз нәтижесіне талдау жасай алатын дарынды тұлғаларды тәрбиелеу үшін педагог те кәсіби маман, білікті ұстаз болуы керек. Сондықтан да әлемдік білім беру саласында рефлексияның ерекше маңызы бар екендігін айта кеткен жөн. Бұл тақырыпты ашу мақсатында отандық, шетелдік ғалымдардың пікірлері келтіріліп, өзіндік тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар, практикалық мысалдар да берілді.

**Түйінді сөздер:** рефлексия, педагогикалық рефлексия, гуманистік стратегия, тыңдалым.

«Білім – тұщы су секілді. Ішкен сайын шөлің қанбай, ішкің келе береді», – деген А.Игүнекидің сөзі ХХІ ғасыр мұғалімінің өмірлік ұранына айналды. Біз, яғни ХХІ ғасыр мұғалімі – өмір бойы білім алу концепциясын ұстанатын тұлғамыз. Әлем, айнала, қоршаған орта толассыз өзгеріп, дамып жатқан сайын біздің де бір орында тұрмай, білуге, үйренуге, оқуға құштар болуымыз, әрине, сүйетін мамандығымызға деген махаббатты білдіреді. Әр сабағына үлкен дайындықпен келіп, алдындағы отырған оқушының жүрегіне жол тауып, жанына рухани қозғау салатын мұғалімдер бүгінгі күнде үлкен сұранысқа ие бола алады. Өйткені жүректен шыққан нәрсе жүрекке жетеді. Ізгілік пен мейірімділікке толы жүрек ешқашан салғырттыққа алып бармайды, керісінше риясыз, бүкпесіз болып үлкен жасампаздыққа жол бастайды. Жасампаз тұлға – жаңа Қазақстанның келешегі, жарқын өмірдің кепілі.

Әр сабақты жүйелі жоспарлап, оқушы әлеуетін негізге алып, білім берудің үлгілік бағдарламасын жүзеге асыруда мұғалім көптеген әрекеттер жасайды. Алайда ең маңызды әрекеттердің бірі – мұғалімнің оқушыға рефлексия жасатуы және өзіне рефлексия жасауы.

«Рефлексия» сөзі латын тілінен аударғанда «reflexio» - «артқа қарау» деген ұғымнан туындаған. Атақты американдық философ, педагог Джон Дьюи рефлексиялық ойлауды былай сипаттайды: «Қандай да болмасын бір пікірді не білімнің ықтимал көрінісін олардың негіздерін ескере отырып, белсенді түрде, толассыз және мұқият қарастыру, осының салдарынан туындаған қорытындыларды талдау» [1;63]. Рефлексия ұғымы жалпы айтқанда зерттеу секілді, яғни өзін-өзі зерттеу, есеп беру, өзінің ішкі әлеміндегі сұрақтарға жауап іздеу. Қорыта айтқанда, зерттеу объектісі – адамның өзі.

Бұл психологиялық таным философиясы өткен ғасырларда ғылымға, әдебиетке келген өнер ағымдарында көріне бастады. Адамның ішкі әлемінің екіге бөлінуі, экзистенция, өзін-өзі зерттеп сұрақтардың астына алып, жауап беруі, өзімен диалог құруы барлығы да адамның тұлға болып қалыптасуына түрткі болды. Француз теологі Пьер Тейяру де Шарденнің пікірінше: «Рефлексия – адамды хайуаннан ерекшелендіретін қасиет. Мұның

арқасында адам жай бір ғана нәрсені емес, өзінің білімін толық біліп саралай алады» [2]. Яғни, адам өзіне есеп беру арқылы білімінің, дағдысының, әлеуетінің қай деңгейде екенін біле алады.

«Рефлексия сыни ойлау арқылы жүзеге асырылады, өйткені мұнда дайын жауап жоқ, оны іздеу керек, іздену қажет, жобалау мен жоспарлау керек, болжам жасап, жаңалық ашу қажет» [1;63]. Сондықтан білім алу үдерісінде рефлексияның алатын орны ерекше. Сол себепті де оқушыларды әр сабақта рефлексия жасауға дағдыландыру маңызды болып табылады. Олар рефлексия жасаған сайын өз біліміндегі өзгерістерді байқап отыратын болады, сонымен қатар бұл қадам олардың нәтижеге тезірек жетуіне үлкен ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушы өзінің қалай үйренгендігін, қандай қадамдар жасағанын түсінуге тырысса, өзі атқарған әрекеттерін зерделеп, олардың берген нәтижелерін нақтыласа, сондай-ақ оларды қалайша жақсартуға болатындығы туралы ойланса, сапалы нәтижеге жететіні анық. Мұндай қабілетті дамыту үшін мұғалім алғашқы кезеңдерде сабақ соңында бір топ оқушылармен сұхбаттасып, олардың өздеріне деген сенімсіздіктерін жойып, «Мен нәтиженің қолжетімділігіне сенемін бе?», «Мұны жасауда маған не кедергі болды?» деген секілді сауалдар қойып саралап отырса, келесі сабақта тағы бір топ оқушылармен осындай жұмыс жүргізсе, оқушылардың дені біртіндеп дағдыланатыны сөзсіз. Атақты жапон елінің «Кайдзен» тәсілі секілді қарапайымнан күрделіге қарай үш қадамдап әрекет етіп отырса, біртіндеп білім алушылардың дағдылары да қалыптасып, рефлексия жасау қабілеті дами түсері анық. Жалпы оқушылар үшін ғана емес, мұғалімдер үшін де рефлексияның үлкен маңызы бар.

Мұғалімнің кәсіби дамуына негіз болатын бірден-бір әрекет – рефлексия. Әр сабағына анализ жасаған мұғалім келесі сабағын жоспарлауда бүгінгі болған қиындықтар мен әрекеттерді саралайды, келесі сабағында сол қиындықтар мен олқылықтарды жақсартуға жұмыс жасап, өзін-өзі жетілдіреді. «Бүгінгі сабақта қай әдіс-тәсіл тиімді болды?», «Неліктен Б. оқушы бұл тапсырманы жасауда қиналды?», «Сабақ мақсатына барлық оқушы қол жеткізе алды ма?», «Бүгінгі сабақта мен үшін ең қызықты болған сәт...», «Таңдап алынған тәсілдер оқу мақсатына қол жеткізу үшін тиімді болды ма?», «Менің ең ұтымды әрекетім қандай?», «Менің ең сәтсіз әрекетім қайсы?», «Бұл сабақты бұдан да мәнді етіп өткізу үшін тағы не істей аламын?» т.б. секілді сауалдар қою арқылы мұғалім өз әрекетіне толық талдау жасай алады. Бұл өз кезегінде келесі сабақта міндетті түрде өз нәтижесін беретіні анық. Өзін-өзі шыңдаған мұғалім қашан да кәсібилікке тез қол жеткізіп, табысты оқытуға ден қояды. Белгілі әдіскер, филология ғылымдарының кандидаты А.Әлімов: «Жалпылама алғанда, рефлексияның қадамдары мынандай болуы ықтимал: 1) Аялдама жасау (тоқтау); 2) Артқа қарау: түсіну, талдау, бағалау; 3) Өзгерістер енгізу; 4) Болашақты жоспарлау» [4] – дейді.

Білім беру үдерісінде «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» [5] деген хәкім Абайдың қарасөзінің әлі күнге дейін өз маңызын жолғалтпағанына көз жеткіземіз. Ғалымның бірінші аялдама жасау, яғни, тоқтау әрекеті ақпараттар ағыны көбейген заманда кез келген адамның тоқтап, өзіне есеп беруін, содан соң артқа қарап талдау (анализ) жасауын, өз әрекетін бағалау керектігін, үшінші жасаған әрекетіне байланысты оң нәтижеге қол жеткізетін өзгерістер енгізуін, төртінші болашақты жоспарлап, өз әрекетіне болжам жасауын нақты жүйелеп көрсеткен. Бұл әрекеттер тұлғаның сыни ойлауын дамытып, әрбір қадамын жүйелі жоспарлай алатын жасампаз, табысты тұлға болуға жетелейді.

Психология ғылымдарының кандидаты А.Бизязева рефлексияны лезде тудырудың мынандай тренингін ұсынады: «Ол үшін «Қазіргі кезде айналысып жатқан іс-әрекеттеріңіздің қайсысы өзіңіз үшін ең маңызды болып табылады?» деген сұраққа жауап беріңіз. Ойландыңыз ба? Енді төмендегі сұрақтарды мұқият оқыңыз. Асықпаңыз, егер де сіз өзіңізге өзіңіз шыншыл және адал болсаңыз, онда әрбір сұраққа берген жауабыңыз сізге өзіңіз туралы жаңа білім беруі мүмкін.

- Бұл істе мен шындығында қандай нәтижелерге қол жеткізім келеді?
- Бұл нәтиже шындыққа айналу үшін менің алғашқы қадамым қандай болуы керек?
- Бәрі маған ғана байланысты ма?
- Мен өзім осы нәтижеге тікелей жауаптымын ба?
- Мен нәтиженің қолжетімділігіне сенемін бе?
- Менің күмәндарымның себебі қандай?
- Мұны бұрын жасауда маған не кедергі болды?
- Нәтижеге жету жолында болашақта қандай мүмкін кедергілерді көріп тұрсыз?

– Егер мен мақсатқа жетсем, менің өмірімде қандай игі өзгерістер болады?» [1;64]. Осы үлгідегі сұрақтарға жауап беру арқылы біз өз мақсатымыз бен міндеттерімізді айқындап, келесі қадамды жобалап, жоспарлауға көше аламыз. Бұл әрекет тиімді жоспар құруға, оқушының сұранысын орындауға, табысты білім алуға жетелейді.

Педагогикалық рефлексияны жан-жақты зерттеген ғалым А.Бизяева мұғалім әрекетін дәстүрлі және гуманистік деп жіктеп, авторитарлық басқарудан рефлексивті басқарудың тиімділігін көрсеткен. Мұғалім оқушыны рефлексивті басқару арқылы сабақты қызықты ұйымдастырып, оқушының таным көкжиегін кеңейтіп, білім алу процесін жағымды, жеңіл ете алады. «Гуманистік стратегияға негізделген рефлексивті басқару, біріншіден, оқушыны белсенді субъекті позициясына қояды. Екіншіден, оқушының өз бетімен білім алуында өзіндік басқаруын қалыптастыра алады. Үшіншіден, білім алу үдерісін шығармашылық диалог арқылы танымдық, қызығушылық мәселелердің шешімі ретінде ұйымдастыра алады» [6;70] – дейді. Ғалымның бұл пікірімен келісеміз, сабақ жоспары мұғалімнің шығармашылық қабілетіне, оқушының танымдық деңгейіне негізделіп құралады. Рефлексиялық басқару арқылы мұғалім оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады, бір-біріне деген ашықтық, сенім пайда болады. Сондықтан да, оқу үдерісі оқушының танымдық қабілетіне сай ұйымдастырылуы тиіс. Себебі, мұғалім білім алушының психологиялық танымын саралап отыруы керек.

Білім алу үдерісінде мұғалім рефлексиясы негізгі психологиялық рөл атқарады. Оқушының ішкі әлемін түсіну, оның үміті мен қызығушылықтарын ескеру, онымен ой бөлісу, қамқорлық пен қуаныш сыйлау мұның барлығы мұғалім мен оқушы арасындағы ішкі көріністі бейнелейді. Әр мұғалім оқушының ойлау деңгейіне түсіп, «Мына сұраққа қандай жауап іздесем екен», «Егер мен оқушы болсам, мені не қызықтарды?», «Мен оқушы болсам, бұл тапсырманы қалай орындар едім?» т.б. деген секілді сұрақтар арқылы білім алушының танымын жетілдіре алады. Балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін біле отырып, олардың жеке психологиялық ерекшеліктерін рефлексивті түрде өз санасында бейнелеп құрылған икемді жоспар сөзсіз нәтижелі болмақ.

Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттесудің тағы бір рефлексиялық қыры – әңгімелесушіні тыңдай білу қабілеті. «Қарым-қатынасты анықтайтын барлық дағдылардың ішінде тыңдау қабілеті ең қажет және ол барынша жақсартуды талап етеді» [6;73]. Расында мұғалім мен оқушы арасында тыңдау қабілетіне ерекше назар салыну қажет. Тыңдалым дағдысы жақсы қалыптасқанда танымдық және коммуникативті процесс барлық деңгейдегі кері байланыстың тиімділігін анықтайды, яғни әңгімелесушіні жақсы түсінуге және қарым-қатынаста табысқа жетуге ықпал етеді. «Тыңдауға үйретудің негізгі стратегиясы – тыңдаушының пассивті позициясын белсенді позицияға өзгерту. Белсенді рефлексиялық тыңдау адамның естіген ақпараттары бойынша мәнін, мағынасын, мақсатын растау, нақтылау, тексеру арқылы естігені үшін жауапкершілік алуына негізделеді» [6;74]. Бұл жөнінде психология ғылымдарының докторы, профессор Б.Ю. Гиппенрейтер: «Баланы рефлексивті тыңдау – сөйлесім барысында ол сізге айтқан нәрселерді «қайтару» дегенді білдіреді. Себебі бұл оның ішкі сезімінің көрінісі» [6;74], – деген болатын. Бұл тек мұғалім мен оқушы ғана емес, ата-ана мен бала арасындағы жақсы қарым-қатынас құрудың да негізі болады. Себебі қарым-қатынас, ең алдымен, сенімге құрылуы тиіс.

Шынайы рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі. Рефлексивті басқару арқылы педагог гуманизмге негізделген білім үдерісін жасай алады. Ол әр сабақта оқушыларға рефлексия жасауды дағдыландырса, білім алушы өзін-өзі басқару арқылы білім деңгейін қадағалай алады. Ал мұғалім өзіне кәсіби рефлексия жасауда өзіндік тәжірибесін дамытып, педагогикалық, психологиялық талдау жасау арқылы білім үдерісін одан әрі жақсартып алады. Рефлексияда оқушы өзінің қалай үйренгендігін талдап, әрекеттерін зерделеп, оларды түсінуге тырысса, мұғалім қорытынды нәтижелерді нақтылайды, оларды әрі қарай жақсартып, жетілдіруді ойлайды, сол арқылы табысты оқытудың қадамдарын жасайды. Педагогтің кәсіби дамуы – оқушы мен мұғалімнің арасындағы шынайы рефлексияға тікелей байланысты. Сондықтан да өзін-өзі жетілдіретін кәсіби маман қашан да сұранысқа ие болары анық.

#### Қолданылған деректер тізімі

- 1.Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. – Алматы, 2015.-180 бет.
- 2.<https://www.bing.com/search?q=рефлексия&q=AS&pq=рефле&sc=8-5&cv>
- 3.Мұғалімдерге арналағн нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ



Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017.

4. <https://kazbilim.kz/?p=3793>

5. <https://bilim-all.kz/article/2202-Qara-sozder-15-qara-soz>

6. Бизязева А.А. Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия - Псков: ПГПИ им.С.М.Кирова, 2004. - 216 стр.



## **«ДОМБЫРА ӨНЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОҰЫНША ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ БАУЛЫ ЖОЛДАРЫ**

**Кенжеханов Азамат Кошкинбаевич  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, музыка пәні мұғалімі**

Жаһандану мәдениеттер арасындағы шекараны жойып жатқан қазіргі заманда ұлттық дәстүр мен өнерді сақтап, дамыту мәдени және ұлттық бірегейлікті сақтау контекстінде ерекше өзекті болып отыр. Бұл тұрғыда оқушыларды ұлттық өнермен таныстыруға бағытталған бағдарламалар басты рөл атқарады. Сондай бағдарламалардың бірі – «Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі».

Қазақтың дәстүрлі ішекті аспабы – Домбыра – ұлттың символы ғана емес, сан ғасырлық тарих пен мәдени мұраны бейнелейді. Домбыра үйренуге негізделген бағдарлама қазақ халқының құндылықтары мен салт-дәстүрлерімен сусындап, оқушылардың өз мәдениеті мен өнеріне деген терең құрметін дамытуға көмектеседі.

«Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасының түйінді тұстарын, мақсатын, әдіс-тәсілдерін, маңызын оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыру тұрғысында қарастырамыз. Сондай-ақ бұл бағдарламаның елдің мәдени мұрасын сақтау мен ілгерілетудегі және ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі рөліне назар аударылатын болады.

Бағдарламаның маңызды бөлігі - домбырада ойнау техникасын үйрену ғана емес, сонымен қатар ұлттық әуендер мен әндердің репертуарын меңгеру. Бұл оқушылардың аспапта ойнау шеберлігін игеріп қана қоймай, өз халқының музыкалық мұрасына терең бойлауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі оның оқу үдерісіне интеграциялануы болып табылады. Домбыра оқу бағдарламасының ажырамас бөлігіне айналады, бұл балаларға өз мәдениетін қосымша пән ретінде емес, жалпы білім беру бағдарламасының бір бөлігі ретінде оқуға мүмкіндік береді. Бұл өз халқының мәдениеті мен өнері туралы білімді тереңірек және жүйелі түрде меңгеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, «Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасы оқушылардың өз мәдениеті мен тарихына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Домбырада ойнай білу мен білу оқушылардың өзіне және өз тамырына деген сенімін арттырады, бұл жеке тұлғаның қалыптасуына маңызды. Сайып келгенде, бағдарлама мәдени мұраны аға ұрпақтан жастарға беру үшін алаң жасайды. Домбырада ойнау шеберлігі тәжірибелі музыканттар мен ұстаздардан жаңа ұрпаққа беріліп, ұлттық өнердің сақталуына, дамуына үлкен үлес қосуда.

«Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасы арқылы оқушыларды ұлттық өнерге баулу әдістемесі көп деңгейлі болуы және мәдени мұраны меңгеру мен түсінудің әртүрлі аспектілерін қамтуы керек. Төменде осы бағдарламада қолданылған әдістеме берілген:

- Тарих пен мәдениетті оқу: Оқушылар Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, оның ішінде сол мәдениеттегі домбыраның орнын зерттеуден бастайды. Бұл музыка

мен домбыраға байланысты салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, ұлттық мерекелерді, тарихи оқиғаларды, маңызды өнер қайреткерлерін зерттеуді қамтиды. Оқушылар ұлттық өнермен танысып қана қоймайды, сондай-ақ, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға үлес қосады.

- Аспаппен таныстыру: Келесі кезең аспаптың өзі – домбырамен танысу. Оқушылар оның құрылымын, домбырада ойнаудың негізгі принциптерін оның ішінде қолдың дұрыс орналасуын, ішекті техниканы және негізгі аккордтарды меңгереді. Бұл теориялық сабақтарды да, домбыра тартудың практикалық сабақтарын да қамтиды.

- Әуендер мен әндерді оқу: Оқушылар домбырада ұлттық әуендер мен әндерді ойнауды үйренеді. Оған классикалық әуендер де, қазіргі заманғы шығармалар да кіреді, осылайша оқушылар қазақ музыка мәдениетінде ұсынылған стильдер мен жанрлардың алуан түрлілігін сезіне алады. Бұл олардың еліміздің мәдени мұрасы туралы білімдерін тереңдетеді.

- Шеберлік сабақтары мен қойылымдар: Тәжірибелі музыканттармен шеберлік сабақтарын ұйымдастырып, мектеп қауымы алдында өнер көрсету оқушыларға ұлттық өнердің атмосферасына еніп, кәсіби мамандардан қосымша білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

- Оқу бағдарламасына кіріктіру: «Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасы мектептің немесе оқу орнының оқу бағдарламасына кіріктірілген болуы керек. Бұған домбыра мен қазақтың музыкалық мәдениетіне баса назар аудара отырып, музыка, тарих, әдебиет немесе мәдениеттану сабақтары кіруі мүмкін.

- Музыкалық жобаларды құру: Оқушылар музыкалық жобаларды жасауға, соның ішінде домбыраға өз шығармаларын жазуға, концерттер немесе музыкалық фестивальдер ұйымдастыруға қатыса алады, бұл олардың алған дағдыларын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

- Рефлексия және бағалау: Бағдарлама аясында оқушылардың үлгерімін жүйелі түрде көрсету және бағалау маңызды қадам болып табылады. Бұл әдістеменің тиімділігін бағалауға және оқу процесін жақсарту үшін қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Алғашқы сабақтардан бастап «Домбыра атауы қайдан шыққан?» деген сұраққа жауап іздеу тапсырылады. Оқушылардың мүмкін болатын жауаптары: «Домбыра» атауының шығу төркініне қатысты талас-тартыс көп. Түркі тілдес халықтарда домбыра тектес шертпелі аспаптарды қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт – домбыра, тәжік – домбурак, бурят – домбро, монғол – домбор, түрік – томбра, телеуіт – комыс, шор – қобус, қырғыз – қомуз, қырым татарлары – қобуз, хақас – хомус, алтай – топшур, тува – топшулур, түркімен, қарақалпақ, ұйғыр – дутар деп айтады.



«Ақсақ құлан» ертегісін оқушылармен бірге көріп, осы ертегі негізінде оқушылар домбыраның пайда болуын инфографика арқылы көрсетуді тапсыруға болады. Бұл тапсырмалар оқушылардың ұлттық құндылықтарымызда жоғалтпай, оны құрметтеу керек екенін ұғынады.

Қазақстанның әр өңірінде күйдің орындалу техникасын бейнежазба арқылы тыңдап, олардың ерекшелігін түсінуге көмектесу қажет. Домбырамен орындалатын терменің Австрия халқының Иодль әнімен ұқсастығы мен айырмашылығын көрсету үшін Венн диаграммасын қолдануға болады.

«Абай қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамады. Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. Бұл жәй – музыка мен сөздің кәсіпқойлық дәрежеде қосылуы болды. Осының өзі айта қалғандай жаңалық. Абай музыка шығаруға сөз арқылы келді» деп академик Ахмет Жұбановтың сөзімен келесі сабақты бастай отырып, Абай әндерін зерттеуге оқушыларды жетелеуге болады. Бұл ұсынылған мысалдар бағдарламаның қазақ халқының мәдениетін, өнерін жаңғыртуға бастама болады.


Қорыта айтқанда, «Домбыра өнері – ұлттық тәрбие негізі» бағдарламасы Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау мен дамытуда, оқушыларды ұлттық өнерге баулудағы елеулі қадам. Домбырада ойнаудың салт-дәстүрін, әуендерін, техникасын меңгеру арқылы





оқушылар тек музыкалық шеберлікке ғана емес, өз мәдениеті мен тарихын терең түсініп, құрметтейді.

Бағдарлама білім беру үдерісіне кіріктіріліп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың, олардың ұлттық мұраның бір бөлігін сезінуіне көмектесетін қуатты құралға айналады. Ол оқушылардың шығармашылықпен өзін-өзі танытуына және дамуына мүмкіндіктер жасайды, сонымен қатар мәдени мұраны үлкеннен кішіге жеткізе отырып, ұрпақтар арасындағы байланысты тереңдетуге көмектеседі. Мысалы, 3 сынып оқушысы Көшкенбай Айданың «Музыкалық аспаптар және оларға температураның әсері» деген ғылыми жобасында домбыра және қобыз үндеріне температураның әсерін зерттеп, музыка мен физика пәндерін кіріктірді.



Бұл бағдарламаны жаңа оқу материалдарын жасау, іс-шаралар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру және оны әртүрлі оқу орындарына енгізу арқылы дамыту мен таратуды жалғастыру маңызды. Мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен күш-жігерімен ғана біз Қазақстанның бай мәдени мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз.

#### Қолданылған деректер тізімі

1. Сарыбаев Б., Қазақтың музыкалық аспаптары, А., 1978
2. Қазақтың шертпе күйлері; Ж. Жүзбаев - Қарағанды: Болашақ Баспа, 2006
3. Домбыра үйрену әдістемесі. Оқу құралы. Ержанов М. – Foliant, 2018
4. Г.Б.Қамза «Аспаптық дайындық» Оқу құралы. Алматы, 2012
5. Г.Б.Қамза; А.А.Бейсембаева; А.Қ.Ержанов «Домбыра үйрену әдістемесі» Оқу құралы. Алматы, 1998



## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ, ЗЕРТТЕУ, ОҰЛАУ, КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Шокеева Гульжанат Жаксылыковна  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицей» КММ,  
бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ортасын жақсартуды, ұлттық, әлеуметтік және жеке қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыратын тәрбие мен оқыту міндеттерін қояды талап етеді. Оқытуды ынталандыру және қолайлы білім беру ортасын құру үшін ең жақсы оқыту әдістері мен стратегияларын қолдану оқушыларды оқыту кезеңдеріне дайындау үшін маңызды. Мұғалім қандай пәнді оқытса да, бірқатар мақсаттарға сүйене отырып, оқушыларға берік, жан-жақты түсінік береді.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білім құмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектесетіндігі көрсетілген. Сонымен қатар «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталғаны анықталған [1].

«Жаратылыстану» пәні мұғалімдері оқушылармен бірге белсенді сынып ретінде бірлесіп жұмыс істейтін орта жасайды. Оқушылар табиғат әлемі және оны түсіну үшін қажетті ғылыми принциптер туралы білімді меңгереді. Мұғалімдер жаратылыстану пәндерін оқу бағдарламасына сәйкес оқыту бойынша білімдерін кеңейтіп, жаратылыстану саласында теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі оқушылардың дүниетанымын, табиғат заңдарын тануын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту

Жаратылыстану оқу бағдарламасында «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары оқу үдерісінде «білім алу жолдарын білетін», өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады» - деп көрсетіледі [1]. Оқу бағдарламасында сипатталғандай жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстану бұл шын мәнінде оқушыларға бағытталған оқытуды ұйымдастырудың заманауи және инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажеттілігін анықтайды. Осы мақсатта оқыту әдістері зерделеніп, Ю. К. Бабанский, В. П. Беспалько, П. Я. Халперин, Таубаева Ш.Т., Қараев Ж.Ж., Құсайынов Г.М., Жанпейісова М.М. және т.б. еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар Өстеміров Қ., Әбдікәрімов Б.Ә., Әбдіров Ә.М. және т.б. оқушылардың ынтасын арттыруға және оқуға қызығушылық тудыруға көмектесетін оқытудың интербелсенді әдістерін зерттеу жұмыстары зерделенді.

Пәнді оқыту үрдісінде стандартты ең көп таралған әдістеме үлгісі дәріс формасында баяндау әдісімен қатар мұғалім мен мектеп жұмысының табысты болуы үшін интербелсенді оқыту әдісі қолданылды. Интербелсенді оқыту – бұл білім беру процесіне мұғалім мен оқушылардың тұрақты, белсенді әрекеттесуімен жүзеге асырылатын оқыту [2]. Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаты – іс-әрекетті мұғалімнен оқушыларға беру, оқушының оқуын басқару, оқушылардың бірлесіп оқуына мүмкіндік беру және оқу үдерістерін бағалау.

Бастауыш мектептің білім беру кеңістігінің өзгеруі, оның ішінде білім беру мақсаттары мен міндеттерін - оқыту әдістерін (монологтан диалогқа), білім беру технологияларын (стимулдан - өзара әрекеттерге көшу), педагогикалық диалог пен өзара әрекеттестіктің өзгеруі, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын көрсетеді [3]. Оқыту барысында оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктілік негіздерінің қалыптасуына мұғалімнің сыныптағы міндеттері көбінесе фактілер мен сандарды және негізгі дағдыларды үйретуден асып түседі. Мұғалім өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға), демек диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген интербелсенді оқыту әдісін қолданады. Сонымен интербелсенді оқыту дегеніміз «үйретуші - үйренуші», «үйренуші - үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында «әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер», «сұрақ-жауап» арқылы қарым-қатынас [4].

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында қарастырылған оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын меңгеру деңгейінің қалыптасуын және дамуын зерттеу мақсатында №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінде 4 сыныптың 23 оқушысына бір тоқсан бақылау жүргізілді.

Бақылап – зерттеуге, ең алдымен, бақылаушы – «Жаратылыстану» пәнінің мұғалімі, зерттеу объектісі – 4 «Д» сыныбының оқушылары, сондай-ақ құралы – «өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы «сұрақ - жауап»» әдісі және өлшеу құралына оқушыларды бағалау кірді. Оқушыларға бақылау бастамас бұрын алдын ала тест алынды. Тестті бастауыш білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) тест спецификацияларына сәйкес жасалынды. Тест спецификациясы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны ресми сайтынан алынды [5]. Тест нұсқасы білім беру ұйымдарының жаңартылған білім беру мазмұнына көшуіне байланысты талаптарды ескере отырып құрастырылды. Бұл тапсырмалар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығын тексеруге бағытталған [6]. Тест тапсырмаларының жалпы саны – 16. Тестті толық орындауға 25 минут берілді. Оқушылардан алынған тест нәтижелері бақылау барысында талдау үшін қолданылады. Бағалау Қазақстандағы жаңартылған бағалау жүйесіне сәйкес оқушылардың жеткен оқу жетістік деңгейі тапсырманы орындау пайызына сәйкес анықталады [7]. Оқушылардың тест нәтижесін бағалау деңгейлер бойынша алған ұпайларды бөлу көрсеткіштері қолданылды (1-кесте).

Деңгейлер	Тапсырманы орындау пайызы	Ұпайлар бөлу көрсеткіші	
		төменгі шек	жоғарғы шек
Өте жоғары	85-100	14	16
Жоғары	65-84	10	13
Орта	40-64	6	9
Төмен	0-39	1	5

1-кесте. Балдарды деңгейлермен сәйкестендіру шәкілі

Сонымен қатар, бақылау кезеңдерінде қолданылатын тәжірибе мен логикалық ретпен құралған сұрақтар бойынша кейбір тақырыптардың мысалдары беріледі. Бақылау барысында келесі әдіс принциптері пайдаланылды:

- барлық білім баланың ішінде, мұғалім сырттан ештеңені үйрете алмайды;
- сұрақтарды оның жауаптарымен байланыстыру арқылы білімді ерекшелеуге болады.

Бақылау келесі кезеңдерді қамтыды:

1. Мұғалім сабақты түсіндіре отырып, тәжірибе жүргізу мен сұрақ қою арқылы оқушылардың жаңа материалды меңгеруін белсендіру кезеңі.
2. Оқушылар өткен тақырып бойынша сұрақтар дайындап, оларды логикалық ретпен орналастырып, дәптерге жазу кезеңі.

Бақылау кезеңдерде «Сұрақ қою» әрекеті оқушылардың назарын мазмұнға, негізгі идеяларға және мазмұнды түсінуді тексеруге аударады. Оқушылар үшін өз сұрақтарын қою – жаңа білімді қабылдау, білім олқылықтарын толтырудың алғашқы қадамы. Оқушылардың сұрақтары олар үшін пайдалы функцияларды атқарғанымен қатар, олар оқушылардың белсенділігін ынталандыру арқылы мұғалімдерге де көмектеседі. Сондықтан біз жаратылыстануды оқытуда сұрақ қоюды қолдануды ажырата отырып, сұрақ қоюдың рөлін зерттейміз.

Бақылау барысында мұғалім өзара қарым-қатынасқа, диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдіс тек оқу процесінде оқушыларға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар мұғалім үшін педагогикалық құрал ретінде пайдалы қызмет атқаратынына негізделеді.

Бақылаудың бірінші кезеңі: Мұғалім сабақты түсіндіре отырып, тәжірибе жүргізу мен сұрақ қою арқылы оқушылардың жаңа материалды меңгеруін белсендіру кезеңі.

Сұрақ қою кезінде оқушылардың қабілеті, сұранысы, қызығушылығы ескерілді. Бұл оқушылардың пәнді оқуын және қабылдауын көздейді.



Зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар оқушылар өмірде табысқа жету үшін қажетті негізгі дағдылар болып табылады. Бұл дағдылар оқушылардың қоршаған ортаны тиімді түсінуіне көмектеседі. Бақылау барысында мұғалім өзара қарым-қатынасқа, диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдіс жаратылыстану пәні бойынша материалды меңгеруде тиімді екенін көрсетті. Сонымен қатар, жүргізілген бақылаудан диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдісті қолдануда келесі ұсыныстар нәтиже беретіні анықталды.

(i) Біліміне жауапкершілікпен қарау. Жаратылыстану пәні бойынша сұрақтар бізді қоршаған әлемге деген қызығушылық, сондай-ақ нақты әлемдегі мәселелермен өзара әрекеттесу арқылы туындайды. Оқушылардың сұрақтары ең алдымен өткен тақырып туралы ойланғанын және оны басқа білетін нәрселермен байланыстыруға тырысқанын көрсетеді. Бұл ретте, тақырып бойынша қойылған сұрақтың дұрыс жауабы немесе оқушылардың ойлана жауап беруі, олардың жақсы сезінуіне мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылар меңгерген білімі болашақта маңызды екенін түсініп, ойлауы керек.

(ii) Жауаптарына нақты болу. Жауап беру барысында оқушылар өз ойларын нақты тұжырымдап, түйінді сөйлеулері керек. Айқын жауап беру, тақырыпты түсіну үшін өте маңызды. Сонымен бірге, ашық ойларды дамыту үшін олар жазу керек. Оқушылар сұрақтың жауабын жазғанда және қайталағанда, жазғандары туралы ойлануға мүмкіндік алады. Бұл оқушылардың ойларын нақтылауға көмектеседі.

(iii) Ауызша өзара әрекеттесу. Оқушылардың бірі-біріне сұрақ қоюы, жауабын тыңдауы, талқылауы – ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытудың ең жақсы тәсілдерінің бірі. Оқушылардың өзара әрекеттесуі тақырып бойынша білімдерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оларға ұтымды дәлелдер дайындауға көмектеседі.

(iv) Белсенді тыңдауды үйрену. Тақырыпты тиімді меңгеру үшін оқушылар белсенді тыңдаушы болуы керек. Дұрыс жауап беру үшін олар алдымен басқа адамның не айтып жатқанын түсінуі керек. Белсенді тыңдауды жаттықтыру оларға жақсы сөйлеуші болуға көмектеседі.

(v) Тәжірибе сабақтарға қатысу. Кез келген тақырып бойынша жүргізілген тәжірибе жұмыстарына қатысып, алдын ала дайындалған мәтінсіз тәжірибе нәтижесін айтуды жаттықтыру, тақырып бойынша өз ойларын айтуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану оқушылардың өз бетінше ойлауына, логикалық сұрақтар құруына, оқушылардың шығармашылық көзқарастарын дамытуға, зерттеу, коммуникативтік дағдыларын қалыптасуына негіз жасалды деп айта аламыз. Қалыптасқан дағдылар нәтижесінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында бастауыш білім беру ұйымдарында жүргізілген ББЖМ-дан жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар, берілген әдістерді қолдану арқылы оқушылардың зейінінің жақсарғаны анықталды. Бұл әдістер оқушыларды жаңаша оқытуға ғана емес, сонымен қатар олардың оқу үлгерімін арттырды. Сыныптағы оқу мен түсіну деңгейін бағалау қабілеті артты. Оқушыларда мотивацияны қалыптастыруды қамтамасыз етіп, бұл өз кезегінде заманауи оқушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал етті. Зерттеу оқушыларға сұрақ қою дағдыларын нақты тақырыпты оқыту және бірлескен топта жаңа мазмұнды материалды меңгеруді қоса алғанда, жаратылыстану пәніне қатысты тапсырмалардың ауқымын жақсартуға әкелуі мүмкін екенін көрсетті.



## ҚЫЗЫҚТЫ БИОЛОГИЯ КУРСЫНЫҢ ТІІМДІЛІГІ

Султанов Сартай Оразхалыкович  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, биология пәні мұғалімі

Биология – тіршілік туралы ғылым. Ол тірі организмдердің құрылысын, қызметін, өсіп дамуын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі биологияны тірі табиғатты және оның құрамдас бөліктерін зерттейтін ғылымдардың жиынтығы деп атауға болады. Себебі биология ғылымының соңғы 30-40 жыл аралығында қарқынды дамуы кейбір биологиялық пәндердің (молекулалық биология, цитогенетика, биофизика, биохимия, молекулалық биология т.б.) жеке-дара ғылым ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызды.

Ботаника және зоологияның өсімдіктер мен жануарлардың құрылысын, даму ерекшеліктерін сыртқы ортамен қарым-қатынасын зерттейтінін білесіндер. Цитология, гистология, анатомия ғылымдары жасушалардың, ұлпалардың, органоидтердің құрылысын, қызметін зерттесе, физиология, биохимия ғылымдары организмдер тіршілігіне қажетті жасушада жүретін процестерді зерттейді. Генетика-тірі организмдердің тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтарын, ал эмбриология-организмдердің жеке дамуын қарастырады, олардың тарихи дамуын эволюциялық ғылым зерттейді.

Табиғат пен қоршаған ортаның және қазіргі дүние бейнесінің заңдылықтарын танып білудегі химиялық, географиялық, физикалық және басқа да білім салаларымен тығыз байланысты күшейтуге жағдай жасайды.

Бағдарлы білім беру бағдарламасы оқушылардың бойында біртұтас дүниетанымдық ұстанымды дамытуға бағытталған, сондай-ақ оқушылардың жоғары деңгейдегі жалпы мәдениетті және өз бетінше және кәсіби бағытын анықтайтын білім, дағды жүйелерін меңгеруге талпыныс жасауын қолдайды.

Бағдарламаның өзектілігі:

-Тірі ағзалардың жасушалық деңгейдегі құрылысын талдай отырып, құрылымын жіктеу.

- Жасушадағы физиологиялық үрдістердің жүзеге асуындағы күрделі өзгерістермен танысу.

- Тірі ағзалардың негізгі қасиеттері тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің биологиялық ерекшеліктерін талдау.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

-Мектеп бағдарламасынан тысқары тапсырмалармен жұмыс жүргізе білуді үйрету;

-Оқушылардың таным дағдысын дамыту;

-Өз білімдерін дұрыс жүйелеп пайдалана білуге дағдыландыру;

-Ақпарат кеңістігіндегі білімдерін дамыту;

- Креативті, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және топтық жұмыс істей білуге қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

- Биология ғылымының негізгі қағидалары, ағзалардың тіршілік әрекеттеріндегі үрдістері, ағзалардың тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік қасиеттерінің генетикалық құрылымы туралы туралы білімді қамтамасыз ету.

- Оқушылардың жалпы дүниетанымын қалыптастыруда биологиялық ұғымдарды, көзқарастарды, заңдылықтарды негізгі тірек ретінде пайдалана білу.

- Шығармашылық жұмыстар жазу барысында теориялық білімді пайдалану.

- Биология заңдылықтарын түсіндіру барысында күнделікті өмірмен байланыстыра

отырып, рухани құндылықтарын дамыту. Салауатты өмір салтына ынталандыру.

- Түйінді және пәндік күзиреттіліктерін қалыптастыру.

Оқушыларға биологиялық білім мен танымдық дағдыларды дамыту әдістемесі

Қазіргі білім беру парадигмасы білім беруді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуды да көрсетеді. Биологиялық білім беру шеңберінде бұл биология ғылымының қарқынды дамуын және оның тірі организмдер мен қоршаған ортаны түсінудегі маңыздылығын ескере отырып өте маңызды. Төменде биологиялық біліммен және оқушылардың танымдық дағдыларын дамытумен байланысты бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған әдістеме берілген.

Оқытуды ұйымдастыру:

Оқытуды ұйымдастыру процесінің басында бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне талдау жасалады. Бұл оқу бағытын анықтауға және осы мақсаттарға сәйкес келетін әдістерді таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, егер мақсаттардың бірі оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамыту болса, онда сыни ойлауды қолдайтын әдістер таңдалуы мүмкін,

мысалы, пікірталас немесе жағдайды талдау. Осыдан кейін таңдалған әдістер мен курс мазмұнына сәйкес келетін Оқу материалдары дайындалады.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін талдау: Оқу бағытын анықтау үшін бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін түсіну маңызды.

Оқыту әдістерін таңдау: мақсатқа жету үшін ең қолайлы әдістерді таңдау. Бұл интерактивті сабақтарды, зертханалық жұмыстарды, жобалық жұмыстарды және т.б. қамтуы мүмкін.

Оқу материалдарын дайындау: курстың мазмұнына және таңдалған оқыту әдістеріне сәйкес келетін оқу материалдарын әзірлеу немесе таңдау.

Оқытудың бірінші кезеңі-тақырыпқа кіріспе. Бұл кезеңде студенттерге бағдарламаның мақсаттары мен маңыздылығы ұсынылады. Олар биологияны зерттеу олардың қалыптасуы мен қоршаған әлемді түсінуі үшін неліктен маңызды екенін түсіндіреді. Содан кейін теориялық негіздерді оқыту жүреді. Бұл интерактивті сабақтар өткізуді, оқу материалдарын оқуды және биологияның негізгі ұғымдарын талқылауды қамтуы мүмкін. Соңында, студенттер алған білімдерін зертханалық жұмыстар, жобалар немесе далалық зерттеулер арқылы іс жүзінде қолданады. Мұндай іс-шаралар студенттерге білімдерін тереңдетуге және оларды іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Бағалау және түзету:

Әдістеменің маңызды құрамдас бөлігі оқу процесін бағалау және түзету болып табылады. Формативті бағалау студенттердің материалды түсіну деңгейін бағалауға және проблемалық сәттерді анықтауға мүмкіндік береді. Кері байланыс студенттерге өздерінің жетістіктері мен қателіктерін білуге және жақсарту үшін не қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бағалау және кері байланыс нәтижелері негізінде оқушылар оқу үдерісінен барынша пайда алуы үшін оқыту әдістемесі мен курс мазмұнына түзетулер енгізіледі.

Формативті бағалау: оқушылардың материалды түсіну деңгейін бағалау үшін жүйелі түрде тесттер, сауалнамалар немесе тапсырмалар жүргізу.

Кері байланыс: оқушыларға жақсарту үшін не қажет екенін түсінуге көмектесу үшін олардың жетістіктері мен қателіктері туралы Кері байланыс беру.

Бағдарламаны түзету: оқу нәтижелерін талдау және оқушылардан кері байланыс негізінде оқыту әдістемесі мен курс мазмұнына өзгерістер енгізу.

Әдістеме принциптері:

Әдістеме бірнеше принциптерге негізделген, соның ішінде оқушылардың белсенді қатысуы, оқытуды даралау, Контекстік оқыту, заманауи технологияларды пайдалану және сыни ойлауды дамыту. Бұл принциптер студенттерге бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін тиімді оқытуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар олардың танымдық дағдылары мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды:

Осылайша, оқушыларға биологиялық білім мен танымдық дағдыларды дамыту әдістемесі оқушыларға білім алуға көмектесіп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдану және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын жүйелі және жан-жақты оқытуды құруға мүмкіндік береді. Бұл олардың әрі қарай білім алуы және қазіргі әлемде сәтті бейімделуі үшін қажет.



Ұсыныстар.

Әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар

1. Дайындық және жоспарлау:

- Оқу бағдарламасына мұқият талдау жасаңыз және осы әдіс арқылы қол жеткізгіңіз келетін мақсаттарды анықтаңыз.

- Оқыту әдістерін, қолданылатын материалдарды және бағалау критерийлерін қоса, егжей-тегжейлі сабақ жоспарын жасаңыз.

2. Оқушыларды тарту:

- Интерактивті әдістерді, топтық жұмысты және талқылауды қолдана отырып, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырыңыз.

- Күнделікті өмірінен нақты мысалдарды, жағдайларды және мәселелерді тарту арқылы оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын сақтаңыз.

3. Әр түрлі топтарға бейімделу:

- Әдістемені оқытудың әртүрлі стильдеріне бейімдей отырып, оқушылардың жеке қажеттіліктері мен дайындық деңгейін ескеріңіз.

• Жетілдірілген оқушыларға қосымша материалдар немесе тапсырмалар беріңіз және қосымша көмекке мұқтаж адамдарға қосымша қолдау көрсетіңіз.

4. Бағалау және кері байланыс:

- Оқушылардың түсіну деңгейін бағалау үшін портфолио, жобалар, пікірталастар және тесттер сияқты әртүрлі бағалау әдістерін қолданыңыз.

- Оқушыларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге көмектесу және жақсарту мүмкіндіктерін көрсету арқылы тұрақты кері байланыс беріңіз.

5. Тұрақты жетілдіру:

- Студенттердің тәжірибесі мен кері байланысына негізделген өзгерістерге икемді және ашық болыңыз.

- Әдістемені оқушылардың өзгертін қажеттіліктеріне және оқу бағдарламасының жаңа талаптарына сәйкес үнемі жаңартып, бейімдеңіз.

Әдістемені оқу процесіне енгізу мұқият дайындықты, нақты оқу топтарына бейімделуді және үнемі жетілдіруді қажет етеді. Жоғарыда келтірілген ұсыныстарға сүйене отырып, сіз осы әдістемені сәтті енгізе аласыз және оқу процесін оқушылар үшін тиімдірек және қызықты ете аласыз.

Қорытынды.

Қазіргі заман білім саласының айтулы зерттеушісі, педагог, новатор Кен Робинсон /Ken Robinson/, бүгінгі білім беру жүйесіне креативтілік, сан алуандық қасиет жетіспейтіндігін жиі айтып келеді. «Болашақтың мектебі» атты кітабында ағылшын ғалымы былай дейді: «Балалардың қабілеті сан қырлы. Бірақ, біз оларға қасаң бір қырлы стандартта білім бергіміз келеді. Біз әлі күнге дейін аграрлық, өндірістік жүйеге негізделген орта білімнен арыла алмай келеміз. Бұл жүйе адамның сан қырлы интеллектуалын танудан гөрі жансыз өндірістің жүйенің қажеттіліктерін өтеуге ыңғайлы» [4, 211-218].

Бағдарламаны толық меңгерген оқушы өз бетінше күрделі тапсырмалармен еркін жұмыс жүргізуге дағдыланады. Жеке тұлға ретінде өз ойларын ортада ұсына алатын және оның математикалық деңгейдегі дәлелдемесін көрсете алатын деңгейге көтеріле алады. Шығармашылық ізденіс қабілеттілігі белгілі деңгейге көтеріледі.

Күтілетін нәтиже:

• оқуға деген ынтасын, геометрия деген оң көзқарасы мен қызығушылығын, танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын қалыптастыру;

• стандартты емес және қызықтылық сипаттағы тапсырмалар негізінде жобалау қызметі және өмірлік жағдайлардағы (құзыреттілік) мәселелерді шешу арқылы шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту;

• баланың тұлғалық қасиеттерін, яғни жауапкершілік, белсенділік, мақсатқа талпынушылық, жауапкершілік тәрізді қасиеттерін тәрбиелеу;

• қарым-қатынас мәдениетін, қоршаған ортаны қорғауда өзін белсенділігін көрсетуді, патриоттық сезімді тәрбиелеу, қазақ халқы мен елімізде өмір сүріп жатқан этностардың тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына және басқа байлықтарына құрмет көрсетуді, математика ғылымының дамуы барысында жинақталған құндылықтарға қатыстыру.

**Қолданылған деректер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.-2007 ж.

2. С.Көшімбетова «Оқу—тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін

пайдаланудың педагогикалық шарттары».-Алматы,2008 ж.

3.М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». -Алматы,2002 ж.

4. Робинсон, К. «Школа будущего». - М., 2014 ж.

5.Абылайханова, А.Қалыбаева, А.Пәрімбекова, Б.Үсіпбек, Е.Швецова «Биология « Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулығы ; Алматы «Мектеп « 2020. 1-2 бөлім.

6.А.Ф Ковшарь, Н.Г Асанов, А.Р Соловьева, С.А. Куприй Биология (ҚГБ) 11 (1-2 бөлім) «Атамұра» 2020

7.Т. Қасымбаева, Л. Аманжолова, Ж. Әкімов, Р.Сәтімбекұлы «Тіршіліктану»; Жалпы білім беретін мектептің 10-11-сыныптарына арналған оқулық; Алматы «Мектеп « 2002



## **МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ПРАКТИКУМ АРҚЫЛЫ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ**

**Дюсенова Шамшибану Аманжоловна  
Астана қаласы әкімдігінің «№ 82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, математика пәні мұғалімі**

Қазіргі кездегі білім беру үдерісі заман талабына сай тез өзгеріп, тез құбылуда. Оқытудың әдіс-тәсілдері сәт санап өзгеруде. Оқушылар да күнделікті өмірде, сабақтарда, білім додаларында, болашақ мамандықтарын таңдауда оқудың пайдасының зор екенін түсінуде.

Қазақтың аса көрнекті ағартушысы Міржақып Дулатұлы: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүние-ден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу...» демекші мұғалімнің өзі көп оқып, ізденіп, жаңа әдістерді пайдаланып оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырғанда, шәкірттермен бірлесіп зерттеулер жасағанда нәтижелі жетістікке жетеміз.

Қазіргі заман талабы қай елде болса да, мектептегі математика курсының практикалық бағдарының, функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейде болуының қажеттілігін айқындап отыр. Сол себептен пән бойынша білімді тереңдетуге арналған сыныптан тыс сабақты жүргізу бағдарламасын құрастыру маңызды болып отыр.

Білім беру үдерісінде қолдануға ұсынылған бағдарлама мемлекеттік білім беру стандартының талаптарымен және негізгі мектептің математика курсының негізгі бөлімдерімен, мазмұнымен сәйкестендірілген.

«Математикалық пәнінен практикум» бағдарламасының мақсаты: 9-сынып оқушыларының негізгі мектеп курсы бойынша білімдерін кеңейтуге, мемлекеттік емтиханға дайындалудың тиімділігін арттыруға арналған, орта мектепте білімін жалғастыру үшін жасалған «Математикалық практикум» бағдарламасын түрлі сандық ресурстарды пайдалана отырып нәтижелі жүргізу, оқушылардың қызығушылығын және пәнді терең меңгеруге мотивациясын арттыру.

Бағдарламаның өзектілігі – математика пәнінен оқушыларды сабақтан тыс қосымша сабақта есептер шығаруға қызықтыру, машықтандыру, ынталандыру мақсатында пайдалануға тиімді, интербелсенді, түрлі сандық ресурстарды бірге қарастырып, осы ресурстар көмегімен көптеген тапсырмаларды орындау дағдысын қалыптастыруға

бағытталған.

Шығармашылық жұмыстардың әр түрлі формаларын білім беру платформалары мен веб сервистерді, интернеттегі білім беру сайттарындағы іздеу жұмысының нәтижелерін ұйымдастыру сабақтан тыс уақытта оқушылардың жобалық іс-әрекетінің мүмкіндігін де дамытады.

Практикум бағдарламасы 34 сағатқа арналған және 5 модульден тұрады:

№	Мазмұны	Сағат саны	Жүргізілу түрі	
			теория	практика
1	Алгебра модулі	13	7	6
2	Геометрия модулі	6	3	3
3	Нақты математика	6	4	2
4	Күрделілігі жоғары тапсырмалар	6	4	2
5	Қорытынды сабақтар	3	-	3
	<b>Жалпы сағат саны</b>	<b>34</b>	<b>18</b>	<b>16</b>

#### Кесте-1. Бағдарлама мазмұны

1-модуль. Алгебралық тапсырмалар. Қарапайым және ондық бөлшектер. Санның стандарт түрі. Сандарды дөңгелектеу және салыстыру. Әріпті өрнектер. Мүмкін мәндер жиыны. Формулалар. Бүтін көрсеткіші бар дәреже. Көпмүшелер. Өрнектерді түрлендіру. Көпмүшелердің көбейткіштерге жіктелуі. Алгебралық бөлшектер. Алгебралық бөлшектерді азайту. Рационал өрнектерді түрлендіру. Квадрат түбірлер. Сызықтық және квадрат теңдеулер. Теңдеулер жүйесі. Бір айнымалысы бар теңсіздіктер және теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктерді шешу. Тізбектер және прогрессия. Рекурренттік формулалар. Прогрессия арқылы шешілетін есептер. Координаталық түзудегі сандар. Теңсіздіктер мен олардың жүйелерінің шешімдерін координаталық түзде көрсету. Функциялар мен графиктер. Формулаларға кіретін параметрлердің мәніне байланысты кейбір функциялардың графиктерінің координаталық жазықтығында орналасу ерекшеліктері. Шамалар арасындағы байланыс.

2-модуль. Геометриялық тапсырмалар. Үшбұрыштар, төртбұрыштар. Үшбұрыштардың теңдігі, ұқсастық. Үшбұрыштарды шешу. Аудан формулалары. Пропорционалды кесінділер. Шеңберлер. Іштей сызылған, центрлік бұрыштар.

3-модуль. Нақты математика. Пайыздар. Есептің шартына сәйкес математикалық модель құру. Практикалық есептеуге арналған мәтіндік тапсырмалар. Графиктер мен диаграммаларды оқу. Комбинаторика, статистика және ықтималдық теориясының элементтері.

4-модуль. Күрделілігі жоғары тапсырмалар. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Теңдеулер, теңсіздіктер, жүйелер. Функцияны зерттеу және график. Берілген функциялар. Модульмен график құру. Қозғалыс міндеттері. Қоспаларға, қорытпаларға арналған тапсырмалар. Күрделі пайыздар. Бірлескен жұмыс міндеттері. Модулі, параметрі бар тапсырмалар: функция графиктерін зерттеу, теңдеулер мен теңсіздіктерді параметрмен шешу. Квадрат үшмүшенің белгілері. Квадрат үшмүше түбірлерінің таңбалары.  $a$ ,  $b$ ,  $c$  параметрлері және квадрат үшмүшенің түбірлері. Геометриялық есептер.

5-модуль. Қорытынды сабақтар. Қорытынды тексеру жұмысын өткізу.


Модульдердегі тақырыптарды өтуде және тапсырмаларды орындау практикумында қолдануға ұсынылатын сандық ресурстар:

- <https://qazmath.net/>,
- <http://kazbilim-edu.kz>,
- <https://Twig-Bilim>,
- <https://www.flippity.net/>
- GeoGebra
- <https://nearpod.com/>



<https://learningapps.org/>  
<https://qalan.kz/>  
<https://padlet.com/>

Әр модульді аяқтағанда білімді тексеру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың білімін бағалау оқу сапасын жақсартып, орындалатын жұмыста бір-біріне көмектесуге, қолдау көрсетуге, түсіндіруге, кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылардың бойында алға даму мен жауапкершілігі артады.



Сурет-1. Оқушылардың тапсырмаларды орындау сәтінен.

Аталған платформаларға жеке тоқталып өтетін болсақ:

<https://qazmath.net/> платформасында теориялық білімді қосымша авторлар М.И. Сканави, И.П.Рустюмова әдебиеттерінен алған тапсырмалар бойынша практикада бекіту өте ыңғайлы.



Сурет-2. АКТ құралдарын пайдалану

<http://kazbilim-edu.kz> ресурсынан көптеген тапсырмалар алып орындауға болады. Декарттық координаталар жүйесіндегі түрлендірулерді Twig-Bilim нің көмегімен орындауға машықтандық.

<https://learningapps.org/> көмегімен тақырыпты өткен күні түсіну деңгейін сәйкестендіру тапсырмаларын орындау арқылы тексерген өте тиімді.

<https://mathsolver.microsoft.com/>, GeoGebra ресурстарында геометриялық есептерді орындаған өте ыңғайлы.

<https://www.flippity.net/> ресурсында «Миға шабуыл», викториналық сұрақтар, сөзжұмбақтар орындап, activate арқылы дұрыс шешімдерін көрсету – сабақта сергіту сәттерін өткізген кезеңінде жақсы шабыт, ахуал тудырады.

Гугл платформасында да тексеру жұмыстары орындалды, әр оқушыға есептің қай кезеңінде қате кеткенін жазып жіберіп, дұрыс шешімін табуына мүмкіндік беріледі.

[Qalan.kz/](https://qalan.kz/)ресурсы өте тиімді ресурс, бұл платформада тақырыптың түсіндірмесі де,



Сурет-3. Тестілеу тапсырмаларының жауабын тексеру жолдары

тапсырмалары да әр оқушыға жеке нұсқамен құрылады, тексеріліп нәтижелер рейтингісі де көрсетіледі. Сабақ барысында оқушылар шапшаң шығарып, қанша пайызын дұрыс орындағанын бірден көріп, түсінбеген жерін қайта пысықтауға мүмкіндіктері бар.

Бұл практикум оқушыларды жаңа идеялар мен әдістермен таныстыруға, меңгерген материалдардың мазмұнын кеңейтуге және қызықты мәселелерді шешуге көп мүмкіндік береді.

Бағдарламадағы тақырыптар, тақырыптарға берілген практикалық тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына, ой-өрісінің ұшқырлығына, шығарымпаздық машығының дамуына дәнекер болатын, бірлесіп, топпен, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруда маңызы өте зор және мектеп оқулығында қамтымай қалған қажетті материалдарды оқушыларға толығырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Математикалық практикумды сандық ресурстар көмегімен өткізгенде бірнеше жылдар бойы оқушылардың мектептегі, түрлі білім, интеллектуалдық жарыстарда жеңіске жетуіне және сандық ресурстарды шебер пайдаланғандықтан, мамандықты таңдауда да, жоғары оқу орнына түсу барысында да пайдасын байқадым.

Атап өтсек, 2019 жылдан бастап пәндер бойынша алынған тапсырмаларды орындауда жоғары көрсеткіш көрсетіп, жүлделі орындар иеленген және ЖОО гранттарына түскен оқушыларым: Ринатқызы Амина, Мұстафа Абылай, Әкебек Сұлтан (қалалық пәндер олимпиадасында), Ерғалиұлы Мерей («Алтын түлек», Президенттік олимпиадада) Маханбет Ерсерік (STEM олимпиадасында), Аңсат Нәзік (Республикалық ғылыми жобалар сайысы Рахматулла Нұрсұлтан, Дүкен Айбар, Әділ Әлім (педагогикалық олимпиадада), Оспан Мирас, Олжаев Ербол, Өскен Ақбота, Хабидулла Дидар, Нүсіпжан Жанасыл, Төребеков Медет, Катаева Арайлым (жоғары оқу орындарының IT мамандықтарға грант).

Қазіргі кездегі ең өзекті қабілеттер жиынтықтары: функционалдық сауаттылық, сандық платформалар арқылы құндылыққа негізделіп беріліп жатқан терең сапалы білім – оқушыларымыздың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алуына әбден септігін тигізеді деген ойдамын.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, сабақты ғана емес оқушыларды қосымша дамыту сағаттары – арнаулы курстарды, элективті курстарды заман талабына сай жаңашылдыққа негіздеп, креативті ойлатып, коллаборативті ортада өткізгенде жетістіктің жаңа бір белестеріне жетуге болатынына көзіміз жетті.



## ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Ерназар Шынар Қаржаубайқызы  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицейі» КММ, қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі

Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен.

Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Сондықтан оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, құндылыққа бағытталған білім бере отырып, функционалдық сауаттылығын дамыту – заман талабы. Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын адамдық қасиеттер мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы.

Сондықтан құндылықтар Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында да қамтылған. Олар:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу.

Құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылыққа үйретудегі мақсатым – қазіргі тез құбылмалы әлемде оқушылардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ету.

Шетелдік ғалымдар да құндылыққа негізделген білім беру тәсілінің оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық жай-күйіне ғана емес, оқу үлгеріміне де оң әсер ететінін айтады. Құндылыққа негізделген білім беру мектептің ішкі климатын жақсартып, оқушылардың жан-жақты жетілуіне қолайлы орта құруға бағытталған.

Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: – Егер біз бүгін балаларымызды кешегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз, – деген ойын ескере отырып, оқушы бойында қажетті құндылықтарды дамыту үшін бірлескен іс-әрекеттер, тиімді әдістер мен саралау тәсілдерін қолдану қажет.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі күн талабы. Сондықтан өзім сабақ беріп жүрген сыныптарымда оқушыларымыздың өз бетінше ізденуіне, ойлануына, есте сақтауына, ынтасына, белсенділігіне, өз пікірін айтуына көңіл бөліп, қабілетті, білімді оқушы тәрбиелеу мен оқыту мақсатына жетудің тиімді нақты жолдарын іздестіремін. Әрбір сабағымда оқушылармен тығыз байланыста болып, оқушыны басты тұлға ретінде, ал өзім бағыттаушы екенімді естен шығармауға тырысамын. Оқушылар сабақ барысында өз беттерінше шешім қабылдап, қарым-қатынас жасап, кез келген мәселені дұрыс шешуге тырысады. Сыныптағы оқушылардың білім деңгейлеріне қарай, ой-өрісін дамыта отырып, түрлі тапсырмалар жұмыстарын көбірек қолдануға көңіл бөлемін.

Оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болғандықтан, қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері



арқылы іске асады. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Қазақ тілі сабағында құндылықтар негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдарына оқу сауаттылығын тексеруге арналған тапсырмалар жатады, олар сабақтың әр кезеңінде қажеттілігіне қарай мәтінмен жұмыс барысында жүзеге асырылады. Мысалы, «Ақселеу» мәтінімен танысу барысында оқылым алдындағы тапсырмаға мәтін тақырыбын ашуға бағытталған сөздерді беріп, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қоямын. Мысалы: Ақселеу, Достық, Азамат, Қамқорлық.

Осы сөздер бойынша оқушылар мәтіннің кім туралы, не туралы болатынына болжам жасайды.

Мысалы, Ақселеудің достыққа адалдығы, қамқорлығы, азаматтығы туралы мәтін болуы мүмкін деген сияқты болжамдарын айтады.

Оқылым барысындағы тапсырмада оқушылар мәтінмен танысып, жалпы мазмұнын түсінуге бағытталған, нақты ақпаратты табуға арналған тест тапсырмасын орындайды. Бұл тапсырмалардың барлығы – құндылықтарға негізделген тапсырмалар. Атап айтсақ, құрмет, ынтымақтастық құндылықтары қамтылады.

Ақселеу

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді.

- Ақселеу, қаш, әне, ит келіп қалды!- деп, Абыз айғайлап жүгіре жөнелді.

- Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды. Абыз Ақселеудің жанына келіп:

- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің,- деді.

- Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмайтын сен тұтылып, мен құтылатын едім. Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым,- деді Ақселеу.

- Ақселеу бала да болса, азамат екен!- деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп.

Мәтін бойынша тест тапсырмасы

1.Мәтінге сәйкес ой

А.Нағыз дос басыңа қауіп түскенде білінеді

В.Достар әрқашан бірге жүреді

С.Аңқау бала ештеңе істемей тұрып қалады

Д.Батыл бала қорқып қашпайды

2.Ақселеудің мінезіне лайықты сөздер тобы

А.Жұмсақ, аңқау, ашық ауыз, жуас

В.Мейірімді, батыл, бауырмал, азамат

С.Тұйық, қыңыр, сараң, қорқақ

Д.Пысық, сөзшең, арам, қу

3.Мәтіннің тақырыбы

А.Батылдық

В.Қулық

С.Достық

Д.Туған жер

Оқылым тапсырмасына мәтін мазмұнын қалай меңгергендігін «Дұрыс, бұрыс» кестесі арқылы анықтауға болады.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Екі достың денсаулығы нашар болды		-
2	Екі достың бірінің денсаулығы жақсы болды	+	
3	Денсаулығы жақсы дос ауру досын құтқарды		
4	Денсаулығы нашар бала досына ренжіді		
5	Олар – нағыз достар		

Оқылымнан кейінгі тапсырмада оқушылар кейіпкердің әрекетін сипаттап, оқиғаға баға беріп, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, эссе жазады. Эссе тақырыбын бергенде оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай болуын басшылыққа аламын. Ол үшін оқушыларға эссе тақырыбы берілгеннен кейін, дескриптормен таныстырамын.

- тақырыпты түсіну – 1 ұпай;
- ойын, көзқарасын жүйелі жеткізу - 1 ұпай;
- ойын өмірмен байланыстыра отырып, қорытынды жасау - 1 ұпай;
- сауатты жазу (стиль, грамматика, пунктуация) – 1 ұпай.

Оқу сауаттылығын арттыру мақсатында мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушы құндылықтарды анықтап, мәтіннің негізгі идеясын тауып, өзіндік көзқарасын білдіріп, өмірмен байланыстыра отырып, қорытынды жасауға үйренеді. Яғни құндылықтар негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытамыз.

Оқылым барысындағы тапсырмада мәтінді оқып, танысып, тест тапсырмасын орындайды.

Сарыарқа

Кең байтақ қазақ жерінің бір бөлігі –Сарыарқа. Сарыарқа Қазақстанның ұлан-ғайыр жерін алып жатыр. Шығысын шөлге беріп, төрт құбылысын желге беріп керіле созылып жатқан сары дала Сарыарқа атауы – халық атауы. Арқадай кең көсіліп жатқан сары дала қайталанбас тамылжыған табиғатымен кімде-кімді тамсандырады. Сарыарқаның төсінде соғатын самал жел лебінің өзі есіп қоя бергенде, өзіңді тамаша күйде сезінесің. Сағым ойнаған сары даланың самал желі ғана емес, табиғатының өзі керемет. Мұнда тұңғиығы тұнжыраған көлдерді, арналы өзендерді, аласа тауларды, сарғайған сары шөптерді, жазық даланы көруге болады. Табиғат адам жанына жылулық, сұлулық өміріне мән сыйласа, Сарыарқа жері, табиғаты сол сияқты өміріне мән сыйлайды. Таңғажайып табиғаты көңіліне бір кірбің түсірмейді. Осынау кең дала, сағым ойнаған самал желі туралы қанша айтсақ та сөзіміз таусылмас.

1. Мәтіннің негізгі ойы

- А)Туған жер - алтын бесік
- В)Отан оттан да ыстық
- С)Жігітке жеті өнер де аз
- Д)Туған тілің - тірегің

2. Мәтін мазмұнында қамтылған құндылықтар

- А) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік
- В) құрмет
- С) ынтымақтастық
- Д) еңбек пен шығармашылық

Оқылымнан кейінгі тапсырма

3. Жұбыңмен кең-байтақ Сарыарқа жері

туралы диалог құрастырыңыз.

Дескриптор:

- диалог құрылымы;
- ауызша сөйлеу мәдениеті;
- ой айқынддылығы;
- сөз дәлдігі



Мұнда қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық құндылықтары қамтылады. Мәтінде алған мәліметтерін диалогқа түсу барысында қолданып, функционалдық сауаттылығы дамиды.

Әр сабақта тапсырмаларды құндылыққа негіздеп, оқушыға өз бетінше қорытынды жасатып, функционалдық сауаттылығын арттыруға жүйелі жұмыс жүргізіліп отырса, оқушының жан-жақты дамуына ықпалы зор.

Білім алу үдерісінде мұғалім оқушыға тек білім беріп қана қоймай, ұрпақ бойына құндылықтарды сіңіру, оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдануына бағыттау мұғалімге байланысты. Сабақта әрбір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып отыру арқылы бүкіл табиғаттың, қоршаған ортаның сырын, өз туған өлкемен байланыстырып өту баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді.

Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді. Бұл әрекеттер арқылы құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу құндылықтары қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Ұлы Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дегеніндей, егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игертуге, құндылықтарды ұрпақ бойына дарыту ұстанымына негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

2. Ә. Әлметова. Оқытуда интерактивті әдісті қолдану // Қазақстан мұғалімі. — 2003, 120 б.

3. В. Шаталов. Сызба және белгілер моделі негізінде оқытудың технологиясы. // 2002, 115 б.

4. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері», Астана, 2013ж.







## ХИМИЯ САБАҒЫНДА АКТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМІН АРТТЫРУ

Оскенбаева Гульнира Ниязбековна  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицейі» КММ,  
химия пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда сабақта түрлі әдістер мен платформаларды қолдану, жаңа инновациялық тәсілдерді ұтымды қолдану тәжірибелі мұғалімнің сабақ сапасын арттырады. «Ақыл тек білімде ғана емес, сонымен бірге білімді іс жүзінде қолдана білуде де жатыр» деп Аристотель айтқандай оқытып ғана қоймай, тәжірибеге көбірек көңіл аудару маңызды. Себебі, заманауи ұрпақ ақпараттандыру дәуірінде, ақпараттардың үздіксіз ағыны кеңістігінде өмір жатыр. Ақпараттық қоғам жаңа ұрпақтарды өз бетінше, белсенді әрекет етуге, шешім қабылдауға, өмірдің өзгермелі жағдайларына икемді түрде бейімделуге қабілетті болуына мүдделі. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті кәсіби мамандарды даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады.

Химия пәнінде оқушылардың қызығушылығын жеткілікті түрде анықтап, оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмалар беріледі. Ақпараттық технологияны пайдалана оқытуда тапсырмалар құрастыру, түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалану оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастырып, сол арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты көздейді. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

- зертханалық тәжірибелер;

- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақ – мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Химия пәнінде де белсенді әдіс-тәсілдер үнемі қолданылады. Себебі, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың оқуы қызықты жеңіл өтеді, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, білімдері тереңдейді, әрі тиянақтылықтары артады.

Химия пәнінен білім беру үрдісін ұйымдастыруда төмендегі әдістемелік тәсілдерді қолданған тиімді: оқытуға жүйелік іс-әрекеттік, практикаға бейімделген тәсілдер басымдылығы; химиялық экспериментті жобалау-зерттеу іс-әрекеттерінің рөлі мен орнын күшейту; оқу әрекетінің репродукциялық түрлерінен дербес іс-әрекет жасауға, іздеу-зерттеушілік жұмыс түрлеріне, аналитикалық әрекеттерге басымдық беру, жобамен айналысу осыған байланысты оқушылардың бойында аналитикалық қабілеттер, түйінді құзыреттіліктер қалыптастыру ерекше көңіл бөлу; оқытудың интерактивті түрлерін, қазіргі заманғы ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Қазіргі уақытта қолданыста жүрген 25-ке жуық оқыту технологиялары, 40-қа жуық сабақтардың түрлері бар. Оқу үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялар қолданылып жүр.


Химия пәнінің ерекшелігі, сабақты тек түсініп қана қоймай, нақтылайтын заттың формуласын, оның құрылысын, ерекшелігін, физикалық қасиеттерін салыстыра білу керек, сабақ барысында химиялық реакция теңдеулерін жазып, оған есеп шығарып, сонымен бірге тәжірибені орындауға уақыт бөлу керек. Орындаған тапсырмаларға түсініктеме бере білу де маңызды. Осының барлығын бір сабақта орындап үлгеру үшін сабақта әр түрлі АКТ технологияларын қолданамын. Мысалы, топқа бөлу үшін мен «The Hat» платформасын пайдаланамын. Оның ерекшелігі, бұл ойынға сыныптың толық тізімі кіргізіледі. Сыныпты неше топқа бөлсеңіз де, мүмкіндік бар. Құрылғыны қосқанда арнайы әуен арқылы электронды түрде оқушыларды аты-жөні шығады, сол бойынша оқушылар топқа бөліне қалады. Сабақты сұрағанда да, ойынды қосқанда да, оқушының аты-жөні шығады, оқушы орнынан тұрып жауап береді.



1-сурет- «The Hat» программасында оқушыларды топқа бөлу



Оқушыларға бұл платформа қызықты және олардың арасында әділдік тудырады. Сонымен қатар, уақытты үнемдейді. Жаңа сабақты өткізу үшін, әрине, тәжірибелер қажет болады, ол үшін электронды видеокөрсетілім пайдаланған тиімдірек болады.

Сабақты қорытындылау үшін «Quizizz» платформасы мен үшін қолайлы, себебі тапсырмалардың түрлендіруге мүмкіншілік бар, оқушы дұрыс емес жауабын көре алады, өзін бағалай алады, тапсырмалар сақталады және уақытты үнемделеді. Бұл платформада сабақты әр түрлі форматта өткізсе болады. Мысалы, топқа бөліп немесе жеке жұмыстарда ойнатса, оқушыларды бақылап кімнің сабаққа ат салыса қатысып отырғанын, кімнің сабаққа жақсы дайындықпен келгенін көруге болады. Оқушыларға бұл форматта өткенде сабаққа деген қызығушылықтарын туғызады.




1-2-сурет- «Quizizz» платформасында тапсырма құру

Сабақ барысында күнделікті оқушыны жеке бағалау үшін, «Liveworksheets» платформасы өте ыңғайлы және тиімді. Бұл платформада формативтік бағалауға ыңғайлы, себебі 10 баллдық жүйемен құрастырасыз. Тапсырманы түрлендіре алуға және тест тапсырмалары, сөйлемді толықтыру, сәйкестендіру, сурет бойынша жұмыс жасау, анықтау тапсырмаларын құрастыруға мүмкіндік жасалған. Оқушы сілтеме арқылы кіріп орындап, жауап бергеннен кейін, бағасы дереу шығады, оқушы өзінің бағасын және қай жерде дұрыс орындалмағанын көріп, кері байланысқа қол жеткізеді.



3-4 сурет- Liveworksheets» платформасында оқушыларды бағалау

Химия сабағында біз теория мен қоса есеп шығаруымыз керек, сондықтан әр оқушыға есепті жекелей тапсырма бере отырып, оны тексеру мүмкіндігі бар платформа «Jamboard» тақтасы. Бұл платформада әр тақтаға әр оқушының аты жөні жазылып тапсырма беріледі, оқушы өз тақташасын ашып, есептерді шығарады. Бұл тақтаның ерекшелігі тапсырмалар сақталып тұрады, мұғалім тексергеннен кейін дұрыс емес жерлерін көре алады. Сонымен бірге сіз қанша есеп берсеңіз, барлық оқушы сол есептердің орындалуын көре алады. Бұл платформа уақытты үнемдей отырып, есептің көптеген түрлерін шығаруға мүмкіндік береді.



5-6-сурет- «Jamboard» тақтасында есептер шығару

Интерактивті тақтаның оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Химия пәнінде интерактивті тақтамен жұмыс жасаған ыңғайлы. Сабақ бойынша рефлексия жасағанда «Jamboard» тақтасы мен «Padlet.com» тақтасы көмекке келеді. Себебі оқушы рефлексия жасап үлгермесе, немесе сіз тыңдап үлгермесеңіз, кейінірек оқуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, тақтадағы жазған мәселелер сақталып қалады.

Химия пәнінде жаңа сөздер мен терминдер жиі кездеседі. Сөздерді есте сақтауға арналған тамаша платформалардың бірі «Quizlet» деп аталады. Сіз дайын карталар жиынтығын қолдана аласыз немесе сөздердің жеке қорын жасай аласыз. Платформа сонымен қатар түрлі тесттер, ойындар мен қосымша функцияларды ұсынады. Интерактивті тақтада бүкіл сыныппен жұмыс жасай алуға мүмкіндік бар немесе сілтеме арқылы виртуалды сыныптағы әр оқушыға жеке тапсырмалар беруге болады.

Барлық пән мұғалімдері жиі пайдаланатын оқушылардың тақырыпты терең түсінуге көмектесетін АКТ түрі -бейнекөрсетілім. Қызықты химиялық тәжірибелерді көрсетеуге суретті (сызбаны) түсіндіру мүмкіндігінде пайдасы зор. Мысалы, суретке байланысты қандай заттар молекулалық, атомдық, иондық немесе кристалдық торды құрайды және затты атауға немесе пештің құрылымы мен жұмысын түсіндіруге тиімді. Көптеген



бейнематериалдарды ғаламтор желісінен алуға болады.

Оқушылар критикалық ойлауды қолдана отырып, сабақты өмірмен байланыстырып көрсетеді. Әр түрлі бейне тәжірибелер арқылы сабаққа ынталандыра отырып, олар өз ойларын айта білуге, сөз қорын дамытуға, шығармашылық жұмыс істей алуға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Бір-бірімен оқушылар пікірталасқа түсіп, көрсетілім бойынша талқылауда жасайды.

Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды. Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде, сабақ берген сыныптар бойынша білімнің тұрақты сапасы инновациялық технологияларды қолданғаннан кейін сыныпта оқушылардың 70-80% сабаққа деген қызығушылығы артты. Алайда, сабақта үнемі технологиялық, инновациялық әдістерді пайдалану толығымен сабақтағы мәселелерді шеше алмайды. Бұл әдістер дәстүрлі формадағыдай емес, оқушыларды оқу әрекетке тарту болып табылады. Сондықтан, әр мұғалім өз сабағына үлкен жауапкершілікпен қарап, тиянақты дайындалуы қажет.

Қазіргі таңда заман ағымына сай оқытудың инновациялық әдістерін пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге немесе тыңдауға, алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқушының өздігінен жұмыс істеуіне ықпал етуге болады. Оқушылар өздері де алынған ақпараттарды көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады. Мұның барлығы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушылардың жүйелі ойлауларына, құндылық бағдарламалардың қалыптасуын туғызады. Ендеше, оқушылардың дүние танымын кеңейтудің, олардың белсенділік қабілетімен біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалана отырып жұмыс жасау арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, ақыл ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алған білімдерін тәжірибелік іс әрекетке қолдана білуге үйренеді және функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, орындалған жұмыстарының нәтижелерінің бағалануы негізінде әрбір оқушының жеке дара даму деңгейін анықтап беретін, ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттілігінің көрсеткіші ғана емес олардың жан жақты дамуы мен болашақтағы мамандығына дұрыс таңдау жасай алу жолдарында ерекше орын алады. Бұл оқушылардың уақыт талабына сай маман болып тәрбиеленуі мен білім алуына негіз болатыны сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық
3. М.Ж.Жадрина. Жалпы білім берудегі жаңа үрдістер. // Открытая школа, №5, 2004



## «ОТАН ТАРИХЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Сулейменов Еркебулан Тасболатович,  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған лицей» КММ, тарих  
пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші**

Қазіргі таңда бүкіл әлем жаңғырып, жылдам дамуда, сол үрдістен қалмай, үнемі заман талабына сай алға қарай ұмтылу керек. Осындай заманда білім саласына еніп жатқан өзгерістер, жаңадан еніп жатқан инновациялар болашақ ұрпақты білім алуда және тәрбиелеуде, алған білімдерін өз тәжірибесінде пайдалануға бағытталған. Кез келген білім мекемесінің мақсаты-білім сапасын арттыру. Оқу үдерісі келесі өзара байланысы бар құрылымдардан тұрады: мұғалімнің қызметі, оқу мақсаттары, мазмұны, білім алушылардың қызметі және нәтижесі. «Отан тарихын» мектепте оқыту не үшін маңызды және өзекті? Ең біріншіден менің ойымша әр оқушы өз елінің тарихын білу керек. Ежелгі заманда, орта ғасырларда, жаңа заманда, қазіргі уақытта болып жатқан оқиғаларды оқып өз еліміздің құрылу тарихы туралы мағлұматтарды білгені өте маңызды. Тарихты оқу адамдарға өткен ғасырларда қоғамның қандай болғанын түсіндіруге болады. Мысалы, біз өткенді сол кезде болған оқиғаларға қарап бағалай аламыз.

Еліміздің тарихын зерттеу сонымен қатар білу әрбір мемлекет үшін маңызды. Жалпы тарихтың бастауы да отандық тарихты білуден басталады. Отандық тарихты оқу патриотизмге жетелейді. Тарихты зерттеу арқылы тек өткенді ғана емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды, мәдени байлықтарымызды, рухани мәдениетімізді бағалауға болады. Қаншама ғасыр тарихты оқи отырып біз өткеннен сабақ ала аламыз.


Отан тарихы бағдарламасының мақсаты оқушылардың тарихи білімдердің өздігінен шығармашылық ізденуі арқылы тереңдету, тарихи мағлұматтарды іздеу және жүйелеу қабілеттерін дамыту. Оқушаларда ғылыми көзқарас қалыптасу керек. Отан тарихы бағдарламасының мазмұны бойынша менгерілуге тиістібілім мен білікке қойылатын негізгі талаптар:

- Тарихи деректер бойынша ежелгі тұрақтарға сүйеніп мағлұмат беру.
- Тас ғасырдың үш кезеңін деқандай тарихи өзгерістер болғанын түсіндіру.
- Тарихи мезгілдер ретінде қола дәуіріндегі ежелгі адамдардың өміріне әсер еткен себептерді мысалы егіншіліктің пайда болуын меңгерту.
- Қазақстан территориясында мекендеген тайпалардың алғашқы мемлекеттер құрылуын ертедегі тарихи жазба жұмыстары арқылы таныстыру.
- Қазақ халқы және оның тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныстыру.
- Қазақ халқының қалыптасуын тарихи деректер арқылы түсіндіру.

Жалпы білім сапасын көтеру мақсатында тиімді әдіс тәсілдерді пайдалану оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жетелейді.

Тарих пәні мұғалімдері білім беру ұйымдарында өзінің оқыту әдістемесінің мазмұнына аса мән беру керек, сонымен бірге өз біліктілігін әрдайым жетілдіріп отыру қажет. Қазіргі кездегі білім саласында болып жатқан жаңалықтардан қалмай, өмір бойы білім алу қағидатын ұстана отырып, жаңа бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал жасау керек. Қазіргі таңда орта білім беру ұйымдары өз келбетін үнемі өзгертуде. Бұл ең алдымен бүкіл қазақстандық білім берудегі өзгерістерге байланысты. Білім сапасын арттыруда «оқушының үнін» ескеру арқылы мұғалімдер алдағы уақытта қандай сабақ өткізу, қалай оқыту керектігі туралы ойланғаны дұрыс болады. Сабақтарына білім алушының көзімен қарап, өз сабағын сараптауға мүмкіндік алады. Бұл сабақтың берілу

сапасына жағымды ықпал етеді. «Отан тарихы» бағдарламасын жүзеге асыруда, оқушылар ұсынылған мәліметтер арасынан ең қажеттілерін таңдап алып, қосымша материалдарды жинақтау арқылы курс бойынша құрастырылған тапсырмалар арқылы өз ойларын ашық айта алады, өз іс әрекетіне қорытынды жасай біледі, шығармашылықпен жұмыс жасайды. Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік деңгейіне тоқталатын болсақ, жаңашылдық немесе қолданыстағы бағдарламалармен салыстырғанда осы бағдарламаға еңгізілген жаңа түсініктемені қалпына келтіру мақсатында ұсынылған авторлық бағдарлама жаңартылған білім мазмұнына сүйене отырып жасалған. Білім беру немесе оқушылармен жұмыс істеу процесінде қамтылған әдістер: ассоциация, блиц сұрақтар, топпен жұмыс, кім жылдам?, тарихи сынақхат, жылдар сөлейді, бірге ойлаймыз, уақыт капсуласы т.б.

<p><b>2-тапсырма: Ассоциация</b></p>  <p>I топқа. «Ерте палеолит дәуірінің ескерткіштері» II топқа «Палеолит дәуіріндегі тас құралдар» III топқа «Жоғарғы палеолит»</p>	<p>Жасаған тұжыры мдамал ық картасы н қорғайд ы</p>	<p><b>7-тапсырма: Блиц-сұрақ.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геродот Қазақстанның ежелгі тұрғындарын қалай атаған?</li> <li>2. Сақтардың негізгі шаруашылығы қандай шаруашылық болған?</li> <li>3. Сақтардың өмірінде көлік ретінде маңызды орын алған төрт түлік?</li> <li>4. Шөлді және шөлейт жерлерде қандай мал асыраған?</li> <li>5. Парсылар Жетісуды мекендеген сақтарды қалай атаған?</li> <li>6. Шірік - Рабат қонысы қазіргі қай облыста орналасқан?</li> </ol>
--	---	---

Қазіргі білім беру мазмұны жеті құндылық негізінде тәрбиелеуді қажет етеді. Әрине көрнекілікпен оны жүзеге асыруды пәннің оқу мақсатын аша алатындауы болуы тиіс. Мәселен сабақ өту кезінде мұғалім мен оқушы арасында байланыс, белсенділікті арттыру мен сапаны жақсартуға бағытталуы тиіс. Сондай ақ сабақты жоспарлау, оның құрылымын реттеу жүйелілікті талап етеді. Сабақтың құрылымы сапалы және жүйелі құрылса онда сабақтың тақырыбының ашылуы және мақсатқа жету оңай болады. Ал бұл өз кезегінде оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мұғалім сабақты жоспарлағанда оқыту нәтижесі болып табылатын оқу мақсаттарына ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды кіріктіре отырып, сабақты ұйымдастыру ұсынылады. Тарих пәндерінің тәрбиелік әлеуеті өте жоғары, оқушылар сабақта тек ғана теориялық білім алып қоймай сонымен бірге Отанына деген патриотизмі артады. Отаны мен тарихын әрдайым мақтан тұтатын азамат болып қалыптасады. Сол үшін мұғалімдерді тек сабақ немесе факультатив жүргізу емес, сыныптан тыс тәрбиелік мағынасы жоғары іс-шараларды ұйымдастыруға ықпал ету қажет. Орта білім ұйымдарында тарих сабағымен қоса Отан тарихын өткізген кезде сабақтың оқу мақсаттарының орындалуын жүзеге асыру керек. себебі теориялық білімді тәжірибеде ұштастыра алуға бағыттай білу бұл ұстаздың шеберлігі деп санаймыз. Егер оқушы оқытудың мақсаттарын сезбесе оның материалды толық меңгеруі мүмкін болмайды. Сондықтан, оқушылар өз бетінше оқу іскерліктері мен машықтарына жаттығу жасауы да маңызды. Осы жайында Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым Т.Тұрлығұлов: «Сабақты дайындауға қойылатын бір басты талап – іріктелген тарихи материалдардың оқушыларға моральдық тәрбие берудегі рөлін толық түсіне білуі жастардың санасы мен жүрегіне, сезімі мен эмоциясына терең әсер ету үшін оқушылардың тарихи материалды түсіне отырып, жасаған қорытындысы – олардың ойланып – толғануының нәтижесі болуы тиіс» деп тұжырымдайды.

Отан тарихы курсы оқытуда мұғалім әртүрлі қосымша әдеби оқулықтар мен қосымша ақпараттарды сабақ процесіне қолдануға болады. Мұнда жеке тұлғаның білім алуға деген көзқарасын тәрбиелік тұрғыдан ашуға мүмкіндік аламыз. Оқушыны патриотизмге тәрбиелеуде тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі мен еліне сіңірген ерекше еңбегін көрсететін тарихи деректердің маңызы зор. курс мақсатының бірі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру және дамытумен сипатталады. Қазіргі жағдайда жеке тұлғаның сапалы білімін қалыптастыру үшін ең бастысы тарихи дереккөздермен немесе тарихи концептілер негізінде жұмыстарды



үлестіруміз керек. Себебі, жеке тұлға тақырып аясында мағлұматты кеңінен қабылдап, оған деген өзінің көзқарасын білдіре алады. Осы орайда жеке тұлға пән бойынша ең ауқымды тақырыпты оңай игеруге немесе оған деген болжамдық жауаптарын айтуға мүмкіндік алады. Қосымша ақпараттар мен дереккөздер арқылы тапсырманы орындауда жеке тұлға қол жетімді материалдарды қабылдай отырып, ізденуге, талдауға, өзіндік пікірін қалыптастыруға, шамадан тыс материалмен жұмыс жүргізуге мүмкіндік болады. Егерде мұғалім жеке тұлғаға қосымша материалдар мен дереккөздерді үлестірмей, тақырыптың аясында оқулықпен ғана шектелетін болса, онда жеке тұлғаның танымдық қабілетін ашуға ықпалы болмайды. Ал, бұл бірінші кезекте жеке тұлғаны бір оқулық аясында ғана шектеумен теңеледі. Яғни, теориялық білімді білім алушы тұлға қоғамдық өмірде қолдана алатындай болуы тиіс

Жеке тұлға ретінде білім алушыға сапалы білім беру үшін жан-жақты тақырып аясында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тұлғаның пәнге деген қызығушылығын арттырумыз қажет. Заманауи білім беру жүйесінде әдіснамалық негізінде екі тәсіл айтылды: жүйелік, белсенділік және құзыреттілік. Егер біз құзыреттілік тәсілді және белсенді оқытуды игеру тәсілін салыстыратын болсақ, онда олар бір-біріне қарсы тұрмайды. Алайда, егер біріншісі оқу нәтижесі ретінде білім алушылардың пәндік білімдері мен дағдыларын қалыптастыруды көздесе, екіншісі білім мен дағдыларды практикалық іс-әрекетте қолдануға баса назар аударады. Құзыреттілік тәсілі негізінде білім нақты, икемді және қолжетімді болуы керек және «мен мұны білемін» декларативті ғана емес, сонымен қатар процедуралық «мен қалай білемін», сондай-ақ құндылық-семантикалық сипатқа ие болуы керек. «Мен неге екенін білемін». Оқытудың негізгі нәтижелері ретінде жүйелік-белсенділік тәсілі және білім беру білім алушыларға тиесілі әмбебап оқу іс-әрекеттерінің жүйесін анықтайды. Білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеруі оларға жаңа білімді, іскерлікті табысты меңгеруге және қолдануға және құзыреттілікті іске асыруға мүмкіндік береді. Әмбебап оқу әрекеттері білім алушыларға оқу міндеттерінің шешімін өз бетінше іздестіруге, оқу мақсаттарын қоюға, оларға қол жеткізудің қажетті құралдары мен тәсілдерін іріктеуге және пайдалануға, өз қызметінің процесі мен нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Яғни, білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына тарихтың ықпалы зор. Ол білім алушыны үнемі өзгеріп отыратын қоғам өміріне дайындайды. Өз Отанының патриоты мен басқа халықтардың мәдениеті мен тарихын құрметтейтін адам тәрбиелейді. Бұл процестегі ең маңызды фактор - қоғамдық құндылықтары талап ететін әлеуметтік қызметтерді орындауға қажетті тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы.

Орта білім беру ұйымдарындағы тарих пәндері бойынша тарихи оқиғалар мен процесстер, құбылыстарды оқи отырып, білім алушылардың тарихи санасы қалыптасады, оларда тарихи ойлаудың қалыптасуына, әлеуметтік болжам жасауға, өз әрекеттеріне тарихи жауапкершілікті сезінуіне бағытталады.

Тарихи дамытудың негізгі кезеңдерін дәйекті түрде талдай отырып, тарихи уақыттың мәселері, тарихи ғылымның тұжырымдамалық аппараты туралы мәселе, ғылыми танымның кең контекстіндегі жаратылыстану және гуманитарлық ғалымдар әдістерінің арақатынасы қарастырылады. Отан тарихын оқытуда келесілерге ерекше көңіл бөлу ұсынылады.

Ал енді сабақтың құрылымының негізгі бөлімінде тақырыптың мазмұнының ашатын сұрақтарына ерекше мән беру қажет. Мұнда тақырыптың мақсаты негізінде тұлғаның ойлау дағдысын анықтап алып, соған қарай әдіс пен тапсырманы қолдану қажет.

Осы қарастырылған мәселелерді ескере отырып, сабақтың құрылымына, әдіс-тәсілдерді тиімді қолданатын болсақ, жеке тұлғаның бойында пәнге деген танымдық, шығармашылық, зерттеу көзқарастарын, жеке тұлғаның пәндік құзіреттілігін де қалыптастыра отырып, сапалы да саналы білім беруге мүмкіндік береді. Бүгінгі күні дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі заман талабына сәйкес дамуы тиіс. Бұл талап «білім беру» емес, «білім алу» тұрғысынан орындалуы мүмкін. Осы талапты орындауда мұғалім оқушыларға сауатты, білімге құштар, бірлескен оқу ортасын құрушы тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Қолданылған деректер тізімі

1.Х.К.Ермұханова «Қазақстан тарихы». Алматы,2010ж.

2.Ч.Мусин «Қазақстан тарихы». Алматы,2008ж.

3.М.Қ.Қозыбаев,І.М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы». Алматы,1997ж.

4. М. Мұхамедов, Б. Сырымбетұлы «Қазақстан тарихы». Алматы, 2008 ж.
5. «Аңыз адам» 2010, 2011 ж.ж.
6. К. Ж. Беляев, Д. И. Салқынбек. Ұлы дала және Қазақ хандығы. ҚазҰТУ хабаршысы 4, 1995.
7. Х. М. Маданов., Ч. Мусин. Ұлы дала тарихы. Алматы; 1994.
8. Қаратаев Т. Қ. Тарихтағы аттас тұлғалар. Ақтөбе; 2002.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ



**Есжанова Мереке Серіқовна**  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицейі» КММ, қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғым — жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор.

Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру — үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі. Функционалдық сауаттылық қазақ тілінің функционалды сипатын зерделеу арқылы қалыптасады.

Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары бәсекеге қабілетті білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ол өз халқының баға жетпес байлығы ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыру деген сөз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде ұстаздарға көмекші құрал болатын «Оқу сауаттылығы» бағдарламасын ұсынғым келеді. Бұл бағдарламамның мақсаты - оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, мәтін мазмұнын толық түсініп, ой жүгірте білуге үйрету және тақырыптарды жан-жақты талдап, өзіндік пайымдауын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу. Мәтін талдауды жүйелі меңгерген, талдау әдістерін білетін, ұлттық санасы оянған дара тұлға қалыптастыру. Оқушыны кешенді тестілеуге жүйелі түрде дайындау, әдеби- теориялық негіздерін меңгерту, мәтін мазмұнын

жан-жақты талдай білуге баулу.

Оқу сауаттылығы – «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілеті. Білім алушылар диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер және графиктер түрінде берілген әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну, ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлану, оның мәні мен мағынасын бағалау қабілетін көрсетуі тиіс». Бұл бағдарламада оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін әр түрлі мәтіндер қолданылады. Білім алушылар әртүрлі формада: диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жасайды. Сол арқылы оқу сауаттылығы артып, түсіну қабілеті жоғарылап, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлау, оның мәні мен мағынасын бағалау жүйеленеді.

Бағдарламаның өзектілігі - 9 сынып оқушылары ОЖСБ, ББЖМ, PISA сынды әртүрлі деңгейдегі зерттеулер мен сынақтарға жиі түседі. Бағдарламада берілген тапсырмалар оқушылардың дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, адамгершілік, құндылыққа негізделген тәрбие беруге көмектеседі. Әдеби мәтіндер мен көркем шығармаларды оқуға деген ынталарын арттыру бағытында оқушылардың дайындығын жетілдіру. Әдеби-теориялық материалды меңгеру, алған теориялық білімді бекіту, жүйелі тереңдету.

Бағдарламаның міндеттері:

- оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың оқығанын біріктіру, жинақтау және бағалау дағдыларын дамыту;
- өз пікірін білдіруді қажет ететін тапсырмаларды қолдану;
- оқылатын мәтінді таңдауда сараланған тәсілді қолдану, белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысы мен құрылымы арқылы мәтіннің күрделілігін анықтау;
- цифрлық мәтіндермен, соның ішінде интернет-ортада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға машықтандыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Мағынаны ажырата алады;
- Өз бетімен жұмыс істеу күзіреті артады;
- Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;
- Өз ойын айтуға төселеді;
- Функционалдық сауаттылығы артады;
- Оқылым дағдылары қалыптасады;
- Көркем шығармаларды оқуға деген ынталары артады;

Қолданылатын оқыту әдістері мен түрлері :

- Диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс ;
- Әдеби шығармаларды оқу, талдау;
- Ашық, жабық сұрақтармен жұмыс;
- Тест тапсырмаларын орындау .
- Әдеби-теориялық білімдердің жиынтығын тест кезінде пайдалану;

Оқыту құралдары:

1. Әдеби шығармалар ;
2. Баспасөз деректері, ғылыми-танымдық журналдар;
3. Интернет материалдары .

Сабақта қолдануға ұсынылған әдіс-тәсілдер:

- Сұрақ-жауап
- Тірек-сызбалар құрастыру
- Дебат
- Балық қаңқасы
- Екі жақты түсіндірмелі күнделік

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу - әр педагогтың міндеті. Оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

«Оқу сауаттылығы» бағдарламасы мәтіндерді талдауға қажет теориялық заңдылықтарды кең көлемде меңгертіп, мектеп оқушыларының мәтінді оқу мен талдаудағы сауаттылығын арттыру жұмыстарын практикалық негізде қолдануға жасалған.

Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін



өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, білім алушыларды үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды.

Оқу сауаттылығына білім алушының жазба жұмыстарды түсінуі және оларға рефлексия жасауы, өзінің мақсаттарына жету жолында олардың мазмұнын пайдалана алуы, білімінің дамуы және қоғамдағы өмірге белсене қатысу мүмкіндігі жатады. Оқығанын өмірлік мақсаттарға қолдана алу түсінігі мен қабілеті бағаланады.

Мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың 3 негізгі өлшемі. Оқуға арналған материалдар әртүрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиктер, диаграммалар форматында.

Осылайша «білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығы» бағытында зерттеу әдістемесі тек қана оқуды емес, сонымен қатар адамның мәтінмен қатынасының жеке аспектілерін қарастырады.

Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Оқылым дағдыларының ерекшеліктері - оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы. Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу — мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу - әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату — мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну — мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу — оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу — әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.

Қазақ тілі сабағында оқылым дағдыларын дамыту үшін тапсырмаларды жүйелі құрастырудың маңызы зор. Оқылым дағдыларының ерекшеліктерін меңгеру – оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тегігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі :

1. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

әдістемесі, әдістемелік құрал, Астана: 2013. – 7-8 б.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана:2012. –1-2 б.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, III деңгей: 2012. –58 б.

4. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. PEARSON 2013. – 138 б.

5. Оқу сауаттылығы.Мұғалімнің жұмыс дәптері. PEARSON 2013. – 47-48 б.

6. Основные результаты международного исследования PISA 2012.Национальный отчет. Астана: 2013. –105-106 с., –147 с.

7. PISA халықаралық зерттеуі, әдістемелік құрал. Астана: ҰББСБО, 2013.

## Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ



**Есимхан Роза**  
**«Астана дарыны» дарынды балалар мен**  
**талантты жастарды**  
**анықтау және қолдау орталығының**  
**әдіскері, магистр**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада жеке қаламгердің өмірі мен шығармашылығына қатысты талдау-сызбалар, мазмұндық тапсырмалар ғылыми еңбектермен барлығы қамтылған. Туындылары тақырыптық жағынан топтастырылып, әдеби талдаулар жасалған. Құзырлылыққа негізделген тапсырмалар, оқушы мен мұғалімге жеке дара ұсынылған ғылыми еңбектер тізімі, әсіресе әр туындыға берген терең талдаулары сөз жоқ жұмыстың сипатын дәлелдеп тұр. Сондай-ақ, мақалада қазақ әдебиетін оқытуда

инновациялық технологияларды қодану арқылы іс-тәжірибемен бөлісу, телегей-теңіз бай әдебиетімізді оқытудың жаңаша жолдарын ұсыну, шығармаларындағы лирикалық элементтерді оқыту үшін қолданылатын технологиялар оқушылардың өз бетімен білім алуына, ізденіске және шығармашылық ойлауға ынталандыруы жайлы көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** Қ.Бітібаева, лирикалық шығарма, оқыту технологиясы, инновациялық технология, әдеби талдау.

Лирика – шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезімін астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма. Ол әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі. Көбіне өлеңмен жазылады, сюжетке көп бара бермейді. Оқиғадан гөрі отты сезімге, бас-аяғы тұжырымды философиялық ойға жинақталады. Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өмірдің таза самалына алып шығады да, ерекше өмірге бастайды. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі, бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді.

Технология– ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған жеке тұлғаға қарай бағыттаған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға ең алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Ал әрекет іс-қимылдармен жүреді. Технология жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Оқушының білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен меңгеруіне түрткі жасау – технологияның басты белгілері.

Ұсынылып отырған жұмыста алдымен, лириканы оқыту әдістемесі мен технологиясының мына мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді:

- 1) Педагогика ғылымының соны жетістіктері сапынан орын алып келе жатқан тиімділік (оптимизация) идеялары негізінде сабақ мақсаттарын бірлікте қарастыру;
  - 2) Әдіс-тәсілдер мен оқу жүйелерінің тиімді деген түрлерін сұрыптап алу, әрі оны ұтымды пайдалана білу;
  - 3) Берілетін білімнің ішінен ең негізгі мәйегін, түйінін нақты бір жағдай, нақты білім беру кезеңдеріне орай сұрыптап, бөліп алу, негізгі ұғымдарды анықтау, оларды оқушыға жеткізудің нәтижелі жолдарын іздестіру;
  - 4) Оқушыларды даралап, әрі саралап оқыту әдістемелері (дифференциалдап оқытуды басшылыққа ала отырып);
  - 5) Лириканы оқытуда, тәрбие беруде сабақ түрлері мен үлгілерін іздестіру;
  - 6) Интеграциялап оқыту, оны лириканы оқыту мәселелерінде тиімді пайдалану;
  - 7) Лириканы тереңдете оқыту жолдары;
  - 8) Проблемалап оқыту;
  - 9) Оқулықпен, кітаппен жұмыс істеудің, пайдаланудың тиімді жолдары;
  - 10) Оқушы біліміне тақырыптық есеп жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері;
  - 11) Дидактикалық материалдарды нәтижелі пайдаланудың жолдары (үлестірме-көмек, үлестірме-нұсқаулар, т.с.с.);
  - 12) Топтық, жұптық және жеке жұмыстар оқушыларды танымдық – іздендіруші, зерттеу бағытындағы жұмыстарға, ғылыми сипаттағы жұмыстарға баулу әдістемесі мен технологиясы;
  - 13) Оқушының білім мен іскерлік дағдыларын жетілдірудің жолдары.
- Мектепте әдеби білім беру – оқытудың, білім берудің жүйелі, жалғаспалы, бірізділік принциптерін басшылыққа ала отырып, жүргізілуі керек.

Ол мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1-кезең: 1-4 сыныптар;
- 2-кезең: 5-8 сыныптар;
- 3-кезең: 9-11 сыныптар.

Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты, міндеті – оқуға, жаза білуге, мазмұндауға үйретуімен, көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болуымен айқандалады.

Екінші кезеңде көркем сөздің көркем туынды, көркем шығармалардағы рөлі, маңызын танып білу жұмыстары жүргізіледі. Көркем туындыдағы авторлық көзқарасты танып-білу үйретіледі. (Көркем образ, сол арқылы автор мұратына (идея) болжам жасау.) Оқу бағдарламасында оқуға, талдауға ұсынылатын шығармалар жанрлық жағынан қамтылуы тиіс. Оқушылардың көркем шығармалардың әр жанрдан тұратынын түсініп білуі осы кезеңнен басталады. Көркем туынды туралы өз пікірлерін, ойларын айта білуге дағдыландыру (алған әсерлерді, не ұнады, не ұнамады), шағын әдеби айтысқа жетелеу, сөйтіп, әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру да осы кезеңнің негізгі міндеті болмақ.

Үшінші кезеңде әдебиетті оқыту ауыз әдебиетінен басталып, әдебиет тарихымен жалғастырылады. Оқушыларды өз беттерімен көркем туындыны оқытуға, талдауға баулу, әдебиет тарихы, сыны, әдебиеттік ғылымнан білім беру, көркем шындық, өмір шындығы, ақын-жазушы стилі, тілі, әдеби әдістер, т.б. Лирикалық туындыны талдауда әдебиеттану ғылымы басшылыққа алынады. Оқушылардың оқырман ретінде оқитын туындыларын өздері таңдап алу қабілеттері жетілдіреді. Мағлұматтар тереңдетіліп беріледі. Көркем туындыға олардың сын көзбен қарауы (төменгі сыныптағыдай тартымды, сюжетті шығармаларды оқуға қызығушылығы, т.б.) қалыптасады.

Әдебиет сабақтарында әдіс-тәсілдерді таңдау жолдары

Ұтқырлық мұраты, мұғалімдерден сабақтың мақсатын жинақты түрде айқындап, белгілеп алғаннан кейін, сол мақсатты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін де таңдап ала білуді талап етеді.

1. Проблемалық оқыту әдісі;
2. Түсіндірмелі-репродуктивтік әдіс;
3. Көрнекілік әдісі;
4. Практикалық, танымдық-іздендіруші әдістерді;
5. Сызба-нұсқаулық әдістері

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Практикалық әдіс	Зерттеу әдісі
-------------	-----------------	------------------	---------------



<p>Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күретамыры деуге де болатындай.</p>	<p>Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор</p>	<p>Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда өте тиімді</p>	<p>Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.</p>
---	---	--	--

Әдебиет сабағындағы оқушылардың лирикалық туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, бүкіл бітім-болмысымен түсіне білуі үшін мұғалім осы мақсатта іздене отырып, оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптап пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді. Әдебиетті өнер деп танытуда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдатуда, сөз қасиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда бұл әдіс алғашқы баспалдақ, яғни көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден – ақ тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алуда. Бұл әдістің негізгі тәсілдері мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күй табақты, ұнтаспаны тыңдауы, т.с.с. Мұғалімнің мәтінді әрі мәнерлеп, әрі түсінік бере оқуы сөйтіп, оқушыларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасату, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау, т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем туындыны оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды, т.б.) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне жатады. Мұғалім осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады.

Қ.Бітібаеваның лирикалық шығармаларды оқыту технологиясы бойынша факультатив сабақтары бағдарламасының үлгісі:

	Тақырыптары	Сағат саны
1	Фариза Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мәлімет	1
2	«Тыңдаңдар, тірі адамдар!», «Тақ пен тіл»	1
3	«Махамбет аудармашысымен әңгіме», «Бойжеткеннің сөзі»	1
4	«Әйел», «Мен – даланың қызымын»	1
5	«Дала тағдыры» поэмасы	2
6	Ақынның туған халқының ірі тұлғалары туралы толғаулары: «Мақатаев туралы жыр», «Абайды іздеу»	1
7	«Мәншүк пен Әлия» жыры, «Махамбет аудармашысымен әңгіме»	1

8	Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мәлімет	1
9	«Отан», «Төрт ана»	2
10	«Тоқшылық», «Ғашықтық ғаламаты»	1
11	«Желтоқсан жаңғырығы»	2
12	«Түсінісу теориясы», «Кета балықтың ерлігі»	1
13	Поэмалары «Шыңғыс ханның қателігі» дастаны, «Нарынқұл зауа-лы», «Сенім патшалығы» (шолу)	3

**БАҒА ҚОЮ ТӘСІЛДЕРІ:**

Ассистент, спикер бала- лар бағасы	Өзін-өзі бағалау	Сынып, ұжым бағасы	Мұғалім бағасы	Қорытынды баға

Берілген тапсырмаларды түрлендіріп пайдалана беруге болады. Ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Қорыта келгенде, жалпы өзі үнемі ізденісте жүретін мұғалім шығармашылықпен қызыға айналысып, оны заман талабына сай түрлендіріп, сабақ жоспарына енгізіп отырады. Мектеп - рухани өмір ұясы, ал мұғалім оқу мен тәрбиенің мазмұны мен формасын тиімді тәсіл арқылы қалыптастыратын бірден-бір тұлға десек, осы нәтижеге жету үшін жаңа технологияларды оқып-үйреніп, оны заман талабына сай пайдалана білу қажет. Технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ішінен дарынды, қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жасап, олардың өздеріне деген сенімдерін арттыру. Лириканы оқыту – өмірді таныту. Өмірді сүйе білуге баулу.

Қолданылған деректер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002 ж.
4. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен
5. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы - 1995



## БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Боскумбаева Жанар Ибрагимовна  
Астана қаласының әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицей» КММ

Сапалы білім беру арқылы оқушылардың алған теориялық білімін практикалық іспен байланыстыра отырып, олардың дүние танымын кеңейтіп, белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз. Білімнің сапасын көтеруде қазіргі таңда қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте көп, олар оқушылардың қызығушылығын арттыруда, жаңа технологиялар да жылдан-жылға көбею үстінде. Жаңа технология негізінде оқушы, біріншіден, таныс тәсілдер арқылы бұрыннан таныс үлгілер бойынша жұмысты іске асырады. Екіншіден, танымдық іс-әрекет арқылы білім мазмұнын нәтижеге бағдарлайды. Үшіншіден, шығармашылық іс-әрекет арқылы таныс емес жағдайдағы проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын қарастырады, жеке адамның тұлғалануымен ерекшеленеді. Оқушы шығармашылықты тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық көздерінен алынған мәліметтерді пайдалана отырып өмірден көрген практикасымен байланыстыру арқылы сұрақтардың шешімін табуға жол ашады.

Ал қазіргі оқытушы оқушыларға дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан оқушылар тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Осындай күрделі іс-әрекет түрлерімен қарым-қатынасқа түсе отырып, бүгінгі талапқа сай «құзіреттілік» негізінде өзінің әлеуетін көтеруді жүзеге асырады.

Оқушының іс-әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру, оған басшылық жасау, білімді өз белсенділіктерімен алуға жағдай туғызу – жаңа педагогикалық технологиялардың басты белгілері болып табылады. Көп жылғы тәжірибеде В.Ф. Шаталовтың «Тірек сызбалар арқылы оқыту технологиясы», В.К. Дьяченконың «Ұжымдық оқыту тәсілі», Қ.А.Әбдіғалиевтің «Шоғырландырып-қарқынды оқыту», Ж.А. Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы, жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның ізденуге негізделген озық технологияларын пайдаланып, тиімділігіне көз жеткіздік. Қазірде осы айтылған әдістемелерді жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік беретін «Модульдік оқыту технологиясы» кеңінен қолданылуда.

Жаңа мазмұнда оқыту оқушы құзіреттілігін қалыптастыруға көмектеседі. Құзіреттіліктер бұл пәндер жиынтығы емес, ол оқушының білімі, білігі және дағдыларының үйлестірмелі сипаттарымен байланыстыратын жаңадан қалыптасқан сапа болып табылады.

Елжандылық рух беретін бірден бір пән – қазақ тілі мен әдебиетінен пәнінен күтілетін нәтиже имандылық, адамгершілік-эстетикалық қасиеттері қалыптасады. Мемлекеттік және басқа да тілдерді игеру негізінде коммунактивтік құзіреттілігі қалыптасады. Ұлттық және әлемдік әдебиеттердің құндылықтарын игерген тұлға қалыптасады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды, ұлттық ерекшеліктерді тани біледі. Әрбір сабақтан кейін оқушылар өзінің ой-толғанысын әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы білдіріп, бөлісіп отырғаны абзал. Осындай тәжірибелер арқылы, қазіргі оқытушы оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін ашу арқылы, олардың шығармашылық қабілеттерін тани білуге жаңашыл іс-әрекет жасауға, білімге деген жетіспеушілігін сезіп білуіне, өмірде кездесетін көптеген жағдаяттарды шеше білуге, жаңаны танып білуге деген құлшынысын, қабілеттерін оята білуге болады.



Бастауыш мектеп балаға білім беріп ғана қоймай, оны жан жақты дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарасын қалыптастыруға, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Мұғалім әртүрлі әдіс тәсілдердің түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігінен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге қол жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интер белсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану оқушылардың білімін берік меңгерту құралы және балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруға көмектеседі. Тұйық оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалады. Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Баланы оқу-тәрбие үрдісінде дамыту мәселесі – бұл көп жылдар бойы көптеген ғалым психологтардың, педагогтардың, практик-мұғалімдердің пікірталас тудырып келген және бүгінге дейін күн тәртібінен түспей жүрген мәселесі.

Психологиялық-педагогикалық бағыттағы әдебиеттерге сүйенсек, баланың жалпы дамуы негізгі үш факторға сай жүзеге асады.

- 1) Биологиялық фактор.
- 2) Әлеуметтік орта немесе қоршаған орта.
- 3) Тәрбие, яғни оқу-тәрбие үрдісі.

Көптеген ғалым-педагогтардың, практик-мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек, оқу-тәрбие үрдісі негізінде дамыту мәселесінде басты рөлді ең алдымен, оқушылардың өз бетімен әрекеті, белсенділігі атқарады.

Себебі, қанша сапалы болсын, не мұғалімнің білімі, тәжірибелік шеберлігі мол болсын, бірақ бала тарапынан өзіндік белсенділік, әрекет болмаса, жұмыстың нәтижелі, сапалы орындалуы мүмкін емес.

Сол себепті де оқушының өзіндік әрекетке бағыттайтын өз бетімен жұмыс, оның түрлері, бала дамуындағы орны сияқты мәселені қозғауды жөн көрдім.

Кезінде өзіндік жұмыстың бала дамуындағы ролін жете көре білген және ол жөнінде еңбек жазған қазақ зиялыларының бірі ағартушы- ғалым Ахмет Байтұрсынов. Оның «Қазақша оқу жайынан» атты еңбегіндегі пікірі бойынша бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі -оның білімінің шеберлігін ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай, оңай өту үшін, керек білімін кешікпей, кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек.

Бастауыш сыныптарда өз бетімен жұмысты ұйымдастыруда оның бағдарлама мазмұнына талапқа сай келуі, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы, оқушыны шығармашылық бағытта жұмыс істеуге бағыттауы сондай-ақ бағаланып, марапатталуы сияқты мәселелерге мән беріледі.

Өз бетіндік жұмыс- бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оқушылардың өз бетіндік жұмыссыз дамыту мүмкін емес.

Бастауыш мектепте өз бетіндік жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені, бұл жастағы баланың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмыстарға талпынысы басым болады.

Сол себепті, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Сол арқылы оқушылардың іс- әрекетінің дербестігі артады.

Профессор Р.Г.Лембергтің пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: оқушылардың істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі; жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы; жұмысты оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындауын көздеу керек.

Оқушылардың таным әрекеті білім алу қажетімен де ұштасады. Осыған орай олардың дербестігі ең алдымен, белсенділікке байланысты, ол белсенділік дербестікті қажет етеді.

Оқушылардың өздігінен істейтін әрекеті оның белсенділігін арттырады. Бұл екі термин өзара ұқсас болғанымен, олардың мазмұнында, айырмашылық бар. Қысқаша айтқанда, бұлар бір мағынадағы ұғымдар емес. Белсенділік дербестікке қарағанда мағынасы кең ұғым.

Осыларды ескере келе, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда төмендегідей әдіс-тәсілдерді пайдаландым:

- проблема тастап оқыту,
- сұрақ-жауап,
- талдау-жинақтау,
- сөздік жұмыс,
- топтастыру.

Өз бетімен жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және тәжірибесінің көрсеткіші ретінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өз бетімен жұмыс түрлеріне төмендегі негізгі үш жұмыс түрлерін жатқыздым:

- 1) Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар;
- 2) Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері;
- 3) Өз ойын ын еркін құрастыруға тақырыпқа берілген әдеби-шығармашылық бағыттағы жұмыстар;

1) Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар құрастырмалы ойындар, ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сөздік жұмыстар пайдаландым. Соның ішінде сөздік жұмыстарының маңызы зор. Сөздік жұмысы оқушының тілін байыту жолдарының бірі екені белгілі. Сөздік жұмыс оқушының жаңа сөздер үйренуде бұрын білетін не түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ, сөйлем құрауға материалдар береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға шығарма жазуға көмектеседі. Сондықтан да кез-келген сабақта сөзбен жүргізілетін жұмысты әрқалай түрлендіруге болады. Сөзге қатысты түрлі ойындар, сөзжұмбақтар, басқатырмалар беріледі. Бұл жұмыстар баланы бір жағынан ойландыруға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық белсенділікке ынталандырады.

Тапсырмалар:

а) Оңнан солға қарай оқылса да, солдан оңға қарай оқылса да өзгермейтін бес әріптен тұратын жеті сөз ойлап табу.

ә) Оңнан оқыса да, солдан оқыса да өзгермейтін, үш әріпті он сөз ойлап жазу.

нан как көк түт іні

шаш кек тот сүс құқ

Кейбір сөздерден сөз тіркесін жасап, мысал келтіру.

(сүс көрсету, құқ қорғау)

б) Сөзден сөз шығару.

Кемпірқосақ (қосақ, кемпір, кем, қос, пір, сақ, ақ, ем)

Дөңгелек (дөң, өң, дөңгеле, еле, кел, лек, ек, ел)

в) Берілген буындардан сөз құрап жазу. Найзағай, терезе, балапан.

Ұршық, орындау, көше, жалау.

г) Жұмбақ шешу ( тіс, киім, кірпі, ірімшік, ілгіш)

д) «Өзің ұйқасын тап»,

Бұл тапсырманың баланың ойлауына, шығармашылығына жол ашары анық.

Мысалы: Кітап та күн секілді, Ғылым нұрын шашады.

Өрге бастап көшінді, Көңілінді

е). Берілген тұйық немесе ашық буынның бас – аяғына әріп қосу арқылы, бітеу буынды сөздер жазу тапсырма ұсынамын. Мысалы: «Үн» - күн, түн, жүн; «Ай»

- май, шай, сай, тай, бай, лай;

Ж) «Та» - тау, тас, тар, там, тал, тат; «Кү» - күн, күз, күл, күш, күй, күт т.б

Бұл қандай аң, қандай құс? Аға + шал = ш....ғ а,

Сыр + болжа = ж....б с,

Одақ + қылт = то.....л д қ,

Қыр + бос = б....р с....қ сияқты.

Осындай тапсырмаларды әр сабағымда жиі қолданамын. Бұндай тапсырмалар баланың ойлауына, шығармашылығына жол ашады деп ойлаймын.

Бастауыш сынып оқушылары білімдерін тек іс- әрекеттер үстінде көзбен көру арқылы игеретіні белгілі. Яғни әр сабақтың қызықты, мазмұнды өтуіне ойындардың, дидактикалық

материалдардың тигізетін әсері ерекше.

«Саңдықтағы құпия сөз»


«Т» дыбысынан басталатын сөздер ойлау тапсырма беремін.

Та, то, ту т.б

Тау, тал, тон т.б

Тара, таға, таза т.б

Бұндай жұмыстың пайдасы мынада:



Қорыта айтатын болса, оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруда басты назар аударатын мәселе- оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап етемін. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Қоғамның білім беру жүйесінің алдына қойған талабы: оқыту барысында баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін шешу.

Жалпы, менің оқытудағы өз проблемам оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысын, білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі бөлігінің бірі- әр мұғалім сабақ жоспарын құрастырған кезде нақты мақсаттар қойып, соған жету жолдарын ізденушілік, жауапкершілік көз қараспен қарауы. Жан-жақты дайындалуы, өз білімін өзі шыңдау, шығармашыл қабілеттерін үнемі арттырып отыру қажет.

Оқушының танымдық белсенділігін қалай дамытуға болады? Сабақтың тиімділігін қалай арттыруға болады? Жаңа технологиялардың осы мақсаттарға жетудегі пайдасы қаншалықты? деген сұрақтарға өз жұмысымда жауап беруге тырыстым. Бұрын бастауыш мектеп мұғалімінің басты міндеті баланы оқуға, санауға үйрету болса, қазір бастауыш мектеп – оқушының тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану – мұғалімнен үлкен шеберлікті, ізденушілікті, шығармашылықты талап етеді.





## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘҢГІМЕЛЕУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІСІ

Райсова Разия Рысбаевна  
Астана қаласының әкімдігінің  
«№ 82 «Дарын» мамандандырылған лицей»  
КММ

Оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуда кездесетін қиыншылықтарды ескере отырып, «Биоақпараттық технологияның» бірізділік принципін жүзеге асыру мақсатында, «DEAL» әдістерімен бөлісу, «АС-Ауызша сабақ » картасы;

Оқушылардың мәтінді жазбаша және ауызша баяндау арқылы оқу сауаттылықтарын дамыту;

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі, жазба мәтінді түсінуі, қолдануы, ой толғауы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Оқу сауаттылығының негізі-мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі-биоақпараттық технология. Бастауыш сыныпта мәтіндерді оқытып үйретудегі мақсат – оқушылардың ауызша, жазбаша тіл байлығын арттыру. Бұл мақсатта сабақта биоақпараттық технологияның орны ерекше. Ол есте сақтау, жылдам ойлау, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттырады. «Биос» - грек сөзі – «тіршілік», «ақпарат» сөзі латынның «түсіндіру», «баяндау», «түсінік» деген ұғымдарды беретін information сөзінен шыққан.

Биоақпараттық технология жүйесі - бұл технологияның «Ауызша сабақ» картасының орны ерекше. «Ауызша сабақ» картасы мәтінмен жұмыс жасау үшін тиімді. Қазақстандық ғалым Федор Яковлевич Вассерман көптеген қазақстандық және халықаралық педагогтардың тәжірибесін оқып зерттеп, «Биоақпараттандыру және синергетика» (БиС) білім беру технологиясын тамаша қарастырып, оқыту сапасының нормативтік көрсеткішін құрды.

Түрлі технологиялық карталар арқылы оқушылардың қабылдауы, есте сақтау қабілеті өседі, ойлау – сөйлеу дағдысы қалыптасады, танымдық көзқарасы жетіледі, ең құнды, пайдалы материалды тауып, өз бетінше ізденіспен еңбек етуге талпындырады. Бұл оқушының уақытты үнемді пайдаланып, өз ойын тұжырымдап айтуға дағдыландырып, шығармашылық ізденіске жол ашады.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады.

«Ауызша сабақ» картасы бірнеше бөлімнен тұрады.

1-кезең – 1-2 минуттық сергіту сәтінен басталады.

2- кезең – тірек сөздер. Формула, дата, терминдер. Сөздер саны тақ болу керек. 7-14-21. Ақпаратты есте сақтау үшін арнайы уақыт беріледі.

А) 7 сөз – 30 секунд, 14 сөз – 1 минут, 21 сөз – 1 минут 30 секунд. Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін блок жабылады немесе өшіріледі. Ал, балалар есте сақтау арқылы бүкіл блокты қайта құрады. Кім қаншалықты ақпаратты, қайта құра алуын қадағалау керек. Барлығы бірдей бұл тапсырманы орындай алмағандықтан, тағы да блокты ашып немесе оқып, балаларға блокты толық құруға мүмкіндік беру керек. Содан кейін 5-15 минут арасында мәтіннен тірек сөздерді табу тапсырмасы беріледі.

Ә) ақпаратты есте сақтағаннан кейін балаларға көзін жұмғызамыз, содан соң 3-4 сөз өшіріліп, балаларға сол сөздерді қайта құру керек. Мұндай жұмыс тілдерді, формулаларды,

әріптерді іүйретуде өте тиімді.

3-кезең – мәтінмен жұмыс, балалар мәтіннен тірек сөздерді дәптерге теріп жазады;

4-кезең – мұғалім мәтіндегі тірек сөздерді ашатындай етіп, сұрақ-жауап жүргізеді;

5-кезең – критикалық сұрау. Мәтіндегі тірек сөздер мен мәтінді толығырақ сұрау;

6-кезең – қорытынды. Тақырыптағы негізгі ойды айту.

Сабақ барысында әрдайым оқушылардың белсенді болуға, дәлелдерді талдай алуға, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолдана алуына мүмкіндіктер мен жағдай жасауды қамтамасыз етуді мақсат тұттық. Осында қарастырылған стратегиялар оқушылардың бірін-бірі тыңдап, дәлелдерді талап етіп, тиянақты және нақты да жан-жақты болуға, ынтымақтастықпен бір-бірін құрметтеуге үйретті. Қуанышпен айта кететін жайт, бұрын үндемей отыратын балалардың да сабаққа қызу араласуда. Жай уақытта олар өздерін бұлай көрсете қоймас еді.

Биоақпараттық технологияны «DEAL» әдісі арқылы шығарма жазуға пайдалану.

Мысалы 1-сынып оқушылары әріптердің бәрін танып білмей жатып шығарма жаза алмайды. Оларды «Ана тілі» кезеңінде шығарманы еркін жаза алулары үшін, «Әліппе» кезеңінен бастап дағдыландыру керек.

Ол үшін көптеген әдістер пайдалануға болады. 1 сынып оқушыларын «Әліппе кезеңінде» «DEAL» әдісін пайдалануды сіздерге ұсынғым келіп отыр.

«DEAL»

D – Describe – атау, сипаттау

E – Explain – түсіндіру

A – Analyse – талдау

L – Links – байланыс

«Төрт түлік мал» тақырыбы « сыныптан бастау алып, әр сынып сайын күрделене береді. Осы тақырыпты алуды жөн көрдім. Ол жерде «DEAL» әдісін былай пайдаландым:

D-атау, сипаттау. Суреттен үй жануарларының және төлдерінің аттарын атайды.

Үй жануарларына –жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі жатады.

Олардың төлдері бар. Жылқы төлі – құлын. Түйе төлі – бота. Қой төлі – қозы. Ешкі төлі – лақ. Сиыр төлі – бұзау.

E-түсіндіру. Неге үй жануары екенін түсіндіреді.

Үй жануарларына адамдар шөп, су береді.

A-талдау. Үй жануарларының пайдасы туралы айтып шығады.

Олар адамдарға көп пайда келтіреді. Етінжейді. Терісінен киім тігеді.

L-байланыс. Балалар айтқан ойларын, тұжырымдарын байланыстырады. Сондай мынадай қысқаша шығарма шығады.

Үй жануарлары

Үй жануарларына –жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі жатады.

Олардың төлдері бар. Жылқы төлі –құлын. Түйе төлі- бота. Қой төлі -қозы. Ешкі төлі -лақ. Сиыр төлі -бұзау.

Үй жануарларына адамдар шөп, су береді.

Олар адамдарға көп пайда келтіреді. Етін жейді. Терісінен киім тігеді.

Осы бағытта спираль әдісімен әр сынып сайын суреттері де, сұрағы да күрделене береді. Мәтін сөйлемдермен толығып, ауқымды, көлемді шығарма жазуға болады.

«Ана тілі» кезеңінде «АС картасы» әдісін ұсынамын

Сабақтың тақырыбы: Сөз және оның мағынасы

«Жаман жолдас» мәтіні

I-кезең. Сергіту сәті.

II кезең. Тірек сөздер.

«АС» картасы.

1. Екі дос

2. Аю

3. Ауру

4. Мықты

5. Биік ағаш

6. Құлағына сыбырлады

7. Жаман дос 1. Екі дос

2.

3. Ауру

4.



5. Биік ағаш
- 6.
7. Жаман дос

### Сөздік жұмысы


Жолдас-дос ауру-денсаулығы нашар

Аю-аң мықты-денсаулығы жақсы

III кезең. Мәтінмен жұмыс. Тірек сөздерді мәтіннен белгілеу, дәптерге жазу.

IV кезең. Сұрақ-жауап жүргізу. Сұрақтарға жауап беру.

1. Кімдер келе жатты?
  2. Олардың алдарынан не шығыпты?
  3. Екі достың хал-ақуалы қандай?
  4. Қайсысы биік ағаштың үстіне шығып кетті?
  5. Аю өлген адам сияқты жерде жатқан жігіттің құлағына не деп сыбырлады?
  6. Аю неге жаман жолдаспен дос болма деді?
- V кезең. Мәтіннің мазмұнын айтып шығу



### VI кезең. Қорытынды. Тақырыптың негізгі ойын ашу

Мәтінді өздері оқып, одан қорытынды шығарып және жүйелі бірізділікпен мазмұндай алуға дағдыланады.

Оқушылар күнделікті сабақтан, бүгінгі сабақтардың айырмашылығы; топтық, жұптық және жеке жұмыстардың нәтижесінде өздігінен бағалау, өз ізденістерінің арқасында бұрын мұғалімнің түсіндіргенінен өз бетінше ізденуінің нәтижесінде көптеген өз білімдерінде өзгеріс болғандығын байқайды.

Сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп, жан-жақты білім алуына көмектеседі. Жаңа әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы да осында.


Технологияны пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Біз сабақтың басында мақсат қойғанда да, осындай нәтиже күткен едік. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді:

- мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек;
- оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс;
- балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек;
- өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет;
- оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осындай әдіспен жаңылтпашты жаттату, суреттер арқылы мақалды табуға болады

Жаттауға берілген жаңылтпашты суретпен алмастыру.

1. 100 теңге болғанша, 100досың болсын.
2. Бұл көшеді, ит үреді, адам қалады
3. Жеті атасын білмеген жетесіз
4. Ит адамның досы





5. Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер
6. Айтылған сөз, атылған оқ
7. Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі
8. Дос жылатыр айтады, дұшпан күлдіріп айтады
9. Аңаңды Меккеге үш рет көтеріп апарсаң да, қарызын өте
10. Отпен ойнама, суға батарсың



## Мақалды тап

- 1) 100 \$ 100 👤 👤 👤 👤
- 2) ☁️ 🗨️ 🐶 👤
- 3) 👤 👤 👤 👤 👤 👤 👤 👤 👤 👤
- 4) 🐶 👤 🤝
- 5) 🗨️ 👤 🇰🇷 🌧️ 🌅
- 6) 🗨️ = сөз 🔫 =
- 7) 👤 🇰🇷 🌹 🌅
- 8) 👤 👤 😞 🗨️ 👤 😊 😊
- 9) 👤 🕌 3 💰 👤
- 10) 🔥 👤 🌊 👤 🌊



## РВL ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Құлбекова Нышангүл Қожабекқызы  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, тарих пәні мұғалімі

Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу үшін мектепте құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да осы бағдарлама профилактикалық жұмыстарды насихаттайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат береді. Білімдерін дағдыландырып, саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, оқушылардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой-пікірлерімен санасуға жағдай жасайды. ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелейді.

Бағдарлама курсаралық байланысты, атап айтқанда 9 сыныпта оқытылатын “Құқық

негіздері” курсымен байланысты немесе ұқсас тақырыптары болатыны ескеріліп жасалды.

Оқу жоспары бойынша курсты оқытуға аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат уақыт бөлінген.

Бағдарлама Астана қаласы мектептерінде 3-жыл тәжірибеден өтіп келеді

Бағдарлама мазмұны өз мақсатына жетуі үшін оқыту әдістемесіне басты назар аудару керектігі мәселесі туындағаны байқалды. Сол себепті проблемаға бағытталған оқыту моделін осы мәселенің шешімі ретінде зерттеуді, зерттей келе бағдарлама мазмұнын ашуда қолдануды жөн көрдім.

Үш оқу жылы барысында жүргізілген іс-тәжірибе нәтижесінде проблемалық оқыту үдерісін, оны ұйымдастыру жолдары, әдістемелік тәсілдер мен әдістер анықталды. Зерттеуді «Оқу үдерісінде Problem-Based Learning қолдану» тақырыбын оқыту курсынан бастадым. Проблемалық оқыту туралы шетел ғалымдары Д.Севери, Т.Клустон, С.Хмело-Сильвер зерттеулерімен таныстым.

Практикада қолдану

Бағдарламаның 3-жыл қала мектептерінде тәжірибеден өтіп жатқандығы туралы жоғарыда атап өтілді. Осы тәжірибе барысында оқу үрдісіндегі қиындықтар мен жетістіктер туралы оқушылар мен ұстаздардан кері байланыстар алынды. Кері байланыс нәтижесі көп ақпараттың орынына оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту қажеттілігін көрсетіп, тәжірибеге шағын топта зерттеу тапсырмаларын кіріктіру керектігі анықталды. Сабақтарда проблемалық оқыту тәсілін негізге ала отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін бағдарлама мазмұнындағы қай тақырып қиындық тудыратынын анықтау қажеттілігі туындады. Жағдаяттарды талдау мәселесіне келгенде оқушылардың шынайы өмірде теорияны қолдана алмайтындығы анықталды. Осы мәселені шешу мақсатында проблемалық оқыту технологиясы таңдалды. Себебі бұл технология тақырыпты тереңірек өз бетінше зерттеп, мәселені анықтап, көзқарасын білдіруге бағыттайды. ҚР Заңдарын оқыту барысында проблемалық оқыту тәсілін тәжірибеге енгізудің арқасында оқушылар:

- проблеманы шешу үшін көбірек ақпарат жинауға мәжбүр болады;
- Топта шынайы өмірден алынған жағдаяттарды шешу үшін бірге жұмыс жасайды;
- Тапсырманы орындау үшін өзара талқылауға түсу қажеттілігі туындайды;
- Проблемалық сұраққа жауап беру үшін түрлі мәтінмен жұмыс істейді, зерттеу жүргізеді;

Әссе жазуға, дебат, нақты аргументтер келтіруге, өмірмен байланыстыруға, шешу жолдарын ұсынып, қорытынды жасауға дағдыланады. Осыдан проблемалық оқытудың «ішінара-іздеу» мен «нақты жағдаят» әдістері тәжірибеге енгізілу жоспарланды.

Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдерін тәжірибеге енгізу үшін ең қолайлы тақырып ретінде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері стратегиясы бойынша «Жалпы орта және техникалық білім беру орындарында «Адал ұрпақ» ерікті клубтарының белсенділігі таңдалды. Оқушылар алдыңғы сабақтан және құқық негіздері мен тарих сабақтарынан алған білімдерін қолданып, «Білемін» және «Білгім келеді» кестесін толтырды, жауаптарымен бөлісті. Өткен сабақпен байланыс жасалды, алдағы зерттеу тапсырмасына дайындық жүргізілді. Сонымен қатар зерттеу тапсырмалары беріліп, тапсырмада оқушыларға проблема қойылады: «Адал ұрпақ клубы қандай міндеттер атқару керек?» (оқытудың зерттеу әдісі). Оқушыларды сенсорлық түйсік қабылдаулары ескеріліп топқа бөлінеді. Зерттеу тапсырмасының дескрипторын басшылыққа алып

• оқушылар топта көтерілген мәселені анықтайды; қажетті ақпаратты өз бетінше іріктейді;

- мәселенің себептері мен салдарын анықтайды;
- фактілерді талдап, мәселенің шешу жолын ұсынады.

Оқушылар: «Адал ұрпақ клубы қандай міндеттер атқару керек?» тақырыбын ашып, жұмыс нәтижесімен PRES тәсілі негізінде таныстырады, бірін-бірі бағалайды. Топтағы жұмыстың тиімділігін қадағалау мақсатында бағалау парағы бойынша топтық жұмыстың ұйымдастырылуы, мазмұны (тақырыптың ашылуы, мәліметтің жан-жақты зерттелуі), PRES тәсілін қолдануы (негіздеу, позиция, мысал, қорытынды) оқушылар тарапынан жеке бағаланады.

Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдерінің көмегімен оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, атап айтқанда, мәтіндегі көтерілген мәселені анықтау, деректер жинау, талдау жасау, өз көзқарасын дәлелдеу, қорытынды шығарып, шешім ұсына алуларына үлесін қосты. Пәнаралық байланыс орнатуда бұл әдісті қолдану жағдаяттарды күнделікті өмірмен байланыстыруда тиімді болды. Тақырып бойынша ҚР Заңдарын талдау

барысында сөздік қорларын кеңейту ойларын жеткізіп, дәлелді жауап беру айтылым дағдыларын жақсартуға мүмкіндік берді.

Ұсыныс

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған 2016 жылы жарық көрген, редакциясын б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов басқарған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері оқу құралын басшылыққа алып жасалынды. Аталған еңбекті оқу құралы ретінде басшылыққа алу ұсынылады.

Қорытынды

Жасөспірімдерді жалпы орта мектеп жасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі оларға қажетті құқықтық білім беру болып табылады. Олар балалардың:

- сыбайлас жемқорлықтың белгілерін, танып-білуіне;
- басқа қылмыс түрлерінен айыруға;
- сыбайлас жемқорлық неліктен жамандықтың көзі екенін білдіретін уәжді ұғынуға;
- сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету мүмкіндігін, күрес жолдарын, салдарларын көрсетуге көмектеседі.

Жас ерекшеліктеріне сай 9-сынып құқықтық құбылыстарды, ұстанымдарды бағалау үшін іргетас болуға тиіс. Білім беру және тәрбие жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ақпаратты алуы және ұсыну тәсілдері болуы мүмкін.

Олар сынып сағаттары, әртүрлі адамдармен мысалы: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, саясаткерлермен, мемлекеттік қызметшілермен әңгімелесу; дәрістер; күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі нысандарына қарсы тұру тақырыбына пікірсайыстар, іскерлік ойындар; сабақтарда және факультативтік сабақтарда азаматтықпен және патриотизммен, мораль және руханилық ұғымдармен байланысты проблемаларды талқылау; кино материалдар көру және т.б.

Бұл ретте оқушылардың көп білгені емес, бағалау қабілетін дамытудың маңызы зор. Сондықтан оқушыларға білімді тереңдетуге және нақтылауға мүмкіндік беретін үлгілік сұрақтар мен тапсырмалар, шығармашылық жұмыстардың тақырыптары және т.б. ұсыну маңызды.

Тақырыптарды зерделеу кезінде мұғалім, оқушылардың сыбайлас жемқорлық мәселесіне қатынасын айқындауы, олардың құқықтық сана-сезімі мен жүріс-тұрысын қалыптастыруы қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін құқықтық сана сезімді қалыптастыру бұл кезеңдегі негізгі міндет болып табылады. Алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде жағдаяттық, имитациялық және іскерлік ойындарға назар аударған жөн. Бұл мәселелерді шешуде проблемалық оқыту технологиясының тиімділігі жоғары.

Сонымен бұл бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат береді. Білімдерін дағдыландырып, саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, оқушылардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасайды. ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелейді.

Ал проблемалық оқыту технологиясы осы бағдарламаның мазмұнын оқытуда ең тиімді технология болып табылады.



## МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДАУ



**Тлеубергенова Каламкас Сериковна**  
**Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»**  
**мамандандырылған лицейі» КММ, бастауыш**  
**сынып мұғалімі**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Сондықтан, математика пәнінен бөлімдік, тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстарына алдын-ала дайындауға «2-сынып оқушыларына арналған дайындық жұмыс дәптері» ұсынылады. Бұл мақалада осы еңбектің оқытуда оқушыларға оқу материалын еске сақтауға, берілген тапсырмалар шығармашылық қабілеттерін дамытуға, шыңдауға көп көмегін тигізетінін қарастырады. Автор мектептегі оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларымен практикалық бақылау жұмысын жүргізген. Мақалада осы бақылау нәтижесінде қол жеткен жетістіктер, «2-сынып оқушыларына арналған дайындық жұмыс дәптерінің» тиімділігі баяндалады.

**Түйінді сөздер:** бөлімдік, тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстары

### **Кіріспе.**

Бастауыш сыныпта математика пәнін оқытудағы ең басты міндет баланың логикалық ойын дамыту. Бұл еңбек «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және көмекші құрал ретінде құрастырылған. Мұғалімге оқулықпен, әдістемелік көмекші құралдармен шектеліп қана қоймай, баланың ойлау қабілетін дамытатын есеп, жұмбақ, басқатырғыштар пайдалану тиімді. Ол үшін сабақтан тыс факультативті сабақтарда немесе жеке топтық жұмыстардың көмегімен баланың пәнге деген қызығушылығын осы жұмыс дәптері арқылы арттыруға болады. Бұл еңбек «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. Ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыс дәптерде тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Дескрипторлары мен ұпайлары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген. Бұл жұмыс бастауыш сынып мұғалімдеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған. Мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

### **Міндеттері:**

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.

- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

### **Әдістеме.**

Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты ережелері бағдарламасына сай коммуникативтік оқу-әрекеттері мен білім, білік дағдыларды іске асыру мақсатында оқу мақсаттары сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалынып ұсынылған. Сонымен қатар, оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отыратындығын ескере, ұсынылып отырған бағдарлама «спиральді оқыту» әдісі негізінде жұмыс жасау арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым,

жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін шыңдау мақсатында құрылған . Жұмыс дәптері тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды.

Жаңартылған білім стандарты мазмұнына сәйкес мектеп табалдырығында дамып, талпынып келе жатқан баланы ерте жастан, яғни бастауыштан бастап оқуға машықтандырып функционалдық сауаттылығын арттырып, қалыптастыруына ықпал жасау, қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мұғалімдерге және оқушыларға қосымша қажетті әдістемелік құрал ретінде аталған жұмыс дәптерді ұсынып отырмын. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

Бастауыш білім - үздіксіз білім берудің іргетасы, яғни алғашқы баспалдағы. Ал, бастауыш сынып мұғалімінің негізгі ұстанған мақсаты-білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс –тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда –оқу үрдісін дамыту. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты-тек білім, білік, дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты баланы тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі-жаңа технология негіздері болып табылады. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі.

Практикада қолдану.

Бөлімдік, тоқсандық жиынтық бағалауға дайындық жұмыстары кезінде басталмас бұрын оқушыларға орындалатын жұмыс барысының нұсқаулығы оқылып, түсіндіріледі. Білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады, түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған математикадан өздік жұмыс, тест түрлерін ұсынамын.

Математикадан өздік жұмыс

1.Үйдің нөмірі шығатындай әр қатардан екі терезеден боя.

15		
8	6	5
6	9	9
7	5	10

2.Тиісті өлшем бірлікті жаз.

7 дм 4 см = ..... см

63 см = .....дм .....см

2. Өрнек түрінде жаз және мәнін тап:

А) 30 бен 50- дің қосындысынан 40- ты азайт





жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 3, 4 тапсырмадан тұрады. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушы есептелген мәні, сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап бере алады. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушыдан максималды ұпай жинау үшін тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі. Сонымен бірге, оқушылардың математикалық тәсілдерді таңдай алу және қолдана алу қабілеті бағаланады. Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден тұрады. Жұмыс дәптері оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу дағдысын қалыптастыруға, ой-өрістерін дамытып, кеңейтуге, тапсырмаларды өздігінен іздену дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, математика пәніне қызығушылығын арттырады, өздігінен жұмыс істеуіне бағыт алады.

Қорытынды.

«Математикадан бөлімдік, тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстар жинағы» жұмыс дәптері тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған. 2- сыныпқа арнайы құрастырылған бұл жұмыс дәптері - оқушылардың алған білімдерін жетілдіруіне, өздігінен еркін жұмыс істеуіне ыңғайлы. Берілген тапсырмаларды орындау оқушының, ойлау қабілетінің дамуына, өз ойын жинақтауға, алған білімдерін есте сақтауға, бекітуге пайдаланады. Жаңартылған білім беру мазмұны деңгейінде нақты дайындалған. Бұл жұмыс дәптері математиканы оқыту бағдарламасына сәйкес, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, екі нұсқада әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, өрнектер, есептер, салыстырулар, сызбалар құрастырылған. Осы тапсырмалардың көмегімен оқушының тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жеткенін, қаншалықты меңгергендерін анықтауға болады. Бұл жұмыс дәптеріндегі бөлімдік, тоқсандық жиынтық бақылау кезеңдеріндегі құрастырылған тақырыптарды оқушы өздігінен орындай алады. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы әдіснамалық негіздермен қисынды. Әдістемелік тұрғыдан сәйкес, нақты, жұмыстың қорытындылары негізделген.



## ДҮНИЕЖҮЗІ САЯСИ КАРТАСЫНЫҢ, ҚАЗІРГІ БЕІНЕСІ ЖӘНЕ ЕЛТАНУ

Мұрат Қаныбек Рахманұлы  
Астана қаласы әкімдігінің №82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, география пәні мұғалімі

Дүниежүзінің саяси картасында елдің әлемдегі орны, саяси-әкімшілік құрылымы бейнеленеді. Сонымен қатар саяси картада басты саяси-географиялық өзгерістер: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, елдердің саяси мәртебесінің ауысуы, шекаралары мен аумағының, ел атауы мен астанасының өзгеруі және т.б. көрініс табады. Дүниежүзінің саяси картасындағы заңдылықтар мен өзгерістерді географияның саяси география деп аталатын саласы зерттейді. Дүниежүзінің саяси картасы тарихи кезеңдерде ұдайы өзгеріске түсуде. Оған әртүрлі факторлар ықпал етеді. Ол елдер арасындағы экономикалық қатынастар, геосаяси қатынастар, жер дауы, жерді жалға беру, айырбастау, халықаралық сот арқылы иемдену, сатып алу, теңізден тартып алу, ұлтаралық және дінаралық шиленістер, трансшегаралық су нысандары, көлік дәліздері сынды факторларды жатқызуға болады.

Әлемнің саяси картасы өзінің дамуында бірнеше тарихи кезеңнен өтті.

Алғашқы мемлекеттердің: Ежелгі Мысыр, Карфаген, Ежелгі Грекия, Ежелгі Римнің

дамуы мен күйреуімен сипатталатын ежелгі кезең (б.д. V ғасырына дейін).

Шаруашылықтар мен аудандардың оқшаулануын еңсерумен, феодалдық мемлекеттердің аумақтық басып алуға ұмтылысымен сипатталатын ортағасырлық кезең (V-XV ғғ.), осыған байланысты құрлықтың ірі бөліктері мемлекеттер арасында бөлінді: Киев Русь, Византия, Мәскеу мемлекеті, Қасиетті Рим империясы, Португалия, Испания, Англия.

Жаңа кезең (XV-XVI ғғ.) Еуропалық колониялық экспансияның басталуымен сипатталады.

Ең жаңа кезең (XX ғасырдың басынан бастап) Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы және XX ғасырдың басында іс жүзінде аяқталған жаңа кезеңді алмастыруымен сипатталады.

Беріліп отырған мақалада «Дүниежүзінің саяси картасының қазіргі бейнесі» қалай өзгеріп жатқандығы, негізгі әсер етіп жатқан факторлары жан-жақты қамтылған. Негізінен саяси картадағы өзгерістерді сандық және сапалық мазмұны бойынша басты екі түрін бөліп көрсетуге болады. Оның сандық түріне: ел аумағы ауданының өзгеруі, соғыстар нәтижесіндегі өзгерістер, аумақтың бейбіт түрде қосылуы, аумақтарды алмасу, аумақты шаю (теңізден құрлықты қайта алу), елдер санының өзгеруі, бірігуі, ыдырауын жатқызамыз. Ал, сапалық өзгерістеріне: мемлекет мәртебесінің өзгеруі, басқару түрін өзгертуі, әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту, елдің атауын өзгерту, елорданы көшіру, мемлекетаралық одақтар мен ұйымдардағы мүшеліктің өзгеруі секілді ерекшеліктері жатады. Мақала мазмұны, оқырман қауымының жалпы жаһандық деңгейдегі геосаяси және геоэкономикалық қарым – қатынастар әсерінен болып жатқан саяси картаның өзгерістерін саралауына, географиялық білімін шыңдауына, елдердің морфологиясы мен құрылымын анықтауға, картаны еркін визуализациялауына зор мүмкіндік берері сөзсіз. Сондай – ақ, саяси картаның қалыптасу кезеңдері арқылы хронологиясына мән беріп қана қоймай, себеп – салдарына анализ жасап, ой түйіндейді.

Дүниежүзінің саяси картасында елдің әлемдегі орны, саяси – әкімшілік құрылымы бейнеленеді. Сонымен қатар саяси картада басты саяси – географиялық өзгерістер: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, елдердің саяси мәртебесінің ауысуы, шекаралары мен аумағының, ел атауы мен астанасының өзгеруі және т.б. көрініс табады. Дүниежүзінің саяси картасындағы заңдылықтар мен өзгерістерді географияның саяси география деп аталатын саласы зерттейді. Мұның негізінде дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы мен басқару үлгілерінің таралу заңдылықтарына, мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарға, сондай-ақ мемлекеттік шекараларды анықтау мен халықтың қоныстануына байланысты болатын аумақтық қақтығыстарға қатысты күрделі мәселелер жатыр. Дүниежүзінің саяси картасы тарихи кезеңдерде ұдайы өзгеріске түсуде. Оған әртүрлі факторлар ықпал етеді.

Бұл өзгерістер болуы мүмкін:

- сандық
- сапалық

Әлемнің саяси картасындағы сандық өзгерістер ел аумағының өзгеруіне байланысты.

1. Ел аумағы ауданының өзгеруі: соғыстар нәтижесіндегі өзгерістер; аумақтың бейбіт түрде қосылуы; аумақтарды алмасу; аумақты шаю (теңізден құрлықты қайта алу).

2. Елдер санының өзгеруі: бірігуі; ыдырауы.

Саяси картадағы сапалы өзгерістер ел аумағының өзгеруіне байланысты емес: мемлекет мәртебесінің өзгеруі; басқару түрін өзгертуі; әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту; елдің атауын өзгерту; елорданы көшіру; мемлекетаралық одақтар мен ұйымдардағы мүшеліктің өзгеруі.

Әлемнің саяси картасының қалыптасу кезеңдері.

Әлемнің саяси картасы өзінің дамуында бірнеше тарихи кезеңнен өтті.

Алғашқы мемлекеттердің: Ежелгі Мысыр, Карфаген, Ежелгі Грекия, Ежелгі Римнің дамуы мен күйреуімен сипатталатын ежелгі кезең (б.д. V ғасырына дейін).

Шаруашылықтар мен аудандардың оқшаулануын еңсерумен, феодалдық мемлекеттердің аумақтық басып алуға ұмтылысымен сипатталатын ортағасырлық кезең (V-XV ғғ.), осыған байланысты құрлықтың ірі бөліктері мемлекеттер арасында бөлінді: Киев Русь, Византия, Мәскеу мемлекеті, Қасиетті Рим империясы, Португалия, Испания, Англия.

Жаңа кезең (XV-XVI ғғ.). Еуропалық колониялық экспансияның басталуымен сипатталады.

Ең жаңа кезең (XX ғасырдың басынан бастап). Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы және XX ғасырдың басында іс жүзінде аяқталған жаңа кезеңді алмастыруымен сипатталады.

XX ғасырдың неғұрлым маңызды тарихи оқиғалары Жаңа кезеңдегі әлемнің саяси картасын қалыптастырудың негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың бірінші жартысы (40-шы жылдардың соңына дейін) екі маңызды оқиғамен атап өтілді - Бірінші дүниежүзілік соғыс және Ресейдегі Қазан революциясы.

Осы оқиғалардың нәтижесінде Еуропаның картасы айтарлықтай өзгерді (Австрия-Венгрияның ыдырауы, КСРО әлемінде алғашқы социалистік мемлекеттің пайда болуы).

1) 1939-1940 жылдары Балтық бойы елдері мен көршілес аумақтарды қосып алу есебінен КСРО аумағы кеңейе түсті. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Польша, Югославия, Грекия аумақтары бөліске түсіп, Германия Еуропаның көптеген елдерін басып алды. Соғыста жеңіліске ұшыраған Германияның, сондай-ақ Италияның, Югославияның, Польша мен КСРО-ның мемлекеттік шекаралары өзгеріп, саяси картада Югославия Федеративтік Республикалар Одағы (ЮФРО), ГФР мен ГДР мемлекеттері пайда болды. Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндияның соғысқа дейінгі шекаралары қалпына келтірілді. Шығыс Еуропада пайда болған социалистік мемлекеттер біртұтас блокқа бірікті. Еуропада осы жылдары басталған шекараларды қалпына келтіру жұмысы қазірге дейін жалғасын табуда.

2) 40-50 жж. бірінші кезекте Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен атап өтілді, бұл өз кезегінде:

- отарлық жүйенің ыдырауының басталуына және егеменді мемлекеттердің (Үндістан, Индонезия, Пәкістан және т.б.) құрылуына;
- социализмнің әлемдік жүйесін құруға және социалистік елдерді біріктіруге әкеліп соқты.

Азияда бұл кезеңде Индонезия мен Вьетнам, Филиппин, Үндістан, Бирма (қазіргі Мьянма), Цейлон (қазіргі Шри-Ланка) тәуелсіздігін алды. 1948 жылы Корея бөлініп, 38° с.е. бойымен жүргізілген демаркациялық сызықтың солтүстігінде КХДР, ал оңтүстігінде Корея Республикасы пайда болды. Осы жылы БҰҰ шешімімен Израиль мемлекеті қалыптасты. 1949 жылы Азияның мемлекеті – Қытайда мемлекеттің құрылымы өзгеріп, Қытай Халық Республикасы жарияланды.

3) 50-80 жылдардағы кезең:

- әлемдік отарлық жүйенің күйреуі;
- капитализм мен социализмнің әлемдік жүйелерімен күресіндегі шиеленісуілер;
- «үшінші әлем» елдерінің бағдарын таңдауы.

XX ғасырдың 50–60-жылдары Азия мен Африкадағы отарлық иеліктердің тәуелсіздік алуымен байланысты саяси картада үлкен өзгерістер болды. Азияда Ұлыбритания мен Францияның иеліктері негізінде бірнеше тәуелсіз мемлекеттер (Мальдив аралдары, Камбоджа, Пәкстан Ислам Республикасы, Бангладеш, Сингапур, Кувейт және т.б.) пайда болды. Осы кезеңде Африкада 40-қа жуық мемлекет тәуелсіздігін алды. Тарихта “Африка жылы” деген атқа ие болған 1960 жылы Африканың 16 елі тәуелсіздігін жариялады.

4) 90 жж. – халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы кезеңі.

Бұл дағдарыс саяси картадағы үлкен аумақтық өзгерістерге алып келді. КСРО-ның ыдырауы және оның орнына 15 жаңа тәуелсіз мемлекеттердің (Ресей, Украина, Беларусь, Молдова, Литва, Латвия, Эстония, Грузия, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан) пайда болуы. Әлемдік социализм жүйесінің құлдырауы 1991 жылы Варшава шарты ұйымы мен Экономикалық өзара көмек кеңесінің қызметін тоқтатуға әкелді.

1990 жылы:

- ауданы мен халқының саны бойынша өзін-өзі басқармайтын ең ірі территория Намибия тәуелсіздік алды;
- Оңтүстік Йемен (Йемен Халықтық Демократиялық Республикасы) мен Солтүстік Йемен (Йемен Араб Республикасы) бірігіп, Йемен Республикасы жарияланды;
- 1949 жылдан бөлініп шыққан Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы бірікті.

1992 жылы:

- Югославия Федеративтік Республикасының Словения, Хорватия, Македония, Босния және Герцеговина, Сербия және Черногория тәуелсіз мемлекеттеріне ыдырауы.

1993 жылы:



- Чехословакия федеративтік мемлекетінің екі егеменді мемлекет Чехия мен Словакияға ыдырауы; екі герман мемлекетінің қайта қосылуы;

1994 жылы:

- АҚШ-тың Палау қамқорлығы тоқтатылып, тәуелсіз Палау Республикасы құрылды.

1997 жылы:

- Заир Республикасы Конго Демократиялық Республикасы болып атауын өзгертті; Батыс Самоа Самоа деп аталды;

99 жыл бойы Ұлыбританияның отары болған Гонконг Қытайдың бақылауына өтті.

1998 жылы:

- Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы Фиджи аралдары Республикасы ретінде атала бастады;

- Эфиопия федеративтік республикаға айналды.

1999 жылы:

- Португалия колониясы Макао (Аомен) Қытайдың бақылауына өтті.

2002 жылы:

- Индонезия әскерлері басып алған бұрынғы португал отары Шығыс Тимордың тәуелсіздігі жарияланды;

- Югославия Федеративтік Республикасы «Сербия және Черногория» деп аталды (республикалардың біртұтас қорғаныс және сыртқы саясаты болуы керек, бірақ экономикасы, валюталық және кедендік жүйесі бөлек болды).

2006 жылы:

- Референдум қорытындысы бойынша Черногория тәуелсіздігі жарияланды.

2007 жылы:

- 2007 жылы желтоқсанда Уақытша парламент Непалды федеративтік демократиялық республика деп жариялады.

Әлемнің саяси картасындағы соңғы кезеңдегі маңызды өзгерістеріне мыналар жатады:

1. 2008 жылы Ресей Абхазия мен Оңтүстік Осетияның тәуелсіздігін тануы

2. Косовоның Сербиядан тәуелсіздігін жариялау. Бүгінгі таңда Косовоның егемендігін

98 ел мойындады.

3. Оңтүстік Суданның 2011 жылы тәуелсіздік алуы

4. 2014 жылы Қырым Республикасы мен Севастопольдің Ресей құрамына кіруі

5. 2018 жылы Свазиленд Эсватини деп қайта аталуы

6. Қазақстанның елордасын Астанадан Нұр-Сұлтан деп, содан кейін қайтадан Астана деп қайта өзгертуі.

7. 2019 жылы Македония Республикасын Солтүстік Македония Республикасы деп қайта аталуы.

8. 2022 жылы Ресей құрамына ДХР (ДНР), ЛХР (ЛНР), Запорожье және Херсон облыстарының кіруі.

Дүниежүзінің саяси картасында елдің әлемдегі орны, саяси-әкімшілік құрылымы бейнеленеді. Сонымен қатар саяси картада басты саяси-географиялық өзгерістер: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, елдердің саяси мәртебесінің ауысуы, шекаралары мен аумағының, ел атауы мен астанасының өзгеруі және т.б. көрініс тапқандығы жайлы мақалада жан-жақты қарастырылды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, дүниежүзі саяси картасы қалыптасуының негізгі себебі осы аталған халықаралық қатынастардың жиынтығы негізінде қалыптасатыны белгілі болады.



## ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

**Есенова Ләззат Тәжденқызы**  
**Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»**  
**мамандандырылған лицей» КММ,**  
**директордың бейінді ісі жөніндегі**  
**орынбасары**

Жас маманмен жұмыс – жас маманның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі болғандықтан, білім беру үдерісіндегі маңызды жұмыстардың бірі. Білім беруде нәтижеге жету оңай жұмыс емес. Білім беру міндеті білім сапасын көтеруді мақсат етіп қояды. Педагог алға қойған мақсатқа жету үшін үнемі шығармашылықпен жұмыс жасап, педагогикалық құзыреттілігін дамытып отыруы қажет.

Жас маманның мамандығына кәсіби бейімделуі барысында олардың белсенділігін, мақсатты әрекетін, мектептің оқу-тәрбие процесінің шығармашылық сипатына мектеп директорының ғылыми-әдістемелік орынбасары, әдістемелік бірлестік және маманның тағайындалған тәлімгері жол сілтейді. Осылардың нәтижесінде олар өздерін танытуға, еңбек процесінде өз орнын табуға қажетті біліммен сусындайды, пәнге деген қызығушылығы артады, таңдаған кәсібіне оң пікірі, дағдылары мен білігі, ақыл-ой қызметін тиімді ұйымдастыру қабілеті мен кәсіби іскерлік қасиеттерді дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби өз бетімен білім алу жұмысының жүйесі қалыптасады.

Жас маманды ортаға ықпалдастырып, нормативтік-құқықтық сауаттылығын арттыра отырып, психологиялық қолдау, сүйемелдеу модулін көрсету, өз ортасына қарамай үнемі ізденіс үстінде жүретін, өмір бойы білім алуды тоқтатпай, мұғалімдік қызметтің қиындығына мойымайтын, кез келген жағдаяттан өз бетінше шыға алатын, тынымсыз еңбек ететін маманды дайындау – тәлімгердің басты қызметі.

Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда еңбек жолын жаңа бастаған, іс-тәжірибесі аз педагогтерді қолдау мақсатында бағытталған қызмет ерекше маңыздылық атқарады. Жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін ашу және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында жас мамандар мен озық тәжірибелі мұғалімдердің байланысын бекітіп, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету үшін тәлімгер бекітілді.

Осы тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

Тәлімгер – педагогикалық қызметте практикалық тәжірибесі бар, оқытудың үздік әдістемелерін, оқытудың инновациялық технологияларын меңгерген және тәлімгерлікті жүзеге асыратын орта білім беру ұйымының педагогі;

Жас маман – орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен тұлға.

Тәлімгерліктің мақсаты – жас маманның қажетті кәсіби және адамгершілік қасиеттері бар, кәсіби өсуі мен дамуға дайын білікті педагог ретінде қалыптасу процесін жеделдету болып табылады.

Тәлімгерліктің міндеттері:

- 1) жас маманның табысты бейімделуіне жәрдемдесу;
- 2) жас маманға педагогті кәсіби қызметін жүргізу үшін қажетті тұрақты практикалық дағдыларды меңгеруіне көмек көрсету;
- 3) тәлімгерлік жүргізу шеңберінде коллаборативтік оқытуды ұйымдастыру және іске асыру.

Тәлімгерлік кезеңінде жас маман:

- 1) өзінің кәсіби деңгейін, ұйымдастырушылығын, тәртібін, практикалық дағдыларын меңгеруін жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді;
- 2) тәлімгерден жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін үйренеді;
- 3) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәлімгердің ұсынымдарын басшылыққа алады;
- 4) тәлімгердің және мектептің басқа да педагогтерінің сабақтарын бақылайды және оларды талқылауға қатысады;
- 5) ынтымақтастықтың аралық нәтижелерін бағалау үшін әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің отырыстарында өзінің жұмысын таныстырады;
- 6) ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысады.

Жас мамандарға әдістемелік кеңес

Сабақта мұғалімнің шеберлігі оқыту әдістемесін жақсы меңгерумен қатар педагогикалық ғылымдағы жаңа әдіс-тәсілдер мен шығармашылық жұмыстарды ұтымды пайдалануынан да көрінеді.

Оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижеліліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып қызықтыра білуінде. Біріншіден, мұғалім өз пәнін сүйетін, терең білімді, шығармашылықпен жұмыс істейтін, ізденгіш, әдіскер, шебер болуы керек. Оның үстіне өз пәнін талдай алатын теориялық білімі мол, сауатты болуы шарт.

Екіншіден, шәкірттермен қарым-қатынасының жоғары мәдениеттілігі талап етіледі. Мұғалім шәкіртімен терезесі тең адамдай сөйлесіп, оларды өз ойларын қысылмай-қымсынбай айтуға, пікірін еркін, ашық айтуға тәрбиелеп отыруы керек. Оқушы мұғалім қойған талапты зорлықпен емес, саналылықпен орындасын. Сонда ғана оқу да, тәрбие де арнасына түседі.

Сабақ құрылымына қойылатын заманауи талаптар

Қазіргі қоғамға білімді, адамгершілігі мол, іскер адамдар қажет, олар: әрекеттеріңізді талдау;

- өз бетінше шешім қабылдау, олардың ықтимал салдарын болжау;
- мобильді болу;
- ынтымақтастық жасай білу;
- ел тағдыры, оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуі үшін жауапкершілікті сезіну.

Оқытудағы қазіргі көзқарастың түбегейлі айырмашылығы – негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне стандарттарды бағдарлау. Нәтижелер тек пәндік білім ретінде ғана емес, сонымен қатар осы білімді практикалық іс-әрекетте қолдана білу ретінде түсініледі. Сондықтан оқу іс-әрекеті белсенділік тәсілі негізінде құрылады, оның мақсаты әрекеттің әмбебап әдістерін меңгеру негізінде оқушы тұлғасын дамыту болып табылады. Бала оқу материалын пассивті қабылдаумен дами алмайды. Болашақта оның тәуелсіздігінің қалыптасуына негіз бола алатын оның өзіндік әрекеті.

Қазіргі сабаққа қандай талаптар қойылады:

- жақсы жабдықталған сыныпта жақсы ұйымдастырылған сабақ жақсы басталып, жақсы аяқталуы керек;
- мұғалім өз іс-әрекетін және оқушылардың іс-әрекетін жоспарлауы, сабақтың тақырыбын, мақсатын, міндеттерін нақты тұжырымдау керек;
- сабақ проблемалық және дамушы болуы керек: мұғалімнің өзі оқушылармен ынтымақтастықты мақсат етеді және оқушыларды мұғаліммен және сыныптастарымен ынтымақтастыққа қалай бағыттау керектігін біледі;
- мұғалім проблемалық және ізденіс жағдайларын ұйымдастырады, оқушылардың белсенділігін белсендіреді;
- қорытындыны оқушылардың өздері жасайды;
- уақытты үнемдеу және денсаулықты үнемдеу;
- сынып бейіні, оқушылардың талпынысы, балалардың көңіл-күйі сияқты аспектілерді ескере отырып, оқушылардың деңгейі мен мүмкіндіктерін ескеру;
- кері байланысты жоспарлау;
- сабақ жақсы болуы керек.

Алдын ала мұқият дайындалған сабақ қана қазіргі мектеп оқушылары үшін ақпарат пен пайдалы білімнің нағыз қоймасына айналуы мүмкін.

Мұғалім болу психологиялық және кәсіби, әлеуметтік жағынан да күрделі процесс. Осы кезеңде ол ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың ең айқын тұлғаға жағымды әсер етудің тұтас кешенінің нәтижелерін көрсетеді. Білім беру мекемесі жас



мамандарға адаптациядан өтудің тәжірибе алаңы болып табылады

Білім беру мекемесінің міндеті – жаңадан бастаған мұғалімге өзінің қабілетті, дарынды, кәсіби мамандығын дұрыс таңдағанын түсінуі үшін көрсете алатын адамның дұрыс кәсіби таңдауы жоғары жұмыс нәтижелері және үздік кәсіби жұмыстарын көрсету сапасына көмектеседі.

Жас мамандармен жұмыс істеуде жүйелілікті жүзеге асыру және негізгі өзара байланысты салаларды бөліп көрсетудегі іс-шаралар:

- ғылыми-теориялық, психологиялық-педагогикалық білімдерін арттыру, жас маманның әдістемелік дайындығы;
  - жас маманның оқу бағдарламасын терең меңгеруі;
- Заманауи сабаққа/әрекетке қойылатын талаптар:
- жас маманның кешенді тәсілді меңгеруі, тәрбие жұмысы, тәрбиелік оқыту әдістемесін меңгеру;
  - пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын заманауи талаптарды меңгеру;
  - озық оқытуды зерделеу және тәжірибеге енгізу педагогикалық тәжірибе және педагогика ғылымының негізгі жетістіктері, сондай-ақ жас маманның шығармашылық қызметін ұйымдастыру;
  - өзінің педагогикалық ұстанымын таңдау мәдениетін тәрбиелеу.

Жас мамандармен жұмыс жасаудағы мақсат – оларды табысты ету, шығармашылықпен айналысуда олар өздерін жүзеге асыра алатын кеңістікті дамыту.

Мамандықты тәжірибе арқылы меңгеру өте жақсы және негізгі функционалдық дамуын қамтитын ұзақ процесс мұғалім мен сынып жетекшісінің міндеттері, нормативпен танысу оқу-тәрбие процесінің құқықтық негіздері, кәсіби тұлғаны қалыптастыру, құзыреттер мен кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру. Сонымен бірге, жаңадан бастаған мұғалімдер оқытуға жаңа көзқарастар әкеле алады, білім беру, оқушыларды дамыту мәселелері бойынша «жаңа» идеяларды бастауда педагогикалық ұжым көмектесе алады. Осылайша, кәсіби процесті сауатты басқаруға бейімделуіне кәсіби даму ғана емес сонымен қатар олардың дамуына оқу орындары да ықпал етеді.

Алғашқы күннен бастап жас маманмен жақсы құрылымдалған жұмыс және оның кәсіби ортаға енуі табысты факторлардың бірі болып табылады.

Мұғалім болу – кәсібилікті ғана емес, әдістемелік стратегияларды терең түсінуді талап ететін ұзақ және күрделі процесс. Әсіресе, жас мұғалімнің ұстаздық қызметтегі алғашқы жылдары тәжірибенің аздығы мен тиімді оқытуды білмегендіктен қиын болуы мүмкін. Бұл мақалада жас мұғалімге өз мансабын сәтті бастауға көмектесетін бірнеше оқыту стратегиялары мен тәсілдерін ұсынылған:

1. Тәлімгерлік: Жас маманға көмектесудің тиімді әдістерінің бірі – тәлімгерлік. Тәжірибелі әріптестер жаңадан келген жас мамандармен өз іс-тәжірибелерін, бірлескен сабақтар өткізу арқылы оқыту әдістерін талқылай алады.


2. Кері байланыс: Жаңадан келген жас маманның олардың күшті және әлсіз жақтары туралы түсінік алуы үшін кері байланыс жасау маңызды. Бұл олардың қай жерде біліктілігін арттыру керектігін және оны қалай жасау керектігін жақсы түсінуге көмектеседі.

3. Біліктілікті арттыру: Арнайы шебер-сыныптар, семинарлар немесе тренингтер ұйымдастыру арқылы жас маманға әдістемелік көмек көрсету үдерісіндегі маңызды қадам болуы мүмкін. Жаңа әдістер мен тәсілдерге оқытуға қол жеткізу олардың кәсіби деңгейін арттыруға көмектеседі.

4. Ұжымның қолдауы: Білім беру мекемесінде қолайлы орта мен өзара қолдау атмосферасын құру жас маманның оңай бейімделуіне және әріптестерінен қолдау табуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, жас маманың әдістемелік дамуына көмектесу оның кәсіби мансабын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әртүрлі әдістер, тәлімгерлік, кері байланыс және әріптестерге қолдау көрсету – бұл жас маманның еңбек жолының сәтті бастауына ықпал ететін қолдаудың маңызды аспектісі болып табылады.

## «STEM ЗЕРТХАНАСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ



**Есенова Ләззат Тәжденқызы**  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицей» КММ, информатика пәні мұғалімі

**Нурлыбекова Райхан Байтилеуовна**  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицей» КММ, физика пәні мұғалімі

XXI ғасыр – ақпараттық жүйе технологиясын қолдану ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Жұмыстың өзектілігі: Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті оқушы даярлау – мұғалімнің басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа жүйені және өмірде қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Осы өзекті мәселені шешуде «STEM зертханасы» элективті курс бағдарламасымен жұмыс жасауға дағдылану маңызды.

Физика сабағында ақпараттық жүйені пайдалану оқушылардың ақпараттық күзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі.

«Физика» оқу пәні ретінде өз білім саласында қоршаған әлемнің сансыз құбылыстарында орын алатын табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Физика ғылымы адамзат мәдениетінің маңызды құраушысы болып табылады. «Физика» пәнінің мақсаты – бұл оқушының ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық зеректік қабілетін дамыту, физиканың қазіргі қоғам өмірінде және жалпы адамзат мәдениетін дамыту, табиғатқа ғылыми көзқараспен қарау, физикадан берілетін білімді түрлі мәселені шешуде шығармашылықпен қолдануға алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар біліктер мен дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру болып табылады. Осы орайда дамыған озық технологиялармен жұмыс жасауды үйретуде, физика және информатика пәндерін байланыстыра оқыту, оқушының шығармашылық, логикалық, іскерлік, т.б. қабілеттерін дамытуда көп септігін тигізеді.

Мұғалім мектеп физикасының әдістеме сабағында тақырыптық материалды ұтымды әрі әсерлі өткізу үшін теорияны көрнекілік тәжірибемен қоса сол процестерді бағдарламалау арқылы оқушылардың зерттеу қабілетін арттырады. Сонымен қатар оқушы зертханада қарастырылған құралдармен жұмыс жасауды меңгеріп, өмірде пайдалана алатындай деңгейге жетеді. Мұндай жұмыстарды жасау оқушыларға болашақтағы мамандықтарын таңдауға, сол мамандық бойынша терең білім алуға үйретеді. «STEM зертханасы» бағдарламасында қарастырылған құралдармен эксперименттік есептерді шығару, оқушылардың алған білімді шығармашылықпен қолдануға және оларды қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар эксперименттік жұмыстарды күнделікті өмірмен байланысты, қысқа уақытта қол жетімді етіп жасау, оқушының ой-өрісін дамытып, оған біліміншеңдай түсуге мүмкіндік береді.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Ол оқушылардың XXI ғасырда табысқа мен бәсекеге қабілеттіліктің қажет негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған.

STEM – білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Ол оқушының сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.

STEM – сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Қазір бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика)

Курстың мақсаты:

- Физика және информатика пәнін сабақтастырып оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамытуды қалыптастыру;
- Физика және информатика пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың табиғат құбылыстарын бақылай білуге, оларды талдауға, олардың заңдылықтарын түсініп, практикада қолдана білуге, бұл құбылыстарды бағдарламалап, алынған өнімдермен өңдеу жұмысын жасап, оқушыларды еңбекке баулуға үйрету;
- физика сабақтарында эксперименттік, зертханалық жұмыстарды жасап, есептеулер жүргізіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- физиканы оқыту үрдісі нәтижелі болу үшін оқушылардың логикалық санасы мен шығармашылық ойлауын дамыту;
- оқушыларды физикалық құбылыстарды компьютер арқылы модельдеуге дағдыландыру, физикалық шамалардың тәуелділігін зерттеуге үйрету.

Курстың міндеттері:

- физикалық эксперименттер жасап, физикалық шамаларды өлшей білуге үйрету, негізгі құрал түрлерінде жұмыс жасай білу;
- физикалық құрал-жабдықтармен жұмыс жасау және бағдарламалау арқылы зерттеу нәтижесіне қорытынды жасай білу;
- STEM зертханасындағы жұмыстарды жасап, ғылыми жаңалықтарды іздеу;
- физикалық эксперименттік тапсырмаларды ұғынудың тиімді тәсілдерін табу;
- физиканың қазіргі заманғы ғылым мен техникадағы жетістіктерін ұғыну оларды пайдалануға үйрету.

Бағдарлама алты бөлімнен тұрады:

- 1 бөлім. Кіріспе (1сағат)
- 2 бөлім. Лазерлі принтер( 5 сағат)
- 3 бөлім. Жарыс дроны(8 сағат)
- 4 бөлім. XY-PlotterRobot Kit v2.0(8 сағат)
- 5 бөлім. Mindstorms lego (8 сағат)
- 6 бөлім. Қорытынды (4 сағат)

Курстан күтілетін нәтиже:

Мектептің «STEM зертханасы» курсын оқытудағы ең маңызды әдістердің бірі – тәжірибе техникасын пайдалану. «STEM зертханасында» эксперименттік оқыту барысында табиғат заңдарын жете түсініп, физика заңдылықтарын терең түсінуге септігін тигізеді. Оқушыларды техниканың тілін түсініп, физикалық процестерді бағдарламалап оны игере білуге талаптанадырады.

Қазіргі кездегі етек алып келе жатқан игі әдістемелік бағдарлардың бірі – теориялық проблеманы айқындап, сабақ барысында жауабын оқушылар өзі табуға әдеттендіру. Бұл әдістемелік бағдар оқушылардың ой-санаттарын сабақ бойы белсенді, мұғалім қойған проблемалық жәйттің (ситуация) бар ынта-ықыласымен шешімін табуға жетелейді. Бағдарлама физика заңдылықтарын өмірде пайдаланып, оның жақсы және адам өміріне зиянды жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

Лазерлі принтердің жұмыс жасау кезіндегі физикалық заңдарын зерттеу.

Лазерлі принтердің құрылысын зерттеу

Лазерлі принтердің жұмыс жасау принципін зерттеу.

Лазерлі принтерде суретті бағдарламалау тілін теориялық тұрғыда қарастыру.

Лазерлі принтерде суретті бағдарламалау

Алынған суреттерді өңдеуге жіберу.

Қорытындылау

Қорытынды тест жұмысы

Жарыс дронын құрастыру

Жарыс дронын басқаруға арналған жинақпен танысу

Жарыс дронын басқаруға арналған жинақпен танысу

Жарыс дронын құрастыруға және басқаруға арналған жинақтың физикалық заңдарын қарастыру



Есептер шығару  
Жарыс дронын құрастыруға және басқаруға арналған жинақты құрастыруға арналған материалдарды зерттеу

Жарыс дронын құрастыруға және басқаруға арналған жинақты құрастыру  
Жарыс дронын құрастыруға және басқаруға арналған жинақтың оқу бағдарламасын зерттеп, іске қосу

Есептер шығару

Зерттеулер жүргізу, жұмыс жасау принципін өзгерте отырып функцияларын зерттеу.

Жоба жасау.

Қорытынды тест жұмысы

XU-PlotterRobot Kit v2.0 құрылғысымен танысу

XU-PlotterRobot Kit v2.0 құрылғысының жұмыс жасау принципін зерттеу

XU-PlotterRobot Kit v2.0 роботының қандай физикалық заңдармен жұмыс жасайтынын зерттеу

Есептер шығару

XU-PlotterRobot Kit v2.0 құрылғысын іске қосу, тәжірибелер жасау.

Жоба жасау

Өңдеу станоктарымен танысу, олардың физикалық заңдарына назар аудару

Станоктардағы жұмыстарды есептеу арқылы эксперименттік есептер шығару.

Қорытынды тест жұмысы

mindstorms legоны құрастыру және бағдарламалау

Mindstorms legомен жобаға қатысу

mindstorms legoEV3 құрастыру және бағдарламалау

mindstorms legoEV3 жобаға қатысу

Қорытынды тест жұмысы

«STEM зертханасы» элективті курс бағдарламасын оқуда оқушылар өмірге қажетті дағдыларды меңгереді. мысалы ретінде айтатын болсақ, Лазерлі принтер арқылы ағашқа, оргшынға суреттерді басып шығарып, ол суреттерді өз күштерімен станоктарда өңдеуге үйренеді. Өңделген жұмысты дайын күйде сақтауға немесе досына өз еңбегін сыйға тарта алады. Келесі жұмыс жарыс дроны бұл жұмысты құрастыруда оқушылардың информатика пәнінен және физика пәнінен алған білімдерін қолдану дағдысын дамытады. Құрастыру жұмысы аяқталған соң қызықты бағдарламалар жазып, дронды қолдана алады. XU-PlotterRobot Kit v2.0 баспа принтері оқушылардың инженерлік құрастыру дағдысын дамытады, оқушылар информатикадан алған білімдерімен байланыстыра суреттердің эскизін робот арқылы сызуға, оны түрлі түсті түстермен бояуға үйренеді. Келесі бұл зертханағы құрал mindstorms legoEV3 болып табылады бұл жұмысты жасау кезінде оқушылар lego құрастыруға құрастырған роботқа қызықты тапсырмалар беруге бағдарлама жазып, түрлі сайыстарға қатыса алады.

Мұндай жұмыстарды сабақ барысында қолданудың артықшылығы оқушылар үшін стандарттан тыс алған пәндік білімдерін қолдануға үйретеді, қосымша жеке әртүрлі принтерлерде жұмыс жасау дағдысын дамытып, мектеп бітіргенде осы құралдарды жетік меңгерулеріне көмектеседі. Бірақ кемшілік тұстарымыз да бар, құрал 1 дана болғандықтан, көп оқушыларды жаппай қамту мүмкін емес. Құралдарды да көп қолданса күйіп кету мүмкіндігі бар.

«STEM зертханасы» секілді элективті курстарды мектептерге көп енгізу керек деп ойлаймыз, себебі оқушының қандай да бір құралды меңгеріп жұмыс жасау дағдасын дамытады.

Қорытындылай келе, бұл «STEM зертханасы» атты элективті курс бағдарламасы қазіргі таңда қарыштап дамып келе жатқан жаңа технологияның заманына сай бағдарлама, бұл бағдарламамен жұмыс жасау бірнеше пән сабақтастығынан тұратын болғандықтан, оқушыларды жан-жақты дамытуға, алған білімдерін өмірлерінде қолдануға көмектеседі, сонымен қатар оқушылардың физика, информатика, математика, технология пәндеріне деген қызығушылықтарын дамытуға көмектеседі. Зертханалық жұмыстары өте қызықты, оқушылардың логикалық ойлау кеңістігін мейлінше кеңейте алады. Болашақта қызықты жобалар жасауға бағыттайды. Бағдарлама бойынша дәріс, практикалық сабақтар көрсетілген. Дәріс сабақтарында оқушылар құралдармен танысса, практикалық сабақтарда ол құралдарды құрастыру және құралдармен жұмыстар жасауға дағдыланады. Сонымен қатар тек оқушылар емес, мұғалімдер де түрлі техниканың жұмыс жасау принципімен танысып өзін жетілдіре алады. Пәнаралық байланысты жетілдіре алады.



## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТІЛДІК ТӨРТ ДАҒДЫНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Икишева Ботагоз Амангелдиевна  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні  
мұғалімі

**Аңдатпа.** Мәтін білім берудегі кез келген тақырыпқа маңызды тірек болып табылады. Тақырыптың мақсаты мен ниетіне байланысты әр түрлі ақпарат көздерінен таңдалған мәтін өзінің негізгі қызметін толық жүзеге асыра алады.

Әсіресе, қазақ тілін оқу мен оқытуда мәтіннің негізгі міндеті білім берумен қатар, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, өз ойын анық және толық жеткізуге, жазбаша сауаттылықты қалыптастыруға үйрету, сонымен қатар олардың қазақ тілінде ойлау қабілетін дамыту.

Сонымен бірге мәтіннің дискурстық ерекшеліктерін тану, оны тыңдау, оқу, жазу және сөйлеу түрінде оңтайлы қолдану мұғалімнің шығармашылық шеберлігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: лингвистика, экстралингвистика, мәтін, әдістер, құзыреттілік, жазбаша сауаттылық, дискурс, қарым-қатынас, тыңдау, оқу, жазу, шығармашылық дағдылар.

Аннотация. Текст является важной опорой для любой темы в образовании. Однако, в зависимости от цели и намерения субъекта, выделенный из различных источников текст может полноценно осуществлять свою основную деятельность.

В частности, в преподавании и обучении казахскому языку основной задачей текста, помимо образования, является совершенствование коммуникативных навыков учащихся, обучение ясному и полному изложению своих мыслей, обучение грамотному формированию письменной речи, а также развитие их мышления на казахском языке.

При этом оптимальное использование дискурсивных особенностей текста в форме аудирования, чтения, письма и речи свидетельствует о творческом мастерстве учителя.

Ключевые слова: лингвистика, экстралингвистика, текст, методы, компетентность, письменная грамотность, дискурс, общение, аудирование, чтение, письмо, творческие навыки.

Annotation. The text is an important support for any topic in education. However, depending on the purpose and intention of the topic, a text selected from different sources can fully carry out its main function.

Especially in teaching and teaching the Kazakh language, the main task of the text, along with education, is to improve students' communication skills, teach them to express themselves clearly and fully, teach them to form competently in writing, as well as develop their thinking in the Kazakh language.

At the same time, the optimal use of the discursive features of the text in the form of listening, reading, writing and speaking indicates the creative skills of the teacher.

Key words: linguistics, extralinguistics, text, methods, competence, written literacy, discourse, communication, listening, reading, writing, creative skills.

Кіріспе

Функционалды сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық - қоғамдық әл-ауқаттың көрсеткіші. Жақын болашақта функционалдық сауаттылық өркениеттің, мемлекеттің, ұлттың, әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның дамуының көрсеткіші болады.

Бүгінгі таңда мектептегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - оқушыны қазіргі әлемде бейімделуге дайындау. Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы - оқу

сауаттылығы. Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істей білу сәттіліктің міндетті шарты болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық-адамның, қоғамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу қабілеті және өзгермелі жағдайларда тез бейімделу қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың негізгі формалары: әртүрлі технологияларды таңдау және пайдалану мүмкіндігі. Мәселелерді көру және оларды шешу жолдарын іздеу мүмкіндігі. Өмір бойы оқу қабілеті. Мұғалім оқушыларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда ақпараттандыру құралдары мен ақпараттық технологияларды қолдануға дайын болуы керек.

Мәтін – білім берумен қатар қазақ тілін үйрету бағытындағы әрбір тақырыптың негізгі арқауы.

Әдістеме

Әдістерді қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына енгізу оқушыларға төрт тілдік дағдыларды дамытуға және жетілдіруге көмектеседі: айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым. Оларды оқушылардың қажеттіліктері мен қалауына байланысты өздігінен де, бір-бірден де қолдануға болады. Қазақ тілі оқытушысының негізгі мақсаты - оқыту тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу, оқыту-әдістемелік материалдардың кең спектрін ұсыну және білім беру қызметтері нарығындағы ең заманауи жетістіктерге негізделген өзінің қазақ тілін жетілдіргісі келетін және барлық жастағы білім алушыларға тілді оқытуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістеме. Ал қазақ тілін оқытудағы басты прагматика - өз ойларын осы тілде еркін айтуға мүмкіндік беретін деңгейге жету.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылымды, тыңдауды, оқуды және жазуды дамыту үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады.

1. Айтылым:

- Дыбыстардың дұрыс айтылуына баса назар аудару, грамматикалық жаттығулар.

2. Тыңдалым:

- Қазақ тілінде әртүрлі жанрдағы аудиожазбаларды (әндер, сұхбаттар, радио хабарлар) тыңдау, содан кейін мазмұнын талқылау.

3. Оқылым:

- Қысқа әңгімелер мен әңгімелерден бастап қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларына дейінгі әртүрлі күрделіліктегі мәтіндерді зерттеу.

4. Жазылым:

- Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін әңгімелер, Өлеңдер, эсселер, хаттар мен күнделіктер жазу сияқты шығармашылық тапсырмалар

Айтылым, тыңдау, оқу және жазуды қоса алғанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында төрт тілдік дағдыларды жетілдіру үшін бірнеше тиімді әдістер бар. Міне, олардың кейбіреулері:

1. Тыңдау және сөйлесу практикасы: Бұл тыңдау мен сөйлеу дағдысын жақсартуға, сондай-ақ қазақ тілінде сөйлеуді түсінуді дамытуға көмектеседі.

2. Мәтіндерді оқу және талдау: оқушыларға әртүрлі күрделіліктегі қазақ мәтіндерін, соның ішінде әдебиет туындыларын ұсыныңыз. Бұл қазақ тілінде оқу дағдысын, сондай-ақ мәтіндерді түсіну және талдау қабілетін дамытуға көмектеседі.

3. Айтылыммен жұмыс: қазақ тіліндегі дыбыстар мен сөздердің дұрыс айтылуына назар аударыңыз. Айтылу дағдысын дамыту үшін дыбыстар мен сөздерді қайталау және еліктеу жаттығуларын жасаңыз.

4. Жазу практикасы: оқушыларға эсселерді қоса алғанда, жазбаша тапсырмалар беріңіз. Бұл қазақ тілінде жазу дағдысын, сондай-ақ жазуда өз ойлары мен идеяларын білдіру қабілетін дамытуға көмектеседі. Жазылған жұмыстарды тексеру кезінде грамматикаға, тыныс белгілеріне және стиліне назар аударыңыз.

5. Кері байланыс және түзету: оқушыларға олардың жұмыстары мен қойылымдары туралы үнемі кері байланыс беріңіз.

6. Мультимедиялық ресурстарды пайдалану: сабақтарды қызықты әрі тиімді ету үшін бейнелер және онлайн курстар сияқты заманауи мультимедиялық ресурстарды пайдаланыңыз.

Осы аспектілердің әрқайсысы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының шеңберінде дами алады, оқушыларға тілдік дағдыларды жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытуға қосымша мынадай әдістемелерді енгізуге болады:

1. Топтық пікірталастар: оқушылардың ауызша сөйлеуін, аргументациясын және сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін әдеби шығармаларды қазақ тілінде топтық талқылау



жүргізу.

2. Шығармашылық жобалар: шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру, мысалы, шығармашылық жазу және өз ойын білдіру дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін қазақ өлеңдерін, қысқа әңгімелер немесе түрлі тақырыптағы эсселер жасау.

3. Мультимедиялық ресурстар: оқушылардың тілдік тәжірибесін байыту үшін қазақ тіліндегі аудио және бейне материалдарды пайдалану, бұл да тыңдау мен айтылымды дамытуға ықпал етеді.

4. Әдеби ойындар мен викториналар: оқушылардың қазақ әдебиеті мен тілін үйренуге деген қызығушылығын оятатын сабақтарда әдеби викториналар мен ойындар өткізу.

Бұл әдістемелер оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ете отырып, қазақ тілі мен әдебиетін неғұрлым толық және тиімді оқытуға ықпал етеді.

#### Практикалық қолдану

Еңдеше орыс топтарында өткізілетін практикалық қазақ тілі сабағында мәтінді тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне назар аударсақ. Негізгі ережелер Мәтінді оқыту материалы ретінде пайдалану үшін өзімізді тіл үйренуші оқушылардың орнына қоя отырып біраз талаптардан өткізуге тура келеді. Мәтін таңдау барысында біз алдымен тіл үйренушінің «сөзден-мәтінге» бағыты бойынша тіл білу деңгейін ескереміз. Осыған орай әртүрлі дереккөздерден тақырыпқа сай тыңдалым, оқылым мәтінін іздеу, таңдап алу, оны аудиторияға бейімдеп реттеп беру оңай емес. Артық жерін қысқартып, кем жерін икемдеу – оқытушыдан айтарлықтай шығармашылық шеберлік қажет етеді.

Мәтінді іріктеу, материал жинақтау кезінде біз 2 факторды ескеруіміз қажет.

1. Экстралингвистикалық факторлар: - мотивациялық; әдістемелік; қолжетімділік; білімгерлердің танымдық даму әлеуеті; өзектілік ресурсы секілді талаптарды; 2. Лингвистикалық факторлар: - мәтіннің прагматикалық әлеуеттілігі; грамматикалық сауаттылығы, мәтін құрылымы; мәтін түрлері секілді талаптарды қамтиды.

Осы екі фактордан мәтін таңдауда ескерілуі тиіс төмендегі 9 ұстаным шығады.

1. Мәтіннің білімгерлердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына сәйкестігі (мәтін мазмұнының күрделілік деңгейі білімгерлердің танымдық даму деңгейіне сәйкес болуы);

2. Ақпараттық өзектілігі (білімгерлерді қызықтыратын ақпарат бар);

3. Жағдаяттылығы («бұл жағдайда мен қандай шешім ұсынамын?» деген ой тудыра алуы);

4. Проблемалық (проблемалық түрткінің болуы және неге? деген сұрақты туындата алуы);

5. Әлеуметтік-мәденилігі (қоғам құбылыстарын дәл және шынайы сипаттау қызметі).

Сонымен оқылымның мәтін мазмұнын болжау әрекетіне негізделген алғашқы «Оқылымның дәйексөзі» тапсырмасы төмендегі орны ауысқан сөздерді ретімен қойып шығудан басталады.

Дәл осы тапсырманы «Құрақ» әдісімен, яғни дәйексөздегі сөздерді үш тілде араластырып беру сөз жоқ, оқушының қызығушылығын оятады. Келесі тапсырмада оқылым мәтіннің тірек сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасаймыз. Осы арқылы тіл үйренушілердің белсенді және пассивті сөздік қорын айтылым, жазылымда қолдану арқылы бекітеміз. Біздің жағдайымызда зейін, қабілет, ақпаратты түсіну, сыни ойлау, шығармашылық ой, әуестену, иек арту, құлтемір, мүшелжас секілді сөздер мен сөз тіркестерінің мазмұнын оқытушымен бірлесе отырып ашамыз.

2-тапсырма ретінде үш қатарға тізілген, нөмірленген, бір-бірімен қисындық байланысы бар 9 суреттен құралатын «Кроссенс» әдісі бойынша топтық жұмыс беруге болады. Ортада тұрған негізгі сурет бүкіл мағынаны қорытындылап, ойды аяқтайды. Осылайша біртұтас әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді. Топ санына қарай суреттердің бірнеше нұсқасын жасап ұсынуға болады. Әр топ төмендегі суреттерден белгілі уақыт ішінде 8-9 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырады. Екіншіден, құрастырылған әңгімелеріне тақырып қояды. Үшіншіден, топтың әр мүшесі өздері құрастырған шығын мәтіннен 1-2 сөйлемнен айтып береді. Ең бастысы, оқушылар өздері құрастырған шағын әңгімеге тақырыптың тірек сөздерін пайдалануы керек.

#### Ұсыныстар

XIV-XV ғасырларда Қазақстан жерін мекендейтін қазақ тайпалары Ертістен Жайыққа,

Алтайдан Каспимен Аралға, Каратадан Сырдарияға, Тянь Шаньнан Қаратауға дейінгі ұлан байтақ территорияны мекендеген. Сол кездегі қоныстанған тайпалар негізінен үйсін, қаңлы қоңырат қыпшақ, найман, крей, маңғыт тағы басқа тайпалар еді. Сол кездегі экономикалық әлеуметтік жағдаятқа тоқталар болсақ, Ақ Орда хандағында, оның орнын басқан Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Моғолстан хандықтарының этникалық құрамын тайпалар одағы құраған.

XIV-XV ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюы негізінде Моғолстан, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында толассыз тоқтамай жүріп жатқан феодалдық соғыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға үмтылу процестері белең алды. Қазақстанның ежелгі тайпалары тарихи-географиялық, экономикалық және саяси жағдайларына байланысты үш негізгі этникалық шаруашылыққа топқа бөлінді. Олар: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Ұлы жүз Сырдариядан бастап Жетісу жерін түгел жайлайды. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, қатаған т.б. ру – тайпалар кіреді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның бір бөлігін қоныс етеді. Оның құрамында қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, тарақты тайпа – рулары бар. Кіші жүздің мекені – Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлігі. Оның құрамындағы тайпалар одағы - Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, кете, төртқара, шөмекей, шекті); Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, ысық, таз, масқар); Жетіру (табын, тама, кердері, жағалбайлы, керейт, төлеу, рамадан). Жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны әлі жете зерттелмеген.

Қазақ хандығының құрылу қарсаңында (XIV-XV ғасырларда) Қазақ тайпалары Сібірден Сыр бойына, Ертістен Жайық жағасына дейінгі жалпақ өңірге жайылып қоныстанған болатын. Осы дәуірді баяндайтын орта ғасырлық тарихшылардың шығармаларында қазақ даласының негізгі тұрғындары ретінде қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, үйсін, найман, керей, қоңырат, маңғыт тағы басқа тайпалар аталады. Бұлар қазақ даласының ежелгі тұрғындары, сондай ақ бұдан бұрын осы өңірлерде құрылған Ақ Орда, Моғолстан, тағы басқа хандықтардың халқын құраған этникалық топтар еді. Бұл тайпалар ішінде қыпшақтардың орны өзгеше болды, XIII ғасырдың деректерінде Алтын Орда хандары «Қыпшақ патшалары» деп аталды. Қыпшақтар XIV ғасырда Орда Ежен мен Шайбани ұлыстарын мекендеген Ақ Орда халқының, ал кейіннен Әбілхайыр хандығы халқының да едәуір бөлігін құрады.

Батыс Сібір тайпаларымен көрші болып, оларға елеуді ықпал еткен қазақ тайпаларының негізгі ұйытқысы қыпшақтар еді. Ертіс өңірінің Торғай, Есіл далаларының қыпшақтары: құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сағал қыпшақ, торайғыр қыпшақ және мажар (мадияр) қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді.

Тобылдың төменгі бойынан Ұлытау мен Сырдарияға дейінгі территорияда басқа тайпалардың едәуір бөлігі олардың ішінде наймандар, керейлер, меркіттер мен оңғыттар қоныс тепті.

XV ғасырда Ақ Орда орнына құрылған Әбілхайыр хандығының (1428–1468) халқы арасында қарлұқ, қоңырат, үйсін, найман, өкіреш найман, қият, маңғыт, шынбай, итжан, тапғұт, дұрман, тұбай, таймас, күшті, отаршы, шап, қытай, барақ, ұйғыр, күрлеуіт, ишкі, ишкі-маңғыт, тұман т.б. тайпалардың болғандығы мәлім.

Ноғай ордасының құрамында маңғыт, найман, арғын, қоңырат, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгрес, қарлық, алаш, тама т.б. тайпалар болды.

Моғолстанға қарсты Жетісу тайпалары: дулат, қаңлы, (бекчик) қарлық, керей, арғынот, күрлеуіт, күшші, барлас, шорас, көңші, қалушы, бұлғаш т.б. еді.

Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында, әрбір қазақ тайпасының өріс-қоныстары ұлан-байтақ территорияны алып жатты:

Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді. Олардың тілі, материалдық тұрмыс мәдениеті жөнінен басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. XV ғасыр қарсаңында бұл тайпалар түрік тектес халық болып топтасты да, кейінірек «қазақ» деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі негізінен аяқталады. Бірақ ол кейбір себептерге байланысты кешеуілдеп барып іске асты. Оған қазақ халқының этникалық құрамына кірген тайпалардың бірнеше мемлекет құрамына енгені, кейбір жеке тарихи қалыптасқан бөлшектердің бытыраңқылығы себеп болды. XIV-XV ғғ. көптеген жұрттың көшіп-қонып, сапырылысуы орын алды.



XV ғ. – II жартысы мен XVI ғ. қазақ халқының негізгі этникалық территориясын мемлекет етіп біріктіру, халықтың да қалыптасу процесінің аяқталуын тездетті.

Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Батыс Жетісудың территориясы баяғыдан бері қазақ халқының құрылып, қалыптасуының басты этникалық торабы болды, мұнда Қазақстанның ірі екі этникалық қауымдастығының тоғысқан жері жатты. Олар – Орталық, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы қыпшақ тайпалар одағы мен Оңтүстік – Шығыс Қазақстандағы үйсін тайпалар одағы, бұларға Сырдарияның төменгі ағысы арқылы Кіші жүз тайпалары келіп қосылады.

XV ғ. – II жартысынан бастап, қалыптасқан халық өздерінің көршілері арасында “қазақ” деген атпен белгілі болған.

Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу талас тақырыбына айналады. Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған “қашақ” деген атаудан шықты деп есептейді. Немесе “қазақ” атауы Жәнібек пен Керей бөлініп көшіп кеткен рулық одақтарды білдіру үшін бастапқы кезде “өзбек-қазақ”, кейін “қазақ” деп аталған дейді.

“Қазақ” термині 1245 жылы Мамлюк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде (түрік-араб) сөздігінде кездеседі. Мұнда “қазақ” деген сөз “басы бос – кезбе” деген мағына береді. Қалай дегенде де “қазақ” этникалық терминінің ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тұрақты бір шешімі жоқ.

Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғас. орын алған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды қоғамдық құбылыс.

XV ғасырда қалыптасқан саяси тарихи жағдайлар қазақ халқының ұлттық мемлекет болып құрылуына елеулі ықпал етті. Қазақстан жерінде көшпелі мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысатын аймақтар да айқын көріне бастады. Шаруашылықтың түрлі саласынды өзара байланыстар нығая түсті, қолайлы жағдайлар қалыптасты. Тілі, материалдық және рухани мәдениеті жағынан ұқсас тайпалардың өзара қарым қатынасы орнады. Қазақ халқы өз жеріне көз алартып, зорлық зомбылық жасаушыларға қарсы ұзақ, әрі табанды күрес жүргізді. Дегенмен, қазақ тайпаларының жекелеген бөліктерінің бірнеше саяси бірлестіктерге кіруі туыстас этникалық топтардың бытырап кетуіне алып келді. Саяси және экономикалық байланыстардың үзілуіне әкеліп соқтырған, үздіксіз жүргізілген соғыстар, рулар мен тайпалар көсемдерінің арасындағы өзара талас-тартыс мұндағы халықтардың бірігіп, нығаятын тежеп отырады. Дәл осы кезде іс жүзінде бір текті халыққа айналып отырған қазақ тайпалары мен руларын мемлекет етіп біріктіру міндеті алға тартылды. Бұл міндеттерді орындау үшін қазақ хандығын құру нақты мүмкіндік туғызды. Бұл жағдайлар Қазақ мемлекетін (хандығын) құрудың алғышарттары еді. Керей мен Жәнібек сұлтандардың бұл процеске тигізген әсері орасан. Қазақ халқының саяси бытыраңқылығын жойып, мемлекет етіп құру негізгі міндетіне айналды. Ол үшін Шыңғыс хан ұрпақтарымен күресуі ру ақсақалдары мен, қатардағы малшылар, егіншілер, әр түрлі әлеуметтік топтардың да мүддесіне тура келді. Бұл жағдай тайпалардың өз мемлекетін құруға деген құштарлығын арттыра түсті. Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарының бірі сол кездегі Қазақстан жеріндегі екі ірі мемлекет арасындағы, Әбілқайыр хандығы 1428-1468 жылдары (көшпелі өзбек мемлекеті) мен Моғолстан хандығының ішкі және сыртқы жағдайындағы саяси оқиғалар болды.

Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Қазақ халқының тарихи тамыры тереңде жатыр. Біз – Орта Азиядағы ежелден келе жатқан мемлекеттердің біріміз. Қазақ хандығы – біздің еліміздің түп - ғұмыры. Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан ғасырлық арманы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі. Сол кезде басталған этникалық дамуларды қазіргі уақытта ұлттық деңгейге жеткізіп, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпалын тигізіп, Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекеттің құрылуына негіз болды.

### Негізгі әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. 123-148-бб.
2. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-бөлім, 5-6 тараулар.
3. Рысбайұлы К. Қазақстан Республикасының тарихы, 4-бөлім
4. Шежіре: қазақтың ру тайпалық құрлымы. А. 1991
5. Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. А., 1991.



## КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДА БАЗАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алимсаева Роза Шариповна  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған лицей»  
КММ, көркем еңбек пәні мұғалімі

Құндылық - білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жаңа ұрпақтарды өмірге және қоғамдағы белсенді іс-әрекетке дайындаудың әлеуметтік анықталған функциясын орындай отырып, білім беру оқушыларға қоғамның моральдық келбетін анықтайтын өмірлік құндылықтар мен мұраттарды сіңіруі қажет. Білім - адамның мәдениет әлеміне кіруінің бір жолы. Білім беру процесінде адам ғылыми білімді, өнер жетістіктерін, моральдық нормаларды, кәсіби тәжірибені және басқа да рухани-мәдени құндылықтарды меңгереді.

Білім алушылардың өз мәдениетімізді, өз та-рихымызды бойына сіңіріп, қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді қолдану ұсынылады. Құндылыққа бағытталған тәсіл - бұл белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іс-әрекетті ұйымдастыру, орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі екендігіне назар аудару керек.

«Көркем еңбек» пәні мазмұнына сәйкес оқу процесінде білім алушыларда, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық сияқты базалық құндылықтарды қалыптастыру ұсынылады. Сонымен қатар халқымыздың мәдени құндылықтарын зерделеуде және тапсырмаларда сабақтың тақырыбына қатысты ұлттық көркем туындыларды қолдану қажет.

Мысалы, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері тақырыбы бойынша 5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрмет және тілектестік білдіру; оқыту мақсатына сәйкес Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын оқып үйрену кезінде қазақ ұлттық және әлем мәдениетінің көркемдік, дизайн туындыларының ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Тапсырмалардың көпшілігі жұпта немесе топта орындалғаны жөн, бұл білім алушылардың көпшілік алдында НҚА қолдана отырып талқылауы мен дәлелді аргументтер арқылы өз ойын жеткізуге дағдыландырады. Сабақтағы барлық іс-шаралар тек көркем-технологиялық білімді қалыптастыруға ғана емес, белгілі базалық құндылықтарды сіңіруге бағытталуы тиіс.

Құндылыққа бағытталған тәсіл оқушыларға қосымша материал немесе үлгілер беру, тапсырмаларды жекелеңдіру арқылы көрсетілуі мүмкін.

Білім беру құндылықтары – жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда басты фактор саналатын, оқу мақсаттары жүйесін құрудың бағыттаушылары. Сондықтан оқу процесінде білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру маңызды болып табылады. Мысалы 6-сыныпта «Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау» тақырыбы бойынша «Еңбек және шығармашылық» құндылығын қалыптастыруда оқыту әрекетін қарастырайық:

Құндылық: Еңбек және шығармашылық.

Тақырыбы: Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау.

Оқыту мақсаты: 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:

- суретшілердің шығармашылық жұмыстарды жасау үшін пайдаланатын материалдарын қарастырады;
- портретті жасаудың дәстүрлі емес әдістерін талдайды;
- шығармашылық туындыларын, портретті сыммен орындайды.

Еңбек және шығармашылық:

- адамның еңбектегі және шығармашылықтағы жетістіктері оның табандылығы мен жан жақтылығы және өзіне деген сенімділігінен екенін түсінеді;
- адам еңбегі мен шығармашылығын бағалауда өзін-өзі басқарудың, дербестіктің, сыни ойлау мен адамгершіліктің маңызын түсінеді;
- адамның еңбек пен шығармашылықтағы жаңашылдық, білімқұмарлық, креативтілік, тапқырлық, кәсіпкерлік сияқты табыстарының маңыздылығын түсінеді;
- еңбек пен шығармашылықта өзін-өзі жүзеге асыру үшін өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсінеді.
- адам өміріндегі еңбек пен шығармашылықты бағалай біледі;
- еңбек және шығармашылық саласындағы жетістіктері бар адамдарды құрметтейді;
- еңбек пен шығармашылыққа қызығушылық таныта отырып, сол арқылы табысқа жетуге ұмтылады;
- еңбек және шығармашылық үдерістері мен нәтижелерінен қуанышты сезіне отырып, еңбек және шығармашылық үдерістеріндегі инновацияларға ұмтылады.
- өз күштеріне сенім арта отырып, еңбек пен шығармашылық үдерісіндегі өзгерістерге бейімделуге қабілетті болады;
- ынтымақтастық пен тиімді серіктес бола білу дағдыларын көрсетеді;
- өмірдегі және білім алудағы мәселелерді шығармашылық тәсілмен шешудің дағдыларын көрсете алады;
- әр түрлі еңбек және шығармашылық түрлеріне белсенді қатыса отырып, еңбексүйгіштік, кәсіпкерлік бастамашылдық және креативтілік танытады.

Құндылық: Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы бұйымдары.

Оқыту мақсаты: 8.1.2.1 - тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:

- қазақ халқының қолданбалы өнер туындыларының ерекшеліктерін анықтайды;
- ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерінің даму тарихын зерделейді;
- ши тоқу өнерінің түрлерін ажырата біледі.

1. Қолданбалы өнер қалай дамыған?

2. Қазақ халқы қандай қолөнермен көбірек айналысқан?

3. Бұйымдар дайындау үшін қандай орындау әдістері мен техникалар қолданылған?

4. Халық шеберлері қандай материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдаланған? -

зерттеу сұрағы аясында жұмыс жүргізеді.

Құндылық: Өмір бойы үздіксіз білім алу.

Тақырыбы: Көркем жазбаны орындау.

Оқыту мақсаты: 7.2.1.1 - күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:

1. Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтайды.

2. Көркем жазба техникасында орындалған шеберлердің туындыларын қарастырады.

3. Әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде АКТ-ны қолданып) бұйымына технологиялық құжат дайындайды.

4. Өз шығармашылық жұмысын жасау үшін заманауи технологияларды қарастырады және өнер материалдарын таңдайды.

5. Көркем жазбаны орындау үшін визуалды элементтерді қолданады.

6. Шығармашылық идея үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолданады:

- Композиция



- Түс
- Пішін
- Ритм
- Колорит
- Сызық
- Орындау техникасы

Құндылық: Ашықтық

Тақырыбы: Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар

Оқыту мақсаты: 7.3.2.1 - пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, колөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялар мен тақырыптарды талқылау және бағалау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушы

1. Топта ресурстарға шолу жасай отырып, заманауи бейнелеу өнерінің бірнеше бағыттарының ерекшеліктері, өкілдері, туындыларына талдау жасайды.

2. Әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдай отырып, заманауи бейнелеу өнері туындыларының визуалды элементтерінің ерекшеліктерін анықтайды.

3. Поп-арт бағытының пайда болуына түрткі болған себеп-салдарды зерттейді.

4. Поп арт стилінде орындалған коллаждарды салыстырады. Берілген жұмыстардағы идеялар мен тақырыптарды топта талқылайды. Өз жұмысында поп арт стилін қалай қолдануға болатынын анықтайды.

5. Заманауи бағыттағы экспрессионизм, кубизм, сюрреализм, абстракті экспрессионизм, поп-арт бағытындағы суреттердің бейнелеу әдістерін, олардың ерекшеліктерін талқылайды.

Құндылық: Ынтымақтастық

Тақырыбы: «Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік жұмыс орындау».

Оқыту мақсаты: 7.1.6.4 - шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру;

Қоғамның, әсіресе, ғылымның дамуы бейнелеу өнерінде өз заманына сай жаңа бағыттардың пайда болуына ықпал етеді. Оқушылар арасында өзара ынтымақтастық, жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеп, шешім қабылдай білу, жауапкершілік, жаңаны тануға құштарлығын оятып, өнерге деген қызығушылығын дамыту мақсатында жасалған шығармашылық жұмыстарында оқушылар белсенділік танытады.

Еңбек және өзін-өзі жетілдіру құндылықтары. Жалпыға міндетті білім стандартына сай көркем еңбек пәні болашақ ұрпақты өмірге икемдеу мақсатын көздеп, кәсіби тұрғыда теорияны тәжірибе жүзінде шыңдап, әр адамның еңбек ете білуінің өмірлік маңызын қамтамасыз етеді. «Ұлттық қолданбалы өнер - оқушылардың шығармашылығын дамытудың негізі» тақырыбында жұмыс жасай жүріп, осы тұрғыда пәнді оқыту барысында оқушылардың шығармашылық, дүниетанымдық, эстетикалық талғамдарын қалыптастырып, қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың өмірге бейімделіп, еңбек етуге қабілеттерін арттырады.

Еңбек құндылығына тәрбиелеу үшін көркем еңбек пәнінде оқушыларды жалықпай еңбек етуге машықтандыру арқылы олардың ой-санасын еңбекпен шынықтырып, қолөнер арқылы адамгершілік-рухани жан дүниесін нұрландыру арқылы ізгілікке жетелеу.

Ынтымақтастық және өзара көмек көрсету құндылықтарын топтық жұмыста, бірлескен шығармашылық жұмысты орындау және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптасу барысында іске асыруға болады.

Өзін – өзі жетілдіру құндылығы өзінің көркем жұмысын ұйымдастыра білу, мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алу өз идеясы мен жұмысына қатысты түсініктеме беру және конструктивті ұсыныс қабылдау, әртүрлі жағдаяттарда тиімді және бірегей шешім таба білу кезеңінде іске асады.

Көркем - шығармашылық пен кеңістік ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыру кезінде адамгершілік пен рухани білім, зияткерлік құндылықтар қалыптасады.

Адамгершілік пен рухани құндылықтарды дарыту арқылы оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырып, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту

әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейміз.

«Көркем еңбек» пәні мазмұны негізінде білім алушылардың бойында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған базалық құндылықтарды қалыптастыру және оқытудың құндылыққа бағдарланған тәсілін келесі талаптар түрінде тұжырымдауға болады:

- білім алушы тұлғасы құндылықтарды тасымалдаушы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне құрмет, ынтымақтастық және басқа да әлеуметтік маңызды құндылықтарды бойына сіңіреді.

- білім алушы тұлғасының жалпы адамзаттық құндылықтарға көтерілуін қамтамасыз етуге негізделген оқытудағы педагогикалық әдіс тәсілдерді дұрыс саралау маңызды.

- білім алушы іс-әрекетінің әрбір түрінде құндылық-бағдарлы компонент қарастырылып, жүзеге асырылуы тиіс.

Көркем еңбектің 5-9 сынып бағдарламасында ұлттық қолөнердің барлық түрлері, «Қазақ халқының тұрмыстық ұлттық бұйымдары», «Қазақстан ғимараттары», «Қазақстанның заманауи суретшілері», «Қазақтың ұлттық тағамдары», «Қазақтың сәндік қолданбалы өнері», «Қазақтың ұлттық киімдері, Этностиль. Ою-өрнек және оның стилизациясы», «Қазақстанның дәстүрлі тоқымашылығы» және т.б қамтылған. «Көркем еңбек» сабағында бұл тақырыптарды оқу арқылы оқушылар қазақ халқының өзіндік мәдениеті туралы біліп қана қоймай, асыл мұрасын ұғынып, өз шығармашылық идеяларын дамыту үшін қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолданады, сонымен бірге ұлттық дүниетанымын қалыптастырып, отансүйгіштік қасиетін дамытады. Ұлттық қолөнерімізді қолға алып жатқан қазіргі уақытта, оқушылардың қолөнер түрлерін үйренулеріне, қолөнердің дамуына өз үлестерін қосуларына мүмкіндік береді.



## АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ОРНЫ

Кулумбетова Гульбарам Аркабаевна  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған  
лицей» КММ,  
математика пәні мұғалімі

Біз, мұғалімдер, оқыту әдістерін таңдауда белгілі бір құқықтарға ие болдық. Бүгінгі таңда білім берудің мақсаты да өзгерді. Ол білім, дағды және дағды көлемін жинақтаудан ғана емес, оқушыны оның оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде дайындаудан тұрады. Білім алушыларды нарықтық жағдайда өмір сүруге дайындау қажет, сондықтан біздің түлектер белсенді, шығармашыл, ынталы, шындық алға қойған нұсқалардың ішінен ең жақсы, оңтайлы нұсқаларды таңдай алатын, барған сайын тәуелсіз болуға мүдделі тұлға болуы керек. Ал бұдан мұғалімнің оқу іс-әрекетінің мәні мен оқушыларға деген көзқарасы өзгерді, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселесі маңызды орында тұр. Осы кезде «Сабақта шығармашылық атмосферасын қалай құруға, балаларды оқу материалына қызықтыруға, олардың осы немесе басқа сұрақты өздері шешуге, дұрыс шешім табуға, жауабының дұрыстығын дәлелдеуге деген құштарлығын қалай оятуға болады?» деген сұраққа жауап тапқандаймын.

Бүгінгі таңда әлемде бірінші орында - өмірдегі барлық өзгерістерге тез жауап беру, ақпаратты өз бетінше табу, талдау және қолдану қабілеті. Ең бастысы – функционалдық сауаттылыққа айналу, өйткені ол «қолданбалы білім негізінде адамның өмірі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шеше білуі». Оның

бір түрі – математикалық сауаттылық. «Математикалық сауаттылық – адамның өзі өмір сүріп жатқан әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, дәлелді математикалық пайымдаулар жасау және математиканы қазіргі және болашақ қажеттіліктерді қанағаттандыратындай етіп қолдану қабілеті. Шығармашыл, ынталы және ойлайтын азамат болуға ұмтылу. Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында математика пәні бойынша төмендегідей біліктілікті қамтамасыз етуі тиіс: математиканың мазмұнын басқа ғылымдармен байланысын білу; оқушылардың математиканың әлемдегі орнын анықтау мен түсіну қабілетін қалыптастыру, қоршаған ортадағы мәселелерді шешу; статистикалық мәліметтер, шамаларды өлшеу, логикалық құрылған дәлелдерді көрсету негізінде ұсынысын негіздеу үшін математикалық білімді қолдану қабілетін дамыту. Яғни, бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, тұрақты мақсаты бар, алған білімді іс-әрекетке еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға дайындау.

Математика, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениеті қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі; ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, жүйелі ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Осы тұрғыда оқушылардың қабілетін ашуға мүмкіндік беретін тапсырмалар мен есептер оқушының математикалық сауаттылығын арттыратын PISA талдау есептерін шығаруды меңгерту оларға өмірлік жағдаяттардағы кездесетін есептерді, тапсырмаларды жиі орындаудан бастау қажет. Оқыту үрдісінде озық технологиялармен қатар оқу материалдарының құрылымында практикалық мазмұнды тапсырмалардың жиі кездесуі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады, әсіресе оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап ету арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген теорема дәлелдеген заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығаруына жеткізеді.

Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның мақсаттылығын, сенімдерін, көзқарасын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның барынша ашылуына мүмкіндік береді.



Сондықтан білім беру саласында жұмысымды ұйымдастыруда мына қағидаларды есімде ұстанамын: баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру, білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау, өзін-өзі ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асыру. Бүкіл сабақ эмоционалды және оқушыларға жүргізілуі керек. студенттер мен мұғалімдердің шығармашылық күш-қуатына жол беретін интеллектуалдық

өрлеу. Мұғалімдер мен оқушылар бір-біріне шығармашылық қуат береді.

Сабақ әр оқушының қабілеті мен оқуға деген ұмтылысына қарай өз ойын жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені барлық оқушылар оқу әрекетінің әртүрлі түрлері мен формаларына қатысады. Математикалық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі математиканы әртүрлі жағдайларда қолдану болып табылады.

Яғни, оқушыларда математика күнделікті қажеттіліктерінен алшақ деген әсер болмауы үшін математикалық интуиция мен білімді әр түрлі жағдайда қолдану керек. Осыған байланысты олар үшін ең жақыны – күнделікті жеке өмірімен, мектеп өмірімен, жұмысымен және спортымен, айналасындағы қоғамның және бүкіл әлем өмірімен байланысты жағдайлар, ал одан әрі ғылыми мәселелерге байланысты жағдайлар.

Өмірден алынған практикалық мазмұнды есептер оқушыларды алдағы мақсатқа жетуге деген табандылық пен төзімділікті қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай қатынас оқушыларда экономикалық есептерді шешу, яғни өмірде кездесетін жағдайлардың



бейнесі ретінде қарастырғаннан көрінеді. Есептің тиімді жағдайларын іздестіруде оқушылар өздерін өмірдің бір проблемасын шешетін адам ретінде таниды. Сондықтан мұндай есептерді шешуге қызығушылығы артады. Экономикалық мазмұнды есептерді шешу өзіндік ойлау мен шығармашылық дағдыны тәрбиелейді. Шығармашылық көзқарас пен белсенділік оқушылардың бар мүмкіндігін пайдаланып, дұрыс шешімді табуға көмектеседі.



Алдарыңызда үй макеті. Мұның шатырын ұсынылған плиткамиен қаптау керек. Қажетті өлшемдерді анықтап, плиткаға жұмсалатын қаражатты есептеңіз.

«Киіз үйдің сыртын жаңарту» жаттығуы. Айшаның әжесі киіз үйінің сыртын жаңартқысы келіп, «Шебер» деп аталатын ұлттық қолөнер дүкенінен төмендегідей бұйымдарды сатып алғысы келді, бірақ оларды қалай орналастырғаны дұрыс болатындығын және бағасы қанша тұратындығына ойланыпқалды. Айшаның әжесіне көмектесуіміз керек, ал ұсыныстарыңды ортаға салыңдар.

Математика курсының оқу материалдарын қарастырып, талдай отыра 5-8 сыныптар үшін «Математикалық логика» атты авторлық бағдарлама құрастырып, оқу үрдісіне енгіздім. Сабақтарда жобалар жасадық. Соның бірін қазақ халқының ұлттық құндылықтарына негізделген жұмыстарды ұйымдастырдым. «Қазақстан Республикасында тұрып жатқан халықтардың математикадағы этнопедагогикалық байланысы» тақырыбымен, математиканы оқыту үрдісінде этнопедагогиканы пайдалану мақсатында жоба жұмысын бастадым. Математика пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оқушылардың басты құзыреттіліктерін жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы қалыптастыру жұмыстары жүргізді. Мақсаты: дарынды, қабілетті, ынталы оқушылардың арасында математикалық ойдың дәрежесін арттыра түсу, теориялық білімді тереңдету, математикаға бейімі, қызығушылығы бар оқушылардың практикалық дағдысын дамыту, шығармашылық қабілеттерін тереңдету, ғылым жолына бағыт-бағдар беру. Жобаның жетістігі практика жүзінде қолданылуы болып табылады.

Сонымен математиканы оқыту үрдісінде этнопедагогиканы қолдану арқылы жобалау нәтижесінде оқушылар негізгі білімдерін жан-жақты толықтырып, кез келген жағдайда пайдаланады.

Алдағыда айтып өткенімдей адами құндылықтарды оқушылар бойына дарытуда математикалық сауаттылықтың орны басты құзыреттіліктер арқылы жүзеге асырылатындықтан алдағы өмірінде әрбір білім алушы ақиқат жолында дұрыс әрекет жасауды негізге алу үшін жан-жақты сауатты болу маңызды. Ақыл тек біліммен ғана емес, оны іс жүзінде қолда алуымен маңызды. 6 сынып оқушысының «Пик формуласы» тақырыбында оқушы бойына құндылықтарды дамыту ауданды дербес жолмен есептеуді зерттеуде Нұр-Сұлтан қаласының аудандары және білім алып отырған №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінің аумағы мысал ретінде алынып, зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысының ұтымды болу шарты оқушының жеке басының қызығушылығы/сурет салу өнеріне/негізделді. Яғни, оқушының бойындағы қабілетін зерттеу жұмысымен ұштастыра отырып, білім алушы бойына ұлттық құндылықты дәріптеу мақсаты жүзеге асты.

Мектепте математикалық логиканы өткізудің оқушылардың білімін тереңдету мен математикаға деген қызығушылығын артырудағы маңызы мен орны ерекше. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырумен қатар, әр түрлі деңгейдегі, олимпиадалық есептерді шығару мүмкіндігін кеңейте түседі. Жоғары күрделі мәтін есептерді талдау жасай білуге жол ашып, оқушылардың математика пәні бойынша өздерінің қабілеттерін жетілдіріп, қызығушылық тудыратын мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, күнделікті өмір жағдайларында білімді қолдануға арналған қалыптан тыс, қызықты, логикалық есептер шығарту, математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйретуде көп көмегі тиеді. Онымен қоса мектепте жоба әдісін қолданудың артықшылығы мынада екенін ескеріңіз, балалардың, өз еңбектерінің нәтижесіне деген қуанышы, ризашылығы



жоғары болады. Өйткені, бұл олар үшін маңызды, олар жобалық іс-шараларға қатысады, оларды қолдануда білім де, тәжірибе де алады және өзара қарым-қатынас жасау қабілеттері дамиды.

Мұғалім жоба технологиясын игеріп, оны әрі қарай кәсіби қызметінде қолдануды шешсе, ол барлығына: оқушылар мен олардың ата-аналары, мектеп пен мұғалімнің өзі пайда көреді. Оқушылар мен мұғалімдерге жоба тақырыбын таңдауда сыни тұрғыда

шеберлікті қалыптастыратын, оқушының жас ерекшеліктеріне сай тақырыптар жүйесін ретке келтіріледі. Бұл бағдарлама аясында құрастырылған әдістемелік кешенде білім беру жобасын қорғау бойынша ұсыныстар, көпшілік алдында сөйлеуге қойылатын талаптар, қорғаумен бірге презентация компьютерлік презентация бойынша ұсыныстар, жобаны қорғау процесін ұйымдастыру және оларды бағалау кезеңдеріне толық тоқталған. Негізгі мақсат мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен ізденушілік, зерттеушілік, ғылыми байланысын орнату. Әрине, жоба әдісін педагогикалық қызметінде қолдану немесе қолданбау туралы шешімді әр мұғалім өзі қабылдайды.

«Аспанымыздың түсін өзіміз таңдаймыз!» Мен бірде интернетте осы тамаша сөз тіркесін кездестірдім. Және бірден оған ғашық болдым. Біз өзіміздің өмірлік және кәсіби басымдықтарымызды өзіміз анықтаймыз, өз мамандығымызды және онда бізге басшылық ететін принциптерді таңдауды өзіміз жасаймыз. Біз өмірде қандай құндылықтармен бірге жүретінін өзіміз шешеміз. Және бұл таңдауды бізге сенетіндерге үйретуіміз керек.

Мұғалімдер! Мәңгілік уақыт тапшылығынан қиналып, кейде дәптерлеріне отырып ұйықтап, шәкірттерінің жетістігіне қуанып, емтиханда өздерінен кем емес уайымдайтын мен сияқты болар, құрметті ұстаздар, бақытты болыңыздар! Табысты болыңыз! Өз-өзіне сену! Аспаныңыздың түсі әрқашан жылы, ашық, шығармашылыққа шабыт берсін!

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Омаров Р. «Математикадан қалыптан тыс есептер мен жаттығулар жиынтығы» 5-сынып. Алматы, Рауан, 2013
2. Этнопедагогика народов Казахстана. Сборник научных трудов. (Под редакцией Г.Н Волкова и К.Н Кожаметовой – Алматы: «Алем», 2001,-305с)
3. Ою-өрнектің жасалу жолдары Алматы «Қанағат ЛТД»1993
4. Алдамұратова Т. «Математика логикалық есептер мен тапсырмалар» 5-6 сынып, Алматы, Атамұра, 2015
6. Т.Нурғалиев «Қызықты математика» Астана 2014



## ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбдіжаппарова Айзада Бахтиярқызы  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№82 «Дарын» мамандандырылған лицей» КММ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада білім берудің өзекті тақырыптарының бірі – жалпы білім беретін орта және жоғары білім саласы қарастырылады. Білімді алу заман талабына сай оқытушыға да оқушыға да қазір қолжетімді. Яғни, әр түрлі тәсілдері бар. Соның ішіндегі қазіргі актуалды түрі арнайы білім орталары арқылы жеткізу. Мақалада оқытушының жеке білім беру ортасының ерекшеліктері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** жеке оқыту ортасының түрлері, ерекшеліктері, оқыту тәсілдері.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік – қоғамдық өзгерістер, педагогикалық теория мен тәжірибеге жаңашылдықты енгізуді талап етеді. «Білім туралы» заң күшіне сүйене жеке білім траекториясын таңдауда, білім алушыларға көмек беруі керек. Сондай-ақ, оқу процесіне белсенді түрде жаңа білім және тәжірибелер енгізіп, сабақтарды өткізуде жеке тәсілдер қолданып және студенттердің ұжымдық жұмысын ұйымдастыруы қажет.

Жеке оқыту ортасы-(Personal Learning Environment, PLE) электронды оқыту тәжірибесімен байланысты, ХХІ ғасырдың басында пайда болған термин.

Батыс мамандары өз еңбектерінде PLE туралы төмендегідей анықтама береді. Мысалы, Марк ван Хармелен берген түсініктемеде PLE бұл оқушылардың өзіндік оқуын басқарудағы көмектесетін жүйе. бұл сонымен қатар, олардың өзіндік оқу мақсатын анықтауға көмекші құрал ретінде, өзіндік оқуын ұйымдастыруға, оқудың процесі мен мазмұнын басқаруға, оқу барысында өзге оқушылармен қарым-қатынас жасауға және оқудың басты мақсатына қол жеткізуге бағытталған жүйе. PLE сонымен қатар, бір немесе бірнеше жүйелерге бөлінеді: компьютерлік қосымша, немесе бір және бірнеше веб-сервистерден тұрады[1].

Келесі шетелдік маман М.А.Чаттидің пайымдауынша, «PLE жүйесі бойынша әр оқушы өзіне тиесілі сервистік құралдарды өз еркінше пайдаланып, басқара алады.

Оның басқа да түрлі-түрлі біріктірілген сервистерден айырмашылығы – оқушының көптеген сервистерді пайдалану және басқару мүмкіндігіне ие болуы. PLE жүйесі оқушыға жеке оқу кеңістігіне кіру мүмкіндігімен қатар тиімді білім алуына, басқа да білім кеңістігімен байланыс орнытып, білімімен бөлісуге, жаңа ойлар тудыруға көмектеседі».

Сондықтан, жеке оқыту ортасы (ДОО) білім беру жүйесін жеке тұлғаға бағытталған мақсат бойынша жүзеге асыруға көздейді және оқытушы мен оқушыға мақсатқа жету жолына барлық мүмкіндіктер туғызады. Өзін – өзі ұйымдастыру жүйесі ретінде жеке дара оқыту ортасы тиімді құрылым ретінде оқушының қажеттілігі мен мүмкіндігіне қызмет етеді.

### Әдістеме

Қазіргі таңда оқытушыға деген талап күннен күнге артуда. Бүгінгі күннің ұстазы оқушыға белгілі бағдарлама бойынша білім беруше ғана емес, сонымен қатар оқушы бойында ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, өз курстары мен оқытушылар арасында бірлесіп жұмыс жасау, ғылыммен шұғылданду, сыни ойлау, өз бетінше білім алу және топпен жұмыс істеу дағдыларына үйренуі қажет.

Оқытушы өз міндетін атқару кезеңінде өзінің жаңа технология бойынша білімінің сапалылығын дәлелдеп отыруға міндетті. Ол өзі таңдаған ақпараттық коммуникациялық технология мен сервис бойынша өзіндік жеке оқыту ортасын құруы қажет. Қазіргі Интернет жүйесінің дамуы оқытушының дәстүрлі оқыту әдісіндегі кәсіби даярлығын



жетілдіруді талап етеді.

Интернет – сервис жүйесі үнемі жаңарып отырғандықтан оның оқыту методикасына тиімділігі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Оқытушының жеке-дара оқыту ортасы қарым-қатынас, ізденіс, білім беру негізінде құрылуы тиіс және оның мазмұны төмендегі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Оқытушының жеке-дара оқыту ортасы

Оқытушының жеке-дара оқыту ортасын құру кезеңінде біріншіден, білім беру платформасын анықтау қажет, сол арқылы, оқылатын курс, оқушы мен оқытушы арасында тілекелей және кері байланыс орнығады[2].

Жеке-дара оқыту ортасы оқытудың маңызды құралы және ол оқу пәнімен тақырыбына байланысты емес. Осы жүйе арқылы оқу процесіне қатысушылар өздеріне қажетті ақпаратты саралай алады, алдағы оқылатын, үйренетін материалды сараптайды. ДОО оқушыларға өз білімдерін пайдалану мүмкіндігіне, туындаған сұрақтарға жауап алуға және диалог түрінде тәжірибелерімен бөлісуге көмектеседі.

Сонымен қатар, жеке-дара оқыту ортасын оқу мерзімі аяқталғаннан кейін де пайдалануға болады және кез-келген уақытта қажетті білім саласы бойынша эксперттердің көмегін, ақыл-кеңесін алуға мүмкіндіктер мол.

Практикада қолдану

Мұғалімнің жеке білім ортасы, сонымен қатар жеке оқу желісі ретінде Facebook, Twitter, ВКонтакте әлеуметтік желілер көмегімен пайдаланып ұйымдастырылуы мүмкін.

Google-дің бас директоры Эрик Шмидттің пікірі бойынша, компьютерлердің өнімділігін орта мерзімді көрсеткішпен алатын болсақ (келесі бес жыл) компьютерлердің шапшаңдығы он есе артады, ал 100 Мб/с әдеттегі интернет желісіне қосылу жылдамдығы болады. Бұл іс жүзінде жергілікті және желілік сервистерді арасындағы шекараны жояды, байланыс принциптерінің жақын қарым-қатынаста және алыс қатынастағы, нақты қағидасы бойынша және желілік қызметтері арасындағы коммуникациялармен байланыс шекарасын жояды.

Шетелдерде Facebook әлеуметтік желісі оқудың ғаламтор ортасы ретінде пайдаланылады. Арнайы тәрбиешілер ортасы оқытушыларға арналған – Facebook For Educators guide нұсқаулықта, оқу процесіне әлеуметтік желі технологияларды пайдалану сипатында нұсқаулықтарын шығарды. Әлеуметтік қызмет көрсету бойынша оқу топтарын құру әр түрлі елдердің оқу процесінде аудиторияларына енгізуге, яғни тақырыпты кеңірек талқылауға және таңдаған тақырыбы бойынша халықаралық тәжірибеде танысуға мүмкіндік береді.

Twitter сервисінің қызметі әлемдегі ең танымал микроблогтау болып табылады .

Ол кез келген қолданушыға өзінің жеке оқыту микроблог желісін құруға, оған қызықты жазбаларды қосуға, басқа қолданушылардың жазбаларын оқуға, басқа пайдаланушылардың жазбаларды оқып және пікірлерге жауап беруге, қызықты ресурстар мен сілтемелер бөлісуге, фотосуреттер немесе бейнелер арқылы жеке оқыту желісін құруға болады.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас жаңаша ұйымдастыру мақсатында жаңа веб – қолданушы - вебинар құралын пайдалану жеткілікті.

Вебинар – веб-дәрістердің басты типі, бұл топтық жұмыс ғаламторда қолданушыға заман талабына сай - бейнелер, флэш, чаттар және т.б. қолдану ортасы болып табылады. Вебинар әдеттегідей әлеуметтік сервистер арқылы ғаламторда сізге қажетті сайттарға тіркеліп, өзіңізге виртуалды сынып ашу жеткілікті. Ереже бойынша байланыс, динамик тарапынан- әдетте бір жақты болып табылады, аудиториямен өзара іс-қимылдары шектелген болып келеді[3].

Бірлескен командалық жұмыста оқытудың алғышарттары онлайн пайдалану болып табылады. Осы мақсатта, қолданушы ұжымдық тәжірибе алмасу мақсатында гипермәтіндік қоршаған ортаны өзара іс-қимылды - WikiWiki жүйесінде пайдаланады. Осы мақсатта, бұлттық технологиялар мен құралдарды пайдалануға болады. Мысалы, студенттер файлдар мен қосымшалар сілтемелері бар сайт немесе блог жасай алады. Студенттер мен оқытушылардың және басқа пайдаланушылармен көрнекті жұмысты талқылау үшін Google Groups-тың көмегімен ұйымдастырылады. Мәтіндік құжаттар, электрондық кестелер, презентациялар Google Docs жүктелген болса, сол мезетте бейне және суреттер Google басқа да сервистерінде жүктеп сақтауға болады.

Ірі іздеу жүйелерін пайдалана отырып, қажетті ақпаратты іздеу ұйымдастыру жүйелері Google, Yandex, Yahoo, Rambler, Live Sear және т.б. Алайда, іздеу жүйелері оқу материалдарын іздеудің жалғыз ақпарат көздері болып табылмайды. Бұл сондай-ақ, ақпарат көздеріне каталогтарды және файлдық сақтаулар, сандық кітапхана, ұжымдық және жеке кәсіби блогтар, энциклопедия, онлайн журналдар, кәсіби қоғам және басқаларды қамтуы мүмкін.

#### Ұсыныстар

Сілтемелерді сақтау барысында әртүрлі ақпарат көздерін жеке базалық сервис ретінде Memori - сондай-ақ ағылшын тілінде қызметтерді «виртуалды жады» Delicious, Xmarks, BibSonomy, CiteULike және басқаларды пайдалануға болады[5].

Деректер қоймасына, әсіресе презентациялар ретінде, сіз ыңғайлы сервис қызметі Slideshar мүмкіндігін береді, яғни презентацияларды PowerPoint-та Flash форматында пайдалануға болады. Бұл қызмет онлайн презентациялар көрсету үшін пайдаланушыға мүмкіндік береді. Көрсетілімдерді жариялауға және көруге PDF - файлда веб-қызметті Scribd пайдалануға ыңғайлы. Егер сіз оқыту көрсетілімдерін пайдаланғыңыз келсе, онда веб қызметті SlideBoom берілген қызметті орындауға, сонымен қатар анимация параметрлерін, триггерлер және дайын презентацияларды пайдалануға болады. Бұл қызмет, сондай-ақ әріптестер, студенттер және барлық мүдделі тұлғалармен презентацияны бөлісуге мүмкіндік бар.

Бұл аталған қызметтердің барлығы сізге өз интернет-ресурсында орналасқан файлдарды импорттауға мүмкіндік береді. Жеке оқыту қоршаған ортаға және жеке оқыту желісі негізінде идеяны дамыту мақсатында, 2006 жылы Джефф Хоу мен Wired журналының редакторы Марк Робинсон ұсынған болатын.

Оқу үрдісінде жаңа шешімдерді енгізу оқушылар мен оқытушыларды, қарым-қатынас және бірге жұмыс ақпараттарын бөлісуге мүмкіндік береді. Ғаламтор-ресурстарының үздіксіз дамыту, әр түрлі веб – құралдарға негізделі отырып оқытушылардың жан-жақты өзінің кәсіби біліктілігін арттыру және өзінің әдістемелік қолданымдарын қажет етеді.

#### Қорытынды

Қазіргі информатиканың педагогикалық теориясы мен практикасында оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасын жүзеге асыру мәселесіне басты назар аударылуда.

Мектеп жасынан оқушыларда зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру олардың тұлғалық қалыптасуына әсерін тигізеді:[4]

- оқушыны зерттеу іс-әрекетіне тарту оның жасына сәйкес танымдық белсенділігіне негізделеді;
- оқушының жеткіліксіз тәжірибесіне зерттелетін тақырыпқа сәйкес білімі артады және зерттеу біліктіліктері қалыптасады;
- қалыптасқан зерттеу біліктіліктері оқушының оқу іс-әрекетіне және қоғамдық

өмірдегі іс-әрекетіне қажетті құрамдас бөлік болады. Осы мәселелерді ұйымдастыруда оқушылардың білімін дамытуға арналған оқу платформалары, жеке оқыту орталары қарқынды дамыуда.

Қоғамда білім беруді дамытуда – әзірленген жобалар және заманауи, табысты, жан-жақты болуы тиіс. Ақпараттық қоғам кәсіби қызметі ғаламторда педагогтың объективті оқыту іс- беруді талап етеді. Сонымен қатар, ғаламторда бұл өзгерту мүмкіндіктері бағаланады. Егер бұрын желі электрондық кітаптар, техникалық желілік құралдар электрондық оқулық ретінде қарастырылатын болса, қазіргі таңда ғаламтор түсінігі оқу білім алу ортасында үлкен потенциалды мүмкіншілік болып табылады.

Ғаламтор желісі қазір педагогикалық процесте тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қоршаған ортаны танып білу мақсатында қажетті болып табылады. Бұл орта АКТ дамыту тұрғысынан, және жеке дамуы білім беретін пәндер тұрғысынан іргелі шектеулер ретінде табылмайды. Дәлірек айтқанда, мұнда оң кері байланыс ғаламтор пайдаланушылардың қажеттіліктерін технологиялар мен осы технологияларды меңгеру дамытуды ынталандыру, өз тарапынан, жеке қатысушылардың дамуына ықпал етеді. Бұл біріншіден педагогтарға пайдалы, себебі олар жеткізушілер мен тұтынушылардың қызметтердің рөлін атқарады. Сонымен қатар, педагогикалық даму шекарасыда барлық жаңа коммуникациялық талаптарда ашылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. – М.: Центр «Педагогический поиск», 145стр.
2. Кручинина Г.А. Дидактические основы формирования готовности будущего учителя к использованию новых информационных технологий обучения: автореф.дисс, д.пед.н.Смоленсу, 2007г.
3. Лавреньев Г.В., Лаврентьева Н.Б. Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов. Барнаул:БАлт.2002.
4. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. М.:Школа-Пресс, 215стр.
5. Шевцова Л.А. Системный подход к формированию единого информационно-образовательного пространство//Педагогическое образование. №1. С.203-207



## ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ РОБОТОТЕХНИКА КАК МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ОБУЧЕНИИ

Сағдат Архат Сағдатұлы  
КТУ «Специализированный лицей №82 «Дарын»  
Управления акимата города Астана, учитель  
информатики, магистр

**Аннотация:** В статье рассматривается дидактическая модель учебного процесса по освоению робототехники в качестве междисциплинарного направления.

**Ключевые слова:** интеграция учебных дисциплин, межпредметные связи, интерактивное средство обучения, образовательная робототехника

Робототехника – это область техники и науки, посвященная созданию и использованию роботов. С течением времени робототехника стала неотъемлемой частью современного общества, оказывая значительное влияние на промышленность, медицину, автоматизацию и другие сферы жизни. В этой статье мы рассмотрим важность робототехники, ее актуальные достижения и перспективы развития.

Современное образование стало неотъемлемой частью технологического прогресса, а робототехника является одной из важнейших областей, которая проникает в



него все глубже. Образовательная робототехника представляет собой уникальное междисциплинарное направление, которое интегрирует в себя элементы информатики, инженерии, математики и педагогики. Она стимулирует учащихся к развитию критического мышления, проблемного решения, а также к обучению коллективной работе и коммуникации.

Мы живем в век информационных технологий, поэтому реализация потребностей современного общества требует от каждого из нас высокого уровня знаний и профессиональной подготовки в различных сферах человеческой деятельности. В связи с этим современная система образования внедряет средства, способные заложить основы информационной компетентности личности, помочь ей овладеть способами сбора и накопления информации, а также технологией ее осмысления, обработки и практического применения. Одно из таких средств - «робототехника». Робототехникой называют область науки и техники, ориентированную на создание автоматизированных технических систем, предназначенных для выполнения сложных технологических задач, в том числе, и в недетерминированных условиях [1]. На протяжении многих лет робототехника развивалась и внедрялась во многие отрасли науки, демонстрируя большой потенциал, и на сегодняшний день является одной из самых актуальных областей. Тенденция развития и популяризации робототехники привели к тому, что изучение этой дисциплины стало одним из наиболее интересных и перспективных направлений образования.

Современные достижения в робототехнике поражают своим разнообразием и инновационностью. Роботы становятся все более гибкими и адаптивными, способными работать в разнообразных условиях и выполнять широкий спектр задач. Применение искусственного интеллекта и машинного обучения позволяет роботам обучаться на опыте и совершенствовать свои навыки. Дроны и автономные транспортные средства открывают новые возможности в сфере транспортировки и доставки. Роботы-компаньоны становятся все более популярными среди людей, становясь не только помощниками, но и друзьями.

Робототехника как образовательный ресурс является междисциплинарным направлением обучения, закладывающим фундамент систематического мышления и способствующим формированию естественных знаний в области науки и техники посредством охвата множества смежных предметов, например, таких, как информатика, физика, технология, математика, черчение. Интеграция перечисленных учебных дисциплин позволяет привлекать учеников, имеющих склонности к тому или иному предмету, к другим составляющим системы, а также сделать преподавание отдельных взаимосвязанных дисциплин более эффективным путем стирания границ между ними. Такой подход способствует созданию стойких логических связей между дисциплинами и уничтожает устаревшие понятия о «техническом» и «гуманитарном» складе ума: ученики одновременно развивают разнонаправленные навыки. Это позволяет детям смотреть на мир глобально, замечать закономерности в разных сферах деятельности. Ребенок учится быть всесторонне развитым и эрудированным.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулып, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі – сапалы білім беру. Сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру – негізгі білім беру мәселелерінің бірі. Оқу-тәрбие үрдісінің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер бір қадам алда болуы керек, ал ол үшін мұғалімдер өз құзыреттілігін арттырып отыруы қажет. Сапаны басқару дегеніміз – білім берудегі жаңа тенденцияларды үнемі бақылау, оқыту деңгейін кезеңді түрде талдау, өзгерістерден қорықпау және білім беру үдерісіне жаңаны батыл енгізу екенін түсінуге болады.

Білім сапасын арттыру үшін мектептің даму жоспары құрылып, онда мақсат пен міндеттер, мақсатқа жету жолдары, білім беру ұйымы қызметкерлерінің құзыреттілігін арттыру жолдары көрсетіледі. Мектептің даму жоспары құндылықтар мен жүйелік-қызметтік сияқты кіріктірілген тәсілдер негізінде әзірленеді. Жүйелік-қызметтік тәсіл оқыту мақсаттарының жүйесі, білім беру үдерісін ұйымдастыру, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрінде ұсынылатын білім беру мазмұны мен күтілетін нәтижелерді анықтаудың негізінде алынады. Мұғалімнің міндеті оқыту үдерісінде оқушылар оқу міндеттерін барынша өз беттерінше шеше алатындай етіп ұйымдастырады.

Мектептегі білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары мектептің даму жоспарында нақты көрсетіледі. Ғалымдардың зерттеуі көрсетіп отырғандай, мектепті басқаруда мектеп көшбасшылары маңызды рөл атқарғанымен, оқушылардың оқу үлгеріміне мұғалімдер сабақ барысында орнататын сыныптағы ахуал басты ықпал етеді. Осыған орай мектеп басшылығы сабақты қалай мейлінше тиімді оқыту керектігін, осыған қол жеткізу үшін мұғалімдерге қандай көмек қажет екенін білуі тиіс.

«Мектеп көшбасшылығы және оқушылардың нәтижелері: ненің ықпалы бар және неліктен» (Robinson, 2009) атты үздік айғақтардың жаңазеландиялық синтезінде жарияланғандай оқушылардың нәтижесіне мектеп басшылығының мұғалімдердің білім алып, дамуына ықпал етуі және бұл үдеріске тікелей қатысуы бәрінен де қатты ықпал ететіндігін көрсетеді. Сондықтан мектепте мұғалімдердің жұмысқа деген ынтасы мен

мүмкіндігіне, сондай-ақ мұғалімдер жұмыс істеп, оқушылар білім алатын жағдайға, ахуалға ықпал ету арқылы мектеп нәтижелерін жақсартуға аса мән беріледі.

Мектеп білімінің сәтті жүйелері оқыту көшбасшысы ретінде директорларға тиімді тәжірибе қоғамдастығын құруды ұсынады. Оларда мұғалімдердің кәсіби даярлығы ұдайы жетілдіріліп, ол жұмыс күнінің құрылымына енеді. (Schleicher, 2012). Соңдықтан мектепте мұғалімдердің «Жігер» қоғамдастығы құрылып, ол кейін серіктес мектептер аралығындағы желілік қоғамдастық деңгейіндегі жетекші мектепке айналды. Енді мектеп-гимназия жетекші мектеп ретінде өз жұмысын жүргізіп келеді. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық - бұл мектепті жетілдіру мен өзгертудің қажетті серігі және оның тиімділігін арттырушы фактор екендігі анықталған. Жетекші мектеп – ұйымдасқан қоғамдастық аясындағы мамандардың бір орында қалып қоймай, кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыратын, жеткіншектердің оқуын жақсартатын білім ордасы. Мұндай маңызды міндет жетекші мектепке үлкен жауапкершілікті жүктейді. Жетекші мектеп серіктес мектептерге қолдау көрсетуі керек, сондықтан ол білім саласындағы жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болып, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлап, үнемі кәсіби дамуына аса назар аударады.

Ұжымдық атмосфера мен ынтымақтастық мектеп мәдениетінің ең маңызды құраушылары екенін айта кету қажет, онда формалды және бейформалды тақылаулар, яғни тиімді оқыту мен бірлескен жұмыс қолдау табады. Біз мектептегі мұғалімдердің ұжымдық өзара қатынастарының 4 түрін қолдаймыз (Литтл, 1990):

- тәжірибелік ақпаратпен алмасу;
- көмек көрсету
- материалдармен, ресурстармен, әдістермен, идеялармен алмасу;
- бірлескен жұмысқа тарту.

Бұл мақсаттар үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы, жүйелік-әдістемелік кешен құрылып, командалық оқыту тәжірибеге енгізілуде.

Жетекші және серіктес мектептердің үйлестірушілері алдымен сауалнама жүргізіп, өз мектебінің басымдығы мен кедергілерін нақты көрсете отырып, ортақ зерттеу мәселесін анықтайды. Бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде оқушылардың оқу және мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жақсартуға бағытталған жылдық жұмыс жоспары жасалады. Басқарушы топ өз жоспарында ұйымдастыру-әдістемелік шараларын, зерттеушілік бағытын, осы зерттеу жұмыстары аясында мектеп мұғалімдеріне арналған педагогикалық тәжірибені тарату бойынша шараларды нақтылап, кәсіби қоғамдастықтың тиімді жұмысына мониторинг жасау мен ақпараттандыру жолдарын көрсетіп отырады.

Қоғамдастық аясында жүргізілген вебинарлар мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы арқылы кәсіби біліктілігін арттыруына мүмкіндік туғызады. Жетекші және серіктес мектептердің пән мұғалімдері өздерін ойландырып жүрген тақырыптары бойынша өз тәжірибесін, ойын ортаға салады. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын жасаудағы, алудағы, тексерудегі қиындықтар мен кедергілерді болдырмаудың жолдарын атап көрсетіп, мектеп мұғалімдері қашықтан оқыту жағдайында айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларына қатысты тапсырмаларды сабақ барысында қалыптастырушы бағалау арқылы жүзеге асыру мүмкіндігімен бөліседі.

LS тәсілін қолдану арқылы мектептегі және қоғамдастық аясындағы мектеп мұғалімдерінің оқшаулануын болдыртпай, қашықтан оқыту мен оқуды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды үйлестіре жүргізеді. Онлайн түрде орнатылған қарым-қатынас тәжірибені арттырады. Ең алдымен жетекші мектептің ұйымдастыру-әдістемелік функциясына сәйкес қоғамдастықтағы мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына бағытталған әдістемелік іс-шаралар жоспары жасалынады. Жоспарланған жүйелі іс-әрекет арқылы жетекші мектеп пен серіктес мектептер аралығында онлайн түрде диалогтік алаң құрылады. Бұл мұғалімдердің тиімді әдіс-тәсілдермен және идеялармен бөлісуіне, үйренгенін өз тәжірибесіне енгізуіне мүмкіндік береді.

Оқу жылының басында барлық серіктес мектеп координаторлары онлайн түрде бас қосып, өз мектебінің басымдығы мен кедергілерін анықтай отырып, ортақ зерттеу мәселесін анықтайды. Оқушылардың оқуы мен мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жақсартуға бағытталған жұмыс жоспары құрылып, «Оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы «Сабақты зерттеу: LS» әдісінің рөлі» зерттеу тақырыбымен жұмыс жасайды. Мақсаты: оқушының қажеттілігін анықтай отырып, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыру жолдарын зерттеу.

Нәтижесі: Жетекші және серіктес мектептерде зерттеу сұрақтары мен мақсаты



анықталған топтар құрылып, жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізіледі. Кластердегі мектептер әдістемелік тақырып бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау мақсатында вебинар, ашық сабақтар өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік алады.

Бірлескен жұмыс арқылы әр мектептің жас мұғалімдеріне пәндік, әдістемелік қолдау көрсетіледі. Педагогтердің өз тәжірибесін зерделеу мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік күзіреттілігін дамытуда тиімді жағдай жасалынып, онлайн-коучингтер өткізіледі. Өз тәжірибемізге шетел әдістемесінің де тиімді жақтарын ендіру үшін «Lesson study» бойынша қоғамдастық аясында семинарлар, ашық сабақтар өткізіп, бірлесіп жұмыс жасаудың теориясы мен практикасын терең меңгерудеміз.

Мектепте және қоғамдастық аясындағы «Сабақты зерттеу (Lesson study)» тәсілімен жұмыс жасай отырып, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын қалай оята аламыз?» тақырыбында жүргізген бірлескен зерттеу жұмысы мектептегі білім сапасының алға илгерілеуіне мүмкіндік береді.

Алдымен оқушылардың көркем әдебиет оқудағы кедергілерді анықтау мақсатында сұрақтар даярланып, нақты мақсат қою үшін сауалнама алынады. Соның нәтижесінде үш мектептің 9-сынып оқушыларының көркем әдебиет оқу деңгейі анықталады. Мектепте «Сабақты зерттеу (Lesson study) әдістемесімен жұмыс жасай отырып, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын қалай оята аламыз?» деген мәселе зерттелген сабақтарда бақылаушы мұғалімдердің зерттеу фокусы оқушының жеке, жұпта, топта жұмыс жасау дағдысын бақылау және талдау болады. Мұғалім оқушының көркем шығарманың адам танымын, өзіндік көзқарасын, ойын қалыптастыратын құрал екендігін қаншалықты ұғынғандығын бақылайды.

Біз айырықша көңіл бөлетін басты мәселе – осы таным мәселесі. Әсіресе бала танымын дәл басып тану үшін де кез келген мұғалімде қырағылық керек. Мұғалімдер әдеби шығарманы оқыту барысында ол шығарманың бала санасына, ақыл-ойына қалай әсер етіп отырғанын қадағалауымыз керек. Шығарма бала танымына әсер етті ме, жоқ па, оны баланың іс-қимылынан білеміз. Баланың іс-қимылы – оның ішкі жан дүниесінің көрсеткіші. Шығарманы оқу барысында кез келген бала белгілі бір деңгейде әрекет жасайды. Сол әрекет арқылы оның танымдық деңгейі анықталады.

Жас маманның өз кәсібіне бейімделуі барысында олардың белсенділігін, мақсатты әрекетін, жоғары мектептің оқу-тәрбие процесіне енуінің шығармашылық сипатына мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік және маманның тағайындалған тәлімгері әдістемелік көмек көрсетіп отырады. Осылардың нәтижесінде жас мамандар өздерін танытып, еңбек процесінде өз орнын таба алады. Таңдаған кәсібіне оң пікірі, дағдылары мен білігі, ақыл-ой қызметін тиімді ұйымдастыру қабілеті мен кәсіби іскерлік қасиеттерді дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби өз бетімен білім алу жұмысының жүйесі қалыптасады.

Мектепте бірлесіп жүргізілетін «Оқуға құштар мектеп» және «8 минуттық оқу» жобалары мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дамытып, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығының артуына септігін тигізеді.

Жетекші мектеп ретінде серіктес және қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жас мамандарына арналған «Көркем шығарма – құндылықтар бастауы» тақырыбында өткен семинар-коучингтер

«8 минуттық оқу» жобасын жүзеге асыру арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігінің артуына ықпал еткендігін көруге болады. Жас маман көркем шығарманы талдау барысында оқушылардың сыни ойлауына, шығарманы өмірмен ұштастыра алуына қалай ұйытқы бола алатындығын түсінеді. Оқу сағатын өз тәжірибесінде қолданса, «8 минуттық оқу» жобасын жүзеге асыруға қол жеткізетіндігіне сенімі арта түседі.

Жетекші мектеп мұғалімдері өткізген семинар-коучингтер қала мектептерінен келген жас мамандарға практика жүзінде жұмыс жасап, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың жолымен танысуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде жас мамандардың іс-тәжірибесінде пайда болған жаңалық пен жаңашылдық олардың жыл бойы үйренгенін түрлі тақырыптағы шаралар арқылы бөлісуіне жетелейді.

Білім беру сапасын қалыптастыру мен басқарудағы маңызды іс-әрекеттер ретінде ұсынатынымыз:

- ұйымдастыру-әдістемелік, зерттеушілік функциясын жетілдіре отырып, жаңартылған білім мазмұнын енгізу жағдайындағы көшбасшы мұғалімдердің

тәжірибесінен әдістемелік ресурстар жинағын қалыптастыру;

- мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы арқылы кәсіби біліктілігін арттыру, пәнді оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында отандық, шетел тәжірибесімен танысу;

- жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау мақсатында әдістемелік тақырып бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне диагностикалық талдау жасап, мониторинг жүргізу;

- сандық орта мен медианы қолдана отырып, ақпараттандыру-таратушылық функциясын жүзеге асыру.

Сонымен мектеп басшысы алдына нақты мақсат қойып, мектепте және серіктес мектептерде командалық жұмыстың қолданылуын ынталандыру керек. Ол үшін жағымды көзқарас қалыптастырып, құндылықтар анықталып алынады. Ішкі және сыртқы қолдауды күшейтіп, мұғалімдер мен сыныптағы ахуалдың оқушылардың білім алуына айтарлықтай ықпал ететіндігіне мән беріледі, өйткені оқыту мен оқу – мектептің ең басты қызметі. Мектеп басшысы нақты мақсаты, міндеттері, мақсатқа жету жолдары көрсетілген даму жоспары мен білім беру ұйымы қызметкерлерінің құзыреттілігін арттыру жолдары арқылы білім беру сапасын арттыра алады.



## ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ, ЦИФРЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**Нұрқабұл Гүлден Жеткергенқызы**  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Т.Жүргенов атындағы  
№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКҚ, қазақ тілі  
мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
педагогика ғылымдарының магистрі

Аннотация: Бұл мақалада білім алушылардың қоғамдағы ақпараттық негіздерінің қалыптасу формалары, ондағы цифрлік технологиялардың тиімділігі, қабілетке бейімділігі қарастырылады. Қашықтықтан оқыту жүйесіндегі цифрлы технологияның қауіпсіздік шараларын арттыру мәселелері сөз етіледі.

Тірек сөздер: Цифрлік сауаттылық, цифрлі технология, білім беру тенденциясы, қашықтықтан оқыту бағдарламасы.

Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындық болмаса соған деген ынталандырушы қабілет. Аталған технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашамыз. Сондықтан да, ХХІ ғасырдың ең ауқымды тақырыптарының бірі де осы – ақпараттық қоғамды цифрландыру.

Шын мәнінде, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне көшіп барады. Цифрландыру технологиялары – бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралы іспеттес. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде:

- білім беру үдерісін цифрландыру;
- цифрлық білім беру контенті;
- білім беруді басқаруды цифрландыру.

Елімізде білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ білім беру ұйымдарының көрінісі

көбінесе барлық пәндердің жинақталған білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Менің мұндағы айтпағым, онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас тудыра алуы қажет.

Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы 31 қаңтарда жариялаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Қазақстан үшін жаңғыруға қажетті бағдарлама керектігін басып айтты. Жолдауда Елбасымыз: «...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдер экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай, Үкіметке «Цифрлы Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондықтан Үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс» - деп халықаралық бағыттағы бағдарламаның артықшылықтарына ерекше тоқталып өтті. Жолдауда «Цифрландыру» мәселесінің негізгі 5 қағидасының 4-інші түрінде: «Адам капиталын дамыту» мәселесін көтерді. Бұл бағыт бойынша «білім экономикасына» көшу үшін креативті қоғам құру қолға алынсын деген идеялар айтылды.

Жалпы капитал дегеніміз – табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі болып табылады. Ал енді қараңыз, егер капитал табыс әкелмесе, кез келген байлық капитал бола алмайды. Ал адами капиталға айналмаған жан бәсекелестікке қабілетті болмайтындығы осы жерде бәрімізге түсінікті. Адам капиталын дамыту үшін Қазақстанда сапалы кадрлық әлеует құру керек. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асуда. Ол жерде орта, техникалық және кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру шаралары қарастырылды. Және оған төмендегідей ерекшеліктер кіріктірілді:

- білім алушыларға арналған бағдарлама роботты техника, виртуалдышындық, 3D принтинг және басқа пәндермен толығады;
- талантты жастарды дамыту және қолдау мақсатында тұрақты түрде хакатондар, олимпиадалар мен конкурстар ұйымдастырылады;
- роботты техника мен бағдарлама бойынша түрлі үйірмелер ашылады;
- елді мекендерде тұрғындар, оның ішінде жұмыссыздар, сұранысқа ие цифрлық машықтарға оқытылатын болады.

Қазіргі кезде білім беру ұйымдарында жаппай енгізілген электронды күнделік, электронды кітапхана білім алушылар мен ата-аналар үшін тиімді қызмет атқарып тұр. Қолданысқа енгізілген электронды журналдар мен күнделіктер ата-аналарға балаларының үлгерімін бақылауға, оқу бағдарламасы мен үй тапсырмалары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Кез келген ата-ана ғаламтор арқылы сол жүйеге кіріп, баласының үлгерімін қадағалай алады. Барлық мектеп жүйеге құпия сөз және логин арқылы кіреді. Әр оқу жылына бір рет сабақ кестесі бекітіліп, автоматты түрде барлық тоқсанға қойылады. Мұғалім сабақ кестесіне сәйкес электронды журналға баға қояды. Баға автоматты түрде оқушының күнделігіне түседі. Жүйеде үйге берілген тапсырма да көрініп тұрады. Және де барлығына ыңғайлы болу үшін жүйенің мобильді нұсқасымен де пайдалануға болатынын білеміз. Осыдан шығатын қорытынды, цифрлы білім беру ол дәл қазіргі заман талабы деп толық айта аламыз. Және де Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы Қазақстан цифрлы болашаққа қарышты да нық қадам басуы керек деген ойымен толық қосыламыз. Өйткені, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының шешуші мақсаты - инновациялық экономиканы қалыптастыру, 2050 жылға қарай бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу және қоғам мен өндірісті жаңарту. Ескере кететін жәйт, 2017 жылғы 13-қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс министрлігі «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ-мен бірлесіп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен цифрландыру мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізілді. Сол жерде Нұрсұлтан Назарбаев: «Мен әркімнің цифрландыру мақсат емес екенін түсінуін қалаймын, ол жаһандық бәсекелестікке әкелетін біздің абсолюттік артықшылығымызға қол жеткізудің құралы. Онсыз өзін құрметтейтін ел қалыпты өмір сүре алмайды. Бәсекелестік болмаса, біз артта қаламыз және алда келе жатқан мемлекеттердің шаңын жұтатын боламыз. Пайданың, өнімділіктің және капи-талдандырудың күрт артуы – мәселе осында. Цифрлы экономика



осыны береді» деп ескертті.

Демек, тәуелсіз ел болып, сіз болып, біз болып, жастарымыз болып, заманның қайда, қалай бет алғандығын ұқтық, осы жолда басты бәйгеге тіктік. Сол себепті Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің міндетіміз бәсекелестікке лайықты ұрпақ тәрбиелеу» деген сөзін басшылыққа ала отырып, бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің көк байрағын көгімізде желбіретер жаңа замандағы жаңа тұлғаны тәрбиелеу педагог қызметкерлердің, яғни біздің зор міндетіміз деп білеміз. Ендеше, заман талабына сай білім беру саласына күн санап еніп жатырған жаңа технология элементтерін өз сабақтарымызға оңтайлы пайдаланып, саналы ұрпаққа сапалы білім беру басты мақсатымыз деп санаймыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы.  
<https://www.akorda.kz>
- 2.«Адам капиталы» ұғымы және оның мағынасы. <https://ikaz.info>
- 3.Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // Астана. 12.12. 2017.
- 3.«Білім саласын цифрландыру мәселесі талқыланды» «Егемен Қазақстан» газеті, 03.10. 2018.



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ертаева Гүльнур Болатовна  
Астана қаласы әкімдігінің «№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицей» КММ, бастауыш сынып мұғалімі

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануды үйрету.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті- мұғалім баланы оқыта отырып, оқушының еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және оқушының өз бетінше шешім қабылдауына дағдыландыру.

Жоғарыдағы міндеттерді орындасақ, оқушы бойында мынандай дағдылар қалыптасады:

- \*білімдері мен біліктерін өмірлік жағдаяттарда қолдана біледі
- \*ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай біледі
- \*өзінің болжамдарын ұсынады және зерттеулер жүргізеді
- \*ойын негіздей алады
- \*іскерлігі мен дағдыларын өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдаланатын болады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Әдебиеттік оқу пәнінде «жалғасын тап» әдісі

Мақсаты: есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Мысалы: мұғалім сөйлемнің басын оқиды, балалар жалғасын табады.

Бердібек Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» деген әңгімесі бойынша «Мектеп оқушылары орманға... Олар көшеге ағаш ... Алмабекке бұл... Басқа балалар көшеттерді ... Жаз ортасы болғанда ағаштар... Алмабектің отырғызған ағаштары...»

«Оқылған шығарманың картасы» әдісі арқылы оқушылар шығарманың тақырыбы, авторы, кейіпкерлері, оқиға орны, оқиға болған жыл мезгілі, идеясы, негізгі ойды анықтайды.

Сабақтың соңында «3-3-1» әдісін пайдаланған өте тиімді. Оқушыларға бүгінгі сабақты қорытындылайтын 3 сөйлем жазу ұсынылады. Жазған 3 сөйлемді қорытындылайтын 3 сөз жазу тапсырылады. Енді осы 3 сөзді 1 сөзбен ғана жазу керек. Оқушылар «күн тәртібі» туралы былайша жазды:

1.күн тәртібі әр адамда болуы керек.

2. Уақытты үнемдеу

3. Досанның досының жоқ болуы.

Енді осы 3 сөйлемді күн тәртібі, уақыт, дос деп нақтылады. Соңында күн тәртібі деген негізгі тірек сөзді өздері тапты.

Оқушының еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және оқушының өз бетінше шешім қабылдауын дағдыландыру мақсатында «сөздер банкісі» әдісі тиімді.

Оқушыларды өткен тақырыпқа сай келетін және тақырыпқа қатысы жоқ сөздерді араластырып бердім. Оқушылар бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді таңдап алуы керек. Мысалы «Менің Отаным» тақырыбын өткенде тәуелсіз, соғыс, бейбіт өмір, аштық, кең-байтақ сөздері берілді. Оқушылар Отанымызға қатысты: тәуелсіз, бейбіт өмір, кең-байтақ сөздерін таңдап алды. Мәтінді толық меңгеру үшін оқушыларға сюжетті суреттер мен уақыт сызығы берілді. Оқушылар оқиға желісі бойынша суреттерді сәйкесінше уақыт сызығына орналастырды.

«Жетелеуші 7 сұрақ» стратегиясы арқылы «Кім? Не? Неге? Қайда? Қашан? Қалай? Егер де олай болса, қалай болар еді?» деген қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай біледі.

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Көркем жазудың мақсаты — дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушыны каллиграфиялық қабілетін ұалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты — балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу — аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылардыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай

жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл оңдай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпта-5 минут, 2 сыныпта -8 минут, 3 сыныпта-12 мин, 4 сыныпта-15 мин. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т. б ұғымдарды меңгереді.

Оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамытып, табандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында дәнді дақылдарды (күріш, үрмебұршақ, қарақұмық) пайдаланған тиімді екендігін байқадым. Әр түрлі қисық сызықтар сызып, оқушыларға сызық бойына берілген дәнді дақылдарды тізіп шығу тапсырылады.

Ақ қағаз бетіне күріш сеуіп, күріш бетіне кез келген әріпті немесе сөзді жазу ұсынылады. Оқушының саусағының ұшындағы нерв талшықтарына таптырмас массаж болып табылады.

Бала пластилиннен бірдеңе қалыптастырғанда, ол қолдың тамаша нығайтылуы және тіпті пальмалар мен саусақтарға арналған массаж. Бұл тренинг қорытындысы қағаз парағы мен қаламмен жұмыс жасайды. Оған тапсырма берілуі керек, онда бала қисық және тік сызықтарды, нүктелерді, шеткаларды, ілгектерді тартады. Оқушының көп жұмыс жасамайтынына және демалуға мүмкіндіктері бар екеніне көз жеткізіңіз. Ол үшін әрбір сызылған сызықшадан кейін сіз тоқтап, дем алып, дем алып, тұтқаны ұстап қалуыңызға болады.

Көркем жазуды қалыптастыратын негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс.
  2. Ауада жазу. Ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.
  3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.
- Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн:

1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады.
2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді.
3. Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар



әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн.

Әдемі, сұлу жазудың фундаменті 1, 2 — сыныпта құйылады. Сол кезде жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейін жөндеу қиын болады

Жазуға үйренуде уақытша нерв байланыстарын шартты рефлекс арқылы емес, операнттық рефлекс арқылы қалыптастырудың мәні ерекше болып табылады. Жазуға байланысты жаттығу жұмыстары әр түрлі факторларға негізделеді:

Көру, қимыл факторларына негізделетін көшіріп жазу. Есту арқылы қабылдауына сүйенетін мәтінді жазу (мұғалім оқып берген немесе оқушы оқыған тексті жазу).

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Мұғалімнің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе өзімнің баяндамамды қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады.

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады.
2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.
3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.

4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс - әрекетке қабілеті артады.

5. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда оларға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беру ақылы шығармашылықтың алғашқы сатысын іс – әрекет және ойын арқылы бастаған дұрыс. Себебі: ойын баланың дамуындағы ең күшті әсер ететін фактор. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және еркін қиялдаумен шығармашылық ойлауы тәрбиеленіп, қалыптасып дамиды.

Жұмысымызды қорытындылай келгенде: «алуан, алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын», - дегендей әр адамның өзінің қабілетінің салаларына қарай дара айырмашылығы да алуан болып келетінін жоғарыдан білдік. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан басталады деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі педагогтың міндеті жеке тұлғаны рухани адамгершілік, ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар жағынан дамыту үшін оның білім бере алу жолындағы өмірін мәдениетке ену үрдісі ретінде ұйымдастырып, оқушының әр даму кезеңінде әлеуметтік өмірдің мәнін түсінуімізге бағыттауымыз қажет. Сабақ процесінде сыныптан тыс жұмыстарда оқушының білім көлемі меңгертіліп, мінез-құлық өмірге деген белсенділігі артып, рухани-адамгершілік дәрежесі біртіндеп дамиды. Сонда ғана жас ұрпақ болашақта өз ана тілін құрметтей алатын, өзін-өзі басқара алатын, қызмет көрсете алатын тәрбиелі, үлгілі, жаны сұлу, рухани-адамгершілігі таза ең бастысы бәсекеге қабілетті дарынды тұлға болып қалыптасады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Тұрғынбаева. Б. А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж
2. М. Жұмабаев, педагогика, – алматы, 1992.
3. К. Калмухамбетова, К. А. Ерешева, Ұ. Ботабаева. «көркем жазу». 1-сынып. Алматы кітап, 2021 жыл
4. Ж. Қараев «оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы»
5. Тұрысбаева «дамыта оқыту технологиясы».
6. Иманғалиева А. «дарынды дамыту – ұстаз парызы».
7. Пассов Е. И. «технология коммуникативного обучения иноязычной Культуре».



## ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Ахметова Гулнар Ораковна**  
Заместитель директора по  
воспитательной работе  
ГКП на ПХВ «Школа-гимназия №91» акимата  
города Астаны, учитель русского языка и  
литературы, педагог-исследователь

В данной статье предложено исследование, эффективно ли включать искусственный интеллект в уроки русского языка и литературы для создания комфортной и развивающей среды для учащихся современной школы.

Я учитель молодой школы, которая целенаправленно реализует миссию: «Мы воспитываем граждан мира с интернациональным мышлением, стремящихся к созданию безопасного общества». Так как наша школа стремится стать международной школой межкультурных коммуникаций с развитой инклюзивной средой, моя цель создать условия обучения доступным и понятным каждому ученику. Не секрет, что у современных детей клиповое мышление и довольно трудно дается работа с текстом. Большой поток информации подается ребенку в виде ярких и красочных визуальных всплесков с экранов телефонов, планшетов, телевизоров, компьютеров. Непросто удержать внимание детей на чтении художественных произведений, осознанное написание эссе, творческих проектов и другое. Поэтому я как учитель-предметник поставила перед собой цель, требующая глубокого понимания того, каким образом использование искусственного интеллекта окажет положительное влияние на обучение и социализацию детей.

Искусственный интеллект стремительно входит во все сферы нашего бытия, и образование не стало исключением. Возможно ли включить искусственный интеллект в школьные уроки? Да. Могли мы такое предположить еще 5 лет назад? Нет. Что происходит сегодня?

Самый распространенный и знакомый из всех вариантов - визуализация изображений по текстовому запросу. Использование нейросети на уроках русской литературы и русского языка только улучшает восприятие нового материала учащимися и запоминается им надолго, так как создателями проектов являются сами. Несмотря на страх отвлечь внимание детей от основной темы, были проведены экспериментальные уроки, которые дали свой результат. Такие уроки важны и нужны, потому что перед нами поколение нового формата. Впервые, когда в 2021 году открывалась наша школа, пришел контингент, многие из которых проживали или родились в разных зарубежных странах с развитой высокой технологией. Перед педагогическим коллективом стояла задача обучать детей с разными запросами и интересами, но самое главное преподнести материал доступно каждому. Это поколение осознанных детей, которые не просто задают вопросы, они ищут смыслы, дети, которые ничего не боятся. Они смельчаки. Как реагировать педагогам? Я вижу лишь один путь: наша задача состоит в том, чтобы сделать что-то, чтобы именно так их воспринимать. Мы не имеем права коммуницировать с ними так, как это было 5, 10...30 лет назад. Нам нельзя бояться их вопросов. Нам запрещается задавать встречный вопрос о нарушении субординации. Нас не должно возмущать это «задавание вопросов». Но это позиция, к сожалению, большинства учителей старшего поколения. С такой позицией трудно расставаться, но это просто необходимо. Можно детей сделать своим союзником, опередив «следующий неудобный вопрос». Хочется понять смысл? Давай разбираться вместе. В чем смысл того, что мы делаем из урока в урок? Нам все понятно. А им? Они в силу отсутствия жизненного опыта не могут этого оценить. Необходимо сближение поколений. Вызов принят: урок ведем на детской территории, теми средствами, которые у них в приоритете... Осознав новые вызовы и возможности времени, изучив интернет, мы понимаем, что искусственный интеллект нам способен помочь. Живое слово учителя


ничто не заменит, а вот соединив его, например, с нейросетью, мы можем многое изменить в мотивации детей к изучению. Если говорить о доступных нейросетях, то стоит обратить внимание на нейросеть Kandinsky 2.1, модель семейства генеративных моделей от SberDevices и Sber AI, ChatGPT, Leonardo Ai, способную всего за несколько секунд создавать высококачественные изображения по их текстовому описанию на естественном языке. На уроках используем при создании иллюстративного материала к изучаемому (визуализация стихотворений, повестей, романов, романов-эпопей и других жанров русской классики, продуцирование уникальных изображений для презентаций без нарушения авторских прав). Однако тексты XX-XXI века хоть и поддаются визуальной иллюстрации нейросетью



без проблем, то произведения XVIII-XIX веков, к сожалению, многое искажают. Нейросеть обрабатывает контент современного гораздо больше в объемном соотношении, нежели того, классического, ушедшего в пассивный словарный запас, а по этой причине и ее визуальные интерпретации произведений классиков «золотого» века выглядят зачастую соответствующе. Например, одна из работ учащихся на уроке русской литературы по роману Ф.М.Достоевского «Война и мир». Учащимся надо было создать авторскую обложку книги.

Получилось не соответствующе. В чем проблема? В детализации текстового запроса.

Ребята пробовали разные варианты, но после поняли, что для создания детального соответствующего содержанию текста изображения, необходимо занать содержание произведения. Подробная детализация визуализации приближает к авторскому текстовому изображению. Например, первый бал Наташи Ростовской из романа-эпопеи «Война и мир» ребята изобразили таким образом:



А подробная портретная характеристика главного героя романа Ф.М.Достоевского «Преступление и наказание» Родиона Раскольникова выглядит в представлении учащихся с помощью Leonardo Ai так:

Промт был задан так: Внешность – высокий, худощавый, стройный молодой человек с темными глазами, темно-русыми волосами и привлекательными чертами лица.

Чтобы визуализация была качественно интерпретирована, потребуется подробно прописать каждый образ/объект из произведения, но это уже вторичный текст, созданный интерпретатором. Неудачный опыт можно применить как «образовательный потенциал», показывая, как важно иметь представление об объекте (предмете, образе) и его визуальной составляющей, а это целое направление работы на уроках литературы, на практических заданиях по изучению устаревшей лексики или фразеологизмов на уроках русского языка. Сама модель Kandinsky 2.1 позволяет выбрать масштаб изображения и его стиль от цифровой живописи до имитации «кисти» известных художников. В любом случае в качестве мотивирующего элемента урока подобная нейросеть заслуживает внимание.

Одна из работ учащихся на уроке русского языка по теме «Фразеологизмы» - Висеть на телефоне:







Денег курсы не клюют:



Делить шкуру неубитого медведя:

Иногда изображения могут быть неожиданными, что дает повод учащимся детально описывать желаемый результат, тем самым пробуждая интерес к теме.

Соотнесение понятий и его визуального отображения предлагает нам еще (<https://quickdraw.withgoogle.com/?locale=ru>) «Quick, Draw!» от Google, предлагая игрокам нарисовать изображение объекта или идеи и используя уже искусственный интеллект в виде нейронной сети, чтобы угадать, что представляют собой рисунки. Можно предложить детям ресурс (<https://ru.akinator.com/>) «Загадки Акинатора», способный угадывать героев литературных произведений. Популярность у детей очевидна. Программа обучается, прощает ошибки, умеет подбирать вопросы, одним словом - модель искусственного интеллекта. Ресурс можно использовать в качестве мотивационного элемента на любых уроках.

Пример работ «Акинатора».

Говоря об искусственном интеллекте, следует обратить внимание на инструмент (<https://www.myheritage.com/deep-nostalgia?lang=RU>) «Deep Nostalgia» от «MyHeritage». Это технология создания видео с анимацией лиц на фотографиях и просмотра реалистичного видеоролика - превосходный ресурс для уроков.

Мы можем «оживить» портреты классиков литературы и любых других известных личностей.

Исходя из вышесказанного, мы сделали вывод о том, что искусственный интеллект способен стать помощником учителя - без самого педагога даже великий и могучий искусственный интеллект перестает быть таковым, работая только вместе с учителем.

## СМС КАК СОВРЕМЕННЫЙ ЭПИСТОЛЯРНЫЙ ЖАНР



**Абишева Гуль Крымовна**  
ГКП на ПХВ «Школа-лицей № 85  
имени шейха Тамима бен Хамада  
аль-Тани» акимата города Астаны  
учитель русского языка  
и литературы, педагог-  
исследователь



**Муслимова Куралай Балтабаевна**  
ГКП на ПХВ «Школа-лицей № 85  
имени шейха Тамима бен  
Хамада аль-Тани» акимата  
города Астаны,  
учитель русского языка  
и литературы, педагог-  
исследователь

### **Аннотация:**

Предлагаемая статья ставит своей целью изучение и выявление характерных закономерностей трансформации эпистолярного жанра, а также рассмотрение особенности нового СМС- подязыка. Рассматривается тематическая и эмоциональная направленности СМС - сообщений, приводятся примеры перевода литературной классики на язык СМС - сообщений. Выводится заключение о том, СМС - коммуникация трансформировалась в совершенно уникальный вид межличностного общения.

Мақалада қойылған негізгі мақсат эпистолярлық жанрдың заңдылықтарының өзгерісінің оқу және анықтау , сонымен қатар жаңа БХҚ жүйесінің ерекшеліктерін қарастыру БХҚ хаттардың тақырыптық және эмоционалды бағыттары қаралады, классикалық әдебиетті БХҚ хат түріне аударудың үлгілері жайында мысалдар келтіріледі. Бұқаралық хаттар құралы арқылы байланыс орнату жеке тұлғалар арасында қарым-қатынас жасаудың өте керемет түрі екені жайлы қорытындыға келеді.

The present article aims to study and identify the characteristic patterns of the transformation of the epistolary genre, as well as consideration of the new features of SMS-sublanguage. We consider the thematic and emotional orientation of SMS -messages are examples of translated literary classics into the language of SMS- messages. SMS-communication was transformed into a totally unique form of interpersonal communication.

СМС- коммуникация возникла в результате научно-технического прогресса на рубеже XX–XXI веков. Среди существующих сегодня четырех основных видов электронного общения (электронная почта, социальные сети Интернета, Служба мгновенных сообщений и СМС) самым популярным является именно общение с помощью коротких текстовых сообщений посредством мобильного телефона. Согласно отчету «СТИА», в мире число людей, использующих СМС («Служба Мобильных Сообщений» от англ. «SMS» – «Short Message/Messaging Service»), более чем в два раза превышает число людей, пользующихся электронной почтой [Cellular Telecommunication ... , Электронный ресурс].

Глобальное распространение сервиса СМС способствовало выходу языка коротких текстовых сообщений за пределы телефонных дисплеев. Начало XXI века было ознаменовано рождением нового литературного жанра.

В результате почти двадцатилетнего развития СМС-коммуникация трансформировалась в совершенно уникальный вид межличностного общения, сочетающий в себе признаки как письменной, так и устной речи. Несмотря на письменную форму общения и отсутствие непосредственного контакта с собеседником, в СМС- сообщениях имеются

такие ярко-выраженные черты устной речи, как диалогический характер, эмоциональная окрашенность, интимный характер, наличие «общей памяти», разговорная лексика, большое количество грамматических ошибок, всевозможные формы компрессии, разговорные варианты моделей предложения и т.д.

Этот феномен не мог не привлечь внимание лингвистов. К.А. Филиппов считает, что СМС- коммуникация является «промежуточной» формой речи [Филиппов, 2007, с. 84–91]. О «гибридной», устно-письменной форме общения с помощью текстов коротких сообщений говорят К. Терлоу [Thurlow, 2003, Электронный ресурс] и К. Фрехнер [Frehner, 2008, p. 16]. В.М. Лейчик называет эту форму речи «устно-письменной» [Лейчик, 2007, с. 9]. В.И. Земзерава говорит об СМС- коммуникации не иначе как о «новой разновидности современной устной разговорной речи, которая фиксируется в письменной форме» [Земзерава, 2008, с. 28].

К одной из самых ярких особенностей СМС- коммуникации относится включение в текст логографических символов – цифр, букв, буквенно-цифровых сочетаний и типографских знаков, призванных замещать буквы, слоги и даже целые слова. В большинстве случаев логограммы используются для замещения слов или части слов.

Как показало исследование, наиболее продуктивными слоги- и словообразующими цифрами в английском СМС-подъязыке являются 1 (no1 – no one, 1der – wander), 2 (in2 – into, 2ht2hndl – too hot to handle), 4 (4 her – for her, 4ward – forward, there4 – therefore) и 8 (m8 – mate, 8 – ate).

К наиболее частотным цифрам, характерным для русского СМС-подъязыка, относятся 1 (1аковый – одинаковый), 2 (2жды – дважды), 3 (смоз – смотри), 5 (5но – пятно) и 7 (7естр – семестр).

Уникальной чертой русской СМС- коммуникации является применение латиницы. Соотношение частоты использования кириллицы и латиницы в русских СМС - сообщениях составляет приблизительно 2:1. На фоне стопроцентной русифицированности современных мобильных телефонов доля сообщений, набираемых при помощи латиницы, выглядит вполне внушительно. Основное преимущество латинской раскладки продиктовано экономической выгодой (одно сообщение на латинице вмещает 160 знаков вместо 70 символов кириллического формата).


Для компенсации эмоциональной бедности исследуемого вида коммуникации используются эмодзи пяти основных типов:

1) пунктуационные (классические) эмодзи ;-[];

2) эмодзи-картинки; 

3) каомодзи <^..^> – летучая мышь;

4) анимационные эмодзи; 

5) математические эмодзи. 

Одним из аспектов СМС- коммуникации является тематическая направленность текстов коротких сообщений. В связи с этим, в рамках исследования на основе классификации текстовых функций К. Бринкера [Филиппов, 2007, с. 156–157] были выделены пять основных типов коммуникативной направленности СМС -сообщений:

1)установление и поддержание контакта;

2)передача/сообщение информации;

3)обращение с просьбой, инструкцией или руководством к действию;

4)принятие на себя определенных обязательств;

5)заявление, меняющее статус межличностных отношений.

Статистический анализ коротких текстовых сообщений показал, что основная цель СМС- посланий заключается в установлении и поддержании контакта, что является отличительной чертой устной речи.

Оказывается, что при помощи клавиатуры мобильного телефона можно не только назначать друг другу свидания, но и объясняться высоким литературным стилем. Так, в Великобритании тексты литературной классики перевели на язык СМС- сообщений. В помощь студентам и школьникам из произведений выбрали ключевые отрывки, которые можно цитировать на экзаменах, в сочинениях. На язык текстовых сообщений были



переведены поэма Джона Мильтона «Потерянный рай» Джеффи Чосера, роман Чарльза Диккенса «Холодный дом» и т. д. Некоторые произведения Шекспира были сжаты при помощи правил записи SMS – сообщений до нескольких десятков строк. К примеру, знаменитый монолог Гамлета «Быть или не быть!» теперь выглядит так: 2b?Ntb?=? (“Tobeornottobe? Thatis a question”), а все пять актов этого произведения легко вмещаются в несколько тысяч знаков. Сокращенная SMS – версия «Илиады» Гомера для школьников на экране телефона уместилась в 32 строчки. В Австралии для того, чтобы сделать Библию доступной и понятной для молодого поколения, ее «перевели» на язык SMS. Начало получилось такое: “IndaBgininGod cre8d daheavens&daearth” («В начале сотворил Бог небо и землю»). Во Франции делаются попытки «переводов» произведений Бальзака, Гюго, Ла Фонтена, Мопассана.

Человек, пишущий СМС- сообщения, решает (замечает он это или нет) несколько важных задач, помимо простой передачи содержания.

1 задача - компрессия текста.

Объем СМС -ки ограничен, следовательно, нужно сообразить, как уложить максимум содержания в минимум знаков. Сознательно или бессознательно у СМС -автора актуализируются процессы свертывания речи. Компрессия текста (конденсация смысла) может происходить так: щас<- сейчас, 2U<- тоуои, слово «еду» короче, чем «уезжаю», «тут» короче, чем «здесь», «shop» короче, чем «магазин».

2 задача – транслитерация – это необходимость набирать русские слова латиницей (так приходится делать пользователям нерусифицированных телефонов, а у некоторых людей затем входит в привычку). Вот одна шутливая жалоба : «Ох уж эта латиница! Писала дочке СМС - ку: Kurimoloko,maslo y... Три раза попробовала написать «яйца» - бросила, купила яйца сама»

3 задача – позитивность, дружелюбие. СМС -ки ,в большинстве своем, передают не только информацию (По первому каналу идет «легенды осени»), или запрос об информации (Семён. А не знаешь, где купить игру?), или побуждение к действию (Mozheb perezvoniť sro4no?), но и то, что Э. Берн называет «похлопываниями»,необходимыми каждому человеку для хорошего эмоционального состояния: «Люблю. Купи хлеба». «Едем. Жди»

Типичные коммуникативные задачи, которые решаются с помощью СМС:

- узнать о местонахождении (и планах) адресата: Ты где? или Чего не отвечаешь? Чего заблокирован? Опять телефоны отобрали? Ну... Ответь сейчас хотя бы!;

- узнать о самочувствии и настроении адресата: Аууу!!!! Ты жива? или Привет! Как ‘прошли выходные?;

- сообщить о своем местонахождении (и планах): Я ещё в краске. Ещё стричься и сушиться. Короче, минут сорок или Я в кино;

- сообщить о своем самочувствии и настроении: В сети буду после 9. Очень плохое настроение и куча домашних дел или Если бы ты знала, как страшно ехать к твоему плохому настроению...;

- сообщить о мимолетном текущем впечатлении, о чем-то только что сделанном или увиденном:Ura!Ura!ispolnilas’ moyamechta!Yanakonets-to,pervyiraz v jizni,iskupalsya v prorube!;

Различие письма и SMS заключается в том, что письмо передает не только события, произошедшие накануне его отправления , но и настроение адресанта.

Легко можно прочувствовать душевное состояние писавшего.

SMS- сообщения же передают только констатацию фактов и не позволяют разобраться в чувствах, в настроении адресанта.

В SMS преобладание диалогической формы общения. В письме – монологической. В письмах часто употребляются личные местоимения и частицы (в том числе разговорные: ну, вот, ведь и т. д.) и притяжательные прилагательные, например Петина сестра, Лешина Наташа), причастия и деепричастия не употребляются. В SMS этого нет.

Однако существуют и сходства письма и SMS:

1. Неофициальность, непринужденность общения; неподготовленность речи, ее автоматизм, эмоциональность и экспрессивность.

2. На уровне лексики и фразеологии – используются слова, имеющие разговорную окраску, в том числе бытового содержания; присутствует конкретная лексика; много слов с экспрессивно – эмоциональной окраской (фамильярных, ласкательных, иронических, неодобрительных и т. д.) Но подавляющее количество слов – общеупотребительные,

нейтральные.

3. На словообразовательном уровне – широко употребительны суффиксы субъективной оценки со значением ласкательности, неодобрения, увеличительности; с окраской разговорности. Образование прилагательных оценочного значения, глаголов. Для усиления экспрессии используется удвоение слов.

4. С точки зрения морфологии – видим преобладание глаголов над существительными, особенно в SMS.

5. Характерные особенности синтаксиса – употребление неполных, односоставных, вопросительных и побудительных предложений.

6. Порядок слов в предложениях свободный.

Что объединяет СМС- сообщения с письмами ?

- информация «я - здесь -сейчас»;
- наличие адресата;
- желание поделиться чем-то, рассказать о чём-то;

Письмо и SMS имеют:

1. рамочную структуру;
2. повествование ведется от 1 лица;
3. композиционно – речевой тип – диалогический монолог;
4. искренность, исповедальный тон, эмоции, экспрессия.

5. Таким образом, можно прийти к выводу, что СМС – сообщения являются современной формой эпистолярного жанра и, к сожалению, вытесняют жанр бытового письма, потому что обладают некоторыми преимуществами перед почтовым письмом: быстротой создания и быстротой передачи. Помимо СМС, послание можно передать по электронной почте и другими способами современной связи. Но и здесь у СМС - сообщений преимущество: телефон всегда под рукой. Кажется, ситуация уже необратима: с появлением телевизора, кино, Интернета, видеоигр, гляцевых журналов и мобильных индустрия развлечений стала настолько мощной, что заменила собой все. Современный человек – абонент сотовой связи – ушел в мир иной, виртуальный. На сегодняшний день «трубка» – это не только разговоры, как мы наивно привыкли воспринимать телефонную связь. Мобильник городского человека – это его офис, студия, почтовое отделение, мобильный советчик, экзаменационный лист, всевозможные услуги. И все это стало возможным благодаря службе «Short Message Service» – сокращенно SMS, когда она появилась в меню операторов сотовой связи .

В целом, можно сделать выводы, что СМС- сообщения заменили письма , в основном, для представителей молодого поколения.

Реализуя стремление современных людей к возможности экономически выгодного общения в любое время суток и из любой точки планеты вне зависимости от местонахождения «собеседника», научно-технический прогресс вызвал к жизни абсолютно новое уникальное средство коммуникации, объединяющее в себе функции телефона с его возможностью общения в режиме реального времени , телеграммы с ее письменной краткой формой изложения и письма.

Новый вид коммуникации способствовал появлению уникального «устно-письменного» СМС- подъязыка, обладающего рядом характерных языковых особенностей, призванных способствовать реализации максимально эффективного общения: быстрого, лаконичного, при этом информативного, ясного, эмоционального, вежливого и, главное, максимально приближенного к диалогу. Стремительное распространение сервиса коротких сообщений и выход «устно-письменного» СМС- подъязыка за рамки телефонных дисплеев позволили человечеству начать новый условный отсчет времени. А название ушедшей эпохи было сформулировано в соответствии с канонами нового вида коммуникации – эра «В.Т.» (Before Text).



## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫН МЕҢГЕРТУ

**Шадабаева Аршагүл Алжахановна**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,  
Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев  
атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

«Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» – деген болатын әдебиет зерттеуші-ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Бүгінгі таңда отандық білім беру жүйесі білім берудің нәтижелерін, білімгерлердің бойынан табылуы тиіс құндылықтар мен олардың иегеретін білік-дағдысын, қолданатын құзыретін саралау, қайта зерделеу, білім жүйесін толықтай трансформациялау кезеңінде тұр. Осы тұста қазіргі кездегі мол ақпараттар ағымын өз бетінше игеріп, сыни ойлай білетін, өзіндік көзқарасын дәлелдей алатын еркін ойлы, шығармашыл тұлға тәрбиелеудің өзектілігі арта түседі.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімін, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай-күйзелісін, шалқар шабытын бойына өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса, бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану қажет. Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни, мұғалім осы мақсатпен іздену керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалану керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, зияткерлік, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

Оқырман көркем мәтінді алғаш оқығанда, оның жалпы фабуласын қабылдайды. Ал, сол шығарманы қайтадан оқитын болсақ, шығармада суреттелетін әрбір әрекеттің, құбылыстың мәніне тереңдей үңіліп, соның нәтижесінде сюжет туралы түсінік қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде, фабуланы болған оқиға деп, сюжетті сол оқиғаның оқырманға көркемделіп жеткен түрі деуге болады.

Қаламгер пайдаланған дайын фабулалар сюжетке айналған кезде, көркемдік өзгеруге ұшырайды. Алдымен, дайын фабулалар өмірдегі нақты оқиғаларға негізделген шығармаларда жиі кездесуі ықтимал; екіншіден, бір қаламгердің жасаған фабуласы келесі жазушыда жаға сападағы сюжетке ұласуы мүмкін. Яғни, бір фабула әр жазушының стиліне байланысты түрлі сюжеттік сипатқа ие болады. Демек, мәтіннің көркемдік маңызы фабулаға емес, оның (фабуланың) шығармашылық түрде игерілген көркемдік жағының сюжетте тереңдетілуіне байланысты. Көркем шығарма сюжетінде бірнеше фабула желісі қамтылуы да мүмкін. Оқушыларға осыны түсіндірген дұрыс.

Сюжет бір немесе бірнеше эпизодтан тұрады. Эпизод дегеніміз – мазмұнның



бөлінбейтін ең кішкене бөлшегі. Әдебиеттану ғылымында композиция мен сюжеттің мәні ерекше. Ол белгілі бір идеяны береді. Композиция ұғымы көбіне, өлең, поэма, мысал сияқты жанрларға, ал сюжет әңгіме, повесть, роман сияқты жанрларға тән. Екеуінің ұқсастығы – олар шығарманың құрылысына байланысты формалар.

Айырмашылығы – композиция автор ойы тікелей айтылатын лирикалық шығармаларға тән. Ал, сюжет автор ойы тікелей байқалмайтын прозалық жанрларға тән. Өлеңді шығарма немесе поэма көбінесе композициялық жағынан талданады. Ал, сюжетті поэмада композиция мен сюжет элементі үштаса талданады.

Көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтызарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру; сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем-дағдылар қалыптастыру; ойын ауызша да жазбаша сауатты жеткізу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу – басты мақсат. Мектептегі оқу мен тәрбие, сыныптан тыс жұмыстардың барлығы да оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Сондай-ақ, балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтықсы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту, одан білім берудің аса маңызды әрі күрделі жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Тиімділік идеялары, саралап-даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оқу еңбегін оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақты, белгілі бір уақытта нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтер, мұғалімдер зерттеулері, пікірлері бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.

1. 5-7-сыныптардағы 10-12жастағы жасөспірімдер;

2. 8-9-сыныптардағы 13-14жастағы жасөспірімдер;

3. 9-11-сыныптардағы 15-17 жастағы жастар жатқызылды. Балаларды топқа бөлу, әрине, қатып қалған дүние емес. Қабілеті, дарыны, ынтықсы, еске ұстауы, алғырлығы, қабылдауы жағынан бір сыныптағы, бір жастағы балалардың өзі әр түрлі болып келетіні тәжірибеден белгілі. 5-7-сынып оқушылары – психологиясы, мінез-құлқы, физиологиялық жағынан балалықтан кетсе де, әлі де қалыптасып, толысып жетпегендер. Олар – қимыл-қозғалысы жағынан шапшаң, өте әсершіл әрі не нәрсеге де сенгіш, барлығын шындық деп қабылдайтын, жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер. Бұл жастағыларды ертегілер әлі қызықтырады, олар фантастикалық, қиял - ғажайып оқиғалары бар шығармаларды беріле оқиды.

Кино, көгілдір экран алдынан кетпейтіндер де осылар. Қиялдары ұшқыр, қабылдаулары алғыр болып келеді. Дегенмен, алаңғасырлық, тез қабылдап, тез ұмыту да осыларда жиі кездеседі. Мектепте көп шулайтындар да, тез қимылдап, тез шешім қабылдайтындар да 10-12 жастағылар. Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктеріне келсек, поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі әңгімелерді, қарасөзбен жазған шығармаларды оқуға ынтықсы болып келеді. Әсіресе, оларды соғыс, жансыздар, қылмыскерлер жайындағы шығармалар ерекше қызықтырады. Оқыған шығармаларының мазмұнына қарай әр түрлі эмоциялық көңіл күйді бастарынан кешіріп, соны ұмыта алмай, делсалдыққа түсушілік, алаңдаушылық оларда өте жиі кездеседі.

Жалпы осы үш топтағы оқушылар ішінен кітапты көп оқитындар да, ондағы бас кейіпкерлерге, әсіресе, барлаушыларға, батырларға еліктеушілер де осы жастағылар. Олар оқып отырған кітаптарына, ондағы оқиғаларға толық сенеді, дегенмен, «шіркін, ол неге былай істеді екен, әттең, олай істемегенде» деген сияқты өз қиял - ойларына да ерік беріп, толғанып жүреді, бірақ ол толғаныстары уақытша болады, тез ұмытады, себебі келесі кітапты оқығанда, ол басқаша толғанысқа түседі. Әрине, 10-12 жастағылар оқығандарының барлығын, одан алған әсерлерін екі-үш айдан кейін қайта сұрағанда, олар басыңқы дауыспен, байыпты баяндай бастайды. Кейіпкерлер тағдырына да мойынұсынұшылық қарауды сезуге болады. Бұның барлығы – сондай «тұрақсыздық» баланың жас ерекшелігі, психологиясынан туып отырған дүниелер. 5-сыныпта Н.Ауыштың «Нағыз әже қайда?» деген әңгімесі беріледі. Осы әңгімеде, әсіресе, оқушылардың эмоциясына әсер ететін екі үлкен жағдаят бар. Бірінші, Райхан мен Аяның әкесінен естіген ертегі, әңгімелерінен алған әсерлері, олардың санасында қалыптасқан «нағыз әже» бейнесі, екіншісі, қонақта көрген «әженің» қыздардың үміті мен сеніміне қаяу түсуі. Оқушылар әңгімені оқып шыққан соң, қазақи әжінің бейнесін жасап, Зере, Айғаным әжелер мен қазіргі заман әжелерін

салыстырып, өздері армандайтын әже бейнесін шығарды.

Балалардың «рухани мүгедек» боп өсуіне әжелердің «жұмысбастылығы», «ертегі білмеуіне» заманды кінәлайды, әжелерінің кеңестік тәрбиемен өскендігін кінәлайды. Бұдан шығатын қорытынды не? 10-12 жастағы балалар көркем туынды негізінде идея жататынын, ол авторға байланысты болатынын ойлана бермейді. Тіпті, оның көркем туынды екенінде де шаруасы жоқ. Олар оқып отырған дүниесін өмірдің өзі деп қабылдайды және өз түсінігі, өз сезімімен қабылдайды. Олар үшін әдебиет – өмірдің көшірмесі, шындықты бекіту. Өмірмен байланыс, шығарманы қалай жазылғаны тұрғысынан емес, нақты өмірлік тәжірибемен қаншалықты сәйкес келетінін бағалау.

6-сыныпта форманы талдауда бөлек серпіліс бар, оқушылар талдау элементтерімен қайталауды қолданады, бірақ сонымен бірге мөртабандарды қолданады.

7-8- сыныптарда жалпылау, мәнді бөлу қабілеті көрінеді. Оқушылар кейіпкермен танысады. Жеке көзқарас өте маңызды: сюжетке араласуға және оны өзгертуге деген ұмтылыс. Автордың ниетін, авторлық эмоцияны түсінуге тырысу, бірақ оқушылар авторлық эмоцияны өздері алмастыра алады, оны ынталандырады. 9-11-сыныптарда оқушылар автордың шығармашылығына, басқа шығармалармен байланысы туралы үндестіктің маңыздылығын түсінеді; олар әлемді біртұтас қабылдайды, бірақ олар жеке сөзді көруді доғарады, эпизодтарға сілтеме жасамайды.

Осылайша, көркем шығарманы түсінудің жас динамикасы белгілі бір кейіпкерге деген жанашырлықтан, автордың позициясын түсінуге деген жанашырлықтан, одан әрі көркем әлемді жалпылама қабылдауға және оған деген көзқарасын түсінуге, шығарманың жеке көзқарастарына әсерін түсінуге өзіндік жол ретінде ұсынылуы мүмкін.

Мәтінді талдау және түсіндіру үшін мұғалім барлық технологияларды қолдануға құқылы. Тек осындай жұмысты оқушы толық түсінеді.

Мәтінмен жұмыс істеу үрдісінің өзі, оны талдау әдістері, оны аз немесе аз егжей-тегжейлі зерттеу әдістері, оның барысында әр оқушы белгілі бір оқу дағдыларын алады, оқырман, коммуникативті, сөйлеу және басқа құзіреттіліктерді қалыптастырады.

Егер талдау үшін кішігірім жұмыс таңдалса, онда мәтінді тікелей сыныпта оқуға болады. Бұл жағдайда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының бір әдісін қолдану ең нәтижелі болып табылады – оқушыларды мәтінді түсінуге мүмкіндік беретін, баяу, ойлы, аналитикалық оқуға дағдыландыратын және сонымен бірге мәтінге деген қызығушылықты арттыратын, балалардың қиялды, шығармашылық ойлауын дамытатын, оларды жазушының авторлары сияқты жасайтын аялдамалармен оқу.

Осы технологияның алгоритміне сәйкес, шақыру кезеңінде, оның мақсаты жұмысты оқуға деген ынтаны арттыру, талданған мәтінге қызығушылық тудыру, әңгімені әңгіме атауын талқылаудан, қиялдау туралы ұсыныстан бастаған жөн – мұндай атаумен әңгіме не болуы мүмкін. Бұл серпін беріледі, инфузия жасалады, қызығушылық оянады.

Сонымен, «аялдамалармен оқу» түсінудің бүкіл кезеңінде орын алуы мүмкін. Мұнда тек сюжетпен танысу ғана емес, сонымен бірге оның бірінші, оқу, түсіну, оның мәселелерін талдау барысында.

Мүмкін, ең маңызды кезең, үшінші кезең – рефлексия, яғни. оқиганың терең мағынасын түсіну. Енді біз талдаудан қорытынды шығарып, ең маңызды сұраққа жауап беруіміз керек: жазушы өз сюжетін құру кезінде не айтқысы келді? Бұл жұмыс не үшін жазылған?

Орта мектепте оқушылардың шығармаларды терең және тәуелсіз бағалау қабілетін, шығарманың құрылымдық элементтерінің жазушының өмірбаяны мен шығармашылығымен, зерттелген дәуір әдебиетімен, замандастарының бағалауымен, ізашарлар мен ізбасарлардың шығармашылығымен, әлемдік тарихи-әдеби және мәдени үдеріспен ішкі байланысын қалыптастыру қажет.

Жұмысты талдау мен интерпретациялауды оқыту сабақтарында тапсырмалар оқушылардың мүдделеріне азырақ негізделеді және мұғалім таңдайды, өйткені олар оқушылардың бұрыннан бар оқу қабілеттерін жақсарту үшін ғана емес, сонымен бірге әлсіз қалыптасқан әдеби даму салаларын да қамтуды қажет етеді. Тапсырмалар көбінесе тәуелсіз зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Тапсырмалар саны әр түрлі болады және сыныптың дайындық деңгейіне және мұғалімнің қалауына байланысты. Ірі прозалық шығармаларды зерттеуде жұмыстың жиі кездесетін түрі – эпизодты талдауға үйрету. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» шығармасын талдатқан кезде Әмір Темірдің тарихи тұлға екендігін дәлелдете отырып, Алмас хан, Кіші ханым, Жаппардың бейнесіне тоқталады, романдағы қызыл алма, мұнара, шіріген алма ішіндегі құрт,

Қағбадағы қара тас роман тақырыбына қатысын ашады. Түс көруі, түс жоруы, пір баруы – осыларға тоқтала келіп, «Бәрібір барар жерің – жердің асты!» екендігін айтқызып, басқа кейіпкерлердің ой-тұжырымдарымен салыстыру көзделеді. Романдағы уақыт пен кеңістік ұғымдарын ашқызу керек.

Көркем мәтіндерді дайын мәдени материал ретінде қолдана отырып, мұғалім кітап әлеміне жетелеген балалардың жолсерігі ретінде әрекет етеді, ал серіктес ретінде ол балалармен бірге болып жатқан оқиғаларға таң қалады, қайғырады, кейіпкерлерге жанашырлық танытады. Көркем әдебиетті түсініп, мазмұнын дұрыс қабылдаған оқушының сезімі сергек, көңілі ояу болары сөзсіз.



## ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ - ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ РЕТІНДЕ

**Сарсенова Айну́р Мухтаровна**  
Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәмим бен  
Хамад әл-Тәни  
атындағы №85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК  
ағылшын тілі мұғалімі,  
педагог-зерттеуші

**Аңдатпа:** Мақалада цифрлық педагогиканың анықтамалары мен жаңа білім беру ортасындағы цифрлық технологиялар баяндалған. Білім беру секторындағы цифрлық технологиялардың маңыздылығы мен тиімділігі, бүгінгі таңдағы ең озық цифрлық технологиялар мен олардың мүмкіндіктері, сонымен қатар цифрлық сауаттылық тек қана оқушылардан ғана емес, оқытушылар мен мұғалімдерден де белгілі бір деңгейде цифрлық сауаттылықты да талап ететіні сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** цифрлық білім, цифрлық технологиялар, оқытудың жаңа технологиялары, жасанды интеллект.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан жедел саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер ел дамуының жаңа кезеңімен тұспа-тұс келуде. Бүгінде еліміз ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы бүкіл өндіріс пен қызмет көрсету жүйесінің өзгеруіне әкелетін цифрлық экономика процестерін дамыту арқылы цифрлық қоғамға қарай жылжуға бет бұруда. Бұл цифрлық даму- қоғам дамуының барлық салаларын қамтып, білім саласы, соның ішінде, мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға да, білім беру мазмұнына да жаңа талаптар қоюда.

«Цифрлық экономика» ұғымының пайда болуымен қатар білім беру саласында «цифрлық сауаттылық», «цифрлық педагогика», «цифрлық білім беру», «цифрлық дидактика» сияқты терминдер пайда болды. Білім берудің цифрлық трансформациясының мәнін көрсететін терминдер жиынтығын зерделей отырып, «Цифрлық педагогика» терминіне анықтама беріп, оның сипаттамаларына назар аударуды жөн көрдік, сонымен цифрлық педагогика дегеніміз:

-цифрлық білім берудің мәні мен заңдылықтарын, «цифрландырылған» білім беру процестерінің тұлғалық өсудегі рөлін ашатын, олардың тиімділігін арттырудың практикалық жолдары мен құралдарын әзірлейтін педагогика ғылымының саласы;

- курс барысында оқыту, оқыту және бағалау процестерін байытуға мүмкіндік беретін компьютерлік цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіне енгізілуі;

-компьютерлер мен бағдарламаларды қолдана отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагогика;

- адамның қалыптасуы, мазмұны, формалары мен әдістері бойынша арнайы ұйымдастырылған мақсатты және жүйелі іс-әрекет туралы ғылым;

-ақпараттық технологиялар мен интернетті қолдана отырып тәрбиелеу, оқыту және



оқу.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі уақытта отандық және шетелдік тәжірибеде «цифрлық педагогиканы» анықтауға бірыңғай көзқарас жоқ екенін атап өтуге болады. Әртүрлі авторлар бұл терминді әртүрлі түсіндіреді, ал интерпретация көбінесе авторлық қызмет саласына байланысты болады (мұғалімдер, әдіскерлер, бағдарламашылар, IT мамандары, менеджерлер және т.б.) Сондықтан отандық педагог ғалымдардың ұсынған анықтамасы осы ұғымды түсіндіруде ең тиімді және жан-жақты толығымен қамтылған нұсқа деп тануға болатын сияқты.

Цифрлық педагогика - бұл электрондық ресурстардың көмегімен оқытатын және субъектінің саналы іс-әрекетін тәрбиелейтін педагогика саласы, әрі бұл сала субъектіні өзін жеке тұлға ретінде іске асыруына, саналы мақсаттарға, идеалдарға, өзін-өзі тануға, сыни ойлауға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі ашуға, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіруге бағыттайды.

Дегенмен цифрлық педагогикада тек оқушылар ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер де білім алушыларға айналады. Олар үнемі жаңа цифрлық технологияларды меңгеріп, үздіксіз жаңа білім алуға ұмтылып отырады. Біз бұған қаңтар айында Лондон қаласында өткізілген BETT-2024 халықаралық білім көрмесінде көз жеткізуге мүмкіндік алдық. BETT- білім беру технологиялары саласындағы әлемдік қауымдастық. Бұл көрме жаңа педагогикалық идеяларды ынталандырып, байланыстар орнатуға, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін халықаралық ұйым болып табылады. Әлемнің 130 елінен 30 мыңнан астам білім беру ұйымдарының қызметкерлері, оқытушылар мен мұғалімдер қатысқан биылғы көрмеде 500-ден аса компания өздерінің ақпараттық цифрлық технологияларымен бөлісті. BETT-2024 көрмесі 3 бағытта жұмыс жасады:

1. Table talks (дөңгелек үстел)- білім саласы қызметкерлері өздерінің ортақ тәжірибелерін, қиындықтары мен мүмкіндіктерін талқылау үшін бас қосып, өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасып, шешімге келуге мүмкіндік алды.

2. Білім Берудегі Көшбасшылық Бағдарламалар

АҚШ-тың ISTE кәсіптік оқыту ұйымымен бірлесе отырып, EdTech сарапшысы ретінде білім беру саласындағы әлемдік көшбасшылардың таңдаулы тобы құрылып, білім беру саласындағы озық технологияларды пайдалану және енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

3. Білім берудегі цифрлық технологиялар

Tech User Labs мектептердің жұмыс жасау бағыты мен қызығушылықтарына негізделген оқулықтар мен жұмыс топтарындағы Жетекші Әлемдік EdTech сарапшыларынан қазіргі озық цифрлық технологиялармен танысып, барынша тиімді пайдалануды тәжірибе жүзінде үйренуге мүмкіндік берді.

Конференцияда ұсынылған идеялардың басым көпшілігі AI, яғни Жасанды Интеллект, VR мен 3 D модельдеуге бағытталып, өз кезегінде бұл технологиялардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері толығымен ашылып көрсетілді.

Атап айтқанда, біз ClassVR компаниясының өнімдеріне үлкен қызығушылық танытып, тәжірибеде тексеріп көрдік. Аталған жүйе 50 шығармашыл қызықты Виртуалды сабақ идеяларын қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Digital learning for Everyone, Magma, IXL is Personalized learning (Math and English) платформалары да нәтижелі жұмыстарымен бөлісіп, қатысушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Бүгінгі цифрлық технологиялардың дамыған заманында ең соңғы жаңа тенденциялардың басым көпшілігі сандық-технологияларды қолдана отырып, білім беруге негізделген. Көрмеде ұсынылған білім беру платформаларының барлығы дерлік компьютер мен планшет арқылы іске асырылатындығы байқалды. Осы бағыттағы көзге ерекше түскен We teach the Future компаниясының Jam Coding платформасы болды. Аталған электронды платформа тек білім беруге ғана емес, сонымен қатар сыныптан тыс клубтар, программалау, электронды қауіпсіздік семинарлары, цифрлық азаматтық қауіпсіздігі туралы семинарлар, демалыс уақытында оқушылардың уақыттарын тиімді пайдалану бағыттарында да жұмыс атқаруға мүмкіндік береді. Демек программалау, кодтау, кибер қауіпсіздік, робототехника, анимациялар жасау, подкасттар жүргізу мен әртүрлі ойындар құрастыру арқылы қоғамның бүгінгі талаптарына оқушыларды жақсырақ дайындауда балалар үшін үйреншікті гаджеттерді пайдалану тиімді болар еді деген ойға келдік. Аталған жұмыс бағытындағы Marty the Robot жобасын да қарастырдық.

Оқыту мен білім беруге негізделген интерактивті платформалар жұмыстары да назардан тыс қалмады. Осы тұста EuNi компаниясының ұсынған оқыту платформасын атап өтуге болады. Аталған платформада мұғалімдер сабақты тиімді жоспарлау

мақсатында әртүрлі подкасттар, барлық пәндерге арналған ресурстар жинағын пайдалана отырып, мақалалар жариялап, өз әріптестерімен тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады. Мұғалімдердің тұрақты дамуына бағытталған бұл платформадағы ресурстар мен ақпараттар ай сайын жаңартылып, толықтырылып отыратындығы қуантады, демек ұстаздар білім саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар болып, үздіксіз дамуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Lion Learning Pathways, Mighty Writer Best Primary Resource (тілдік пәндерге арналған), Just2easy, Math Type, Let's teach жобалары да пән мұғалімдері үшін өте пайдалы ресурстар болып табылады.

ВЕТТ көрмесінде бірнеше отандық компаниялар өз жаңалықтарымен бөлісіп, шетелдік әріптестердің қызығушылығына ие болды. Әсіресе, CodiPlay мобильді қолданбасы үлкен сұранысқа ие болды. Бұл платформа кодты тікелей смартфонда жазуға және жоба құрастыруға, IT дағдыларды кешенді оқытуға арналған, кодты тікелей смартфонда жазуға және жоба құрастыруға мүмкіндік беретін, Maker education және STEAM негізінде IT дағдыларды кешенді оқытуға арналған мобильді қолданба.

CodiPlay төрт түрлі сауат ашуға мүмкіндік береді. Олар: алгоритм ойлау, блогтық бағдарламалау, Arduino-ның көмегімен гаджет жасау және IoT жоба жасау. IoT (internet of things) – интернетке қосылатын, мәлімет жинап, алмастыра алатын техниканың бәрі. Мысалы, IoT техниканың қарапайым түрлері – бағдарламалар, smart картиналар, датчиктер және тағы басқа. Біз де өз кезегімізде осы жобаға қызығушылық танытып, бірге жұмыс жасауды бастап кеттік.

Цифрлық технологиялар бізге қандай мүмкіндіктер береді?

- Оқу процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Геймификация да, интерактивті форматтар да оқуды жеңілдетеді және оқушылардың қызығушылықтарын арттырады.

- Уақытты үнемдеу. Көптеген цифрлық ресурстар мұғалімдерге тапсырмаларды түрлендіріп жасауға және оларды аз уақытта тексеруге мүмкіндік береді.

- Жеке оқыту траекториялары және дифференциацияланған тапсырмалар. Цифрлық ресурстардың көмегімен әр оқушыға олардың нақты білім деңгейіне назар аудара отырып, тапсырмалар беру.

- Жылдам және мобильді деректерді жаңарту. Цифрлық материалдар үнемі жаңа деректерді толықтырып, әдістемелік құралдар мен платформалардың тұрақты түрде жаңарып отыруына мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта мектеп көшбасшылығының тиімділігін арттыру үшін мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығын қолдау, жаңа идеяларды ынталандыру, мектепті дамыту үшін соңғы білім берудегі цифрлық технологиялар мен білім беру платформаларымен қамтамасыз етуді жалғастыру жоспарымызда бар. Оқушыларымыздың тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін жұмыс түрлерін жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация беру (ынталандыру), сандық және сапалық көрсеткіштерді бақылау- мектеп жұмысының негізгі сипаты болмақ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Paltdinova E Yu, Belyaeva T K and Lebedeva «Digital pedagogy: features of the term evolution in the framework of categories and concepts of pedagogy Perspectives of Science & Education» (Moscow: Education) 4 p 40, 2019
2. Karine R. Khachaturova, Irina A. Donina, Ekaterina E. Donina «Digital Pedagogy: Trends Of The Modern School | European Proceedings» (Moscow: Education) 4 p 110, 2021.12.03.
3. Зоя Баньшина «Цифровая педагогика в помощь преподавателю» 08.01.2021
4. www.codisplay.kz
5. Г. Абидоллаева «Сандық технология» 17.11.2022



## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫЛЫМ, ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН МЕҢГЕРТУДІҢ, ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ



**Ташетова Аимхан Салемовна,  
Каражигитова Бағдат Омирбековна**  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейінің»  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,  
педагог-зерттеуші.

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушы қажеттілігіне қарай оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар арқылы тілдік дағдыларды меңгертудің тиімді жолдары қарастырылған. Оқыту мен оқуды тиімді түрде ұйымдастыру үшін әр оқушының ілгерілеуі мен ағымдағы түсіну деңгейін үнемі анықтап отыру маңызды. Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушы қажеттілігіне орай оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларын ұйымдастыруда, қалыптас-тырушы бағалау жүргізіліп, оқушының оқу жетістіктері туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Оқыту тиімділігінің артуы оқушы табысын бағалау сапасына тікелей байланысты. Бақылаудың дәстүрлі құралдары талап етілетін білім, білік, дағдыларының деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық уақытта бағалау жүйесін дайындау өзекті мәселе болып келеді. Осы орайда қазақ тілі сабақтарында ең бірінші оқылым және жазылым дағдыларын қалыптасқанда ғана оқушылардың қазақ тілі пәні бойынша сауаттылықтары артады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында бұл мақаланың өзіндік орны бар.

Еліміздің білім саласының алдында тұрған басты міндет – сыныпта алған білімдерін болашақта пайдалана алатын жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатты шешу – мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімнің міндеті деп білемін. Осы орайда жаңартылған білім беру бағдарламасының орны ерекше. Өйткені жаңартылған бағдарлама оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыруға зор мүмкіндік жасап отыр. Ол тілдік дағдылар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым. Менің ойымша, қазақ тілі сабақтарында ең бірінші оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастырғанда ғана оқушылардың қазақ тілі пәні бойынша сауаттылықтары артады.

Оқылым дағдысы – мәтінмен жұмыс, рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі. Нақтырақ тоқталатын болсам, әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;

- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру;

- әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;

- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала



білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру [1, 2-б].

Жазылым дегеніміз не? Жазылым – бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Бұл жерде күрделі дағдылар деп оқушылардың сөздік қорларындағы сөздерді тиімді пайдаланумен қатар, оларды жазуда тыныс белгілерді де назардан тыс қалдырмауын айтамыз. Соңдықтан жазылым басқа дағдыларға қарағанда өнімді дағды болып табылады. Жазылым басқа да сөйлесім дағдыларымен бірлікте жүзеге асады. Себебі оқушы оқылым және тыңдалым, айтылым дағдысы негізінде өзінің жазылым дағдысын дамыта алады. Жазылым дағдысы – бұл жазу емес. Жазылым дағдысы – шығармашылық ойлау. Оқушының өз ойын шығармашылық тұрғыдан жеткізе білуі оның бойында жазылым дағдысының қалыптасқандығын көрсетеді.

Оған:

- жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру (баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк жазу);

- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;

- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе).

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың оқылым, жазылым дағдыларын меңгерудің тиімді жолдарын қалыптастыратын әртүрлі тәсілдер бар:

біріншіден, бұл мәтіннің қарапайым бірліктеріне: сөзге, ұсынысқа, абзацқа назар аудару;

екіншіден, мәтін құрылымын және оның логикалық байланыстарын талдаусыз мәтінді түсіну. Оқушылар оларды бекіте отырып, жоспар, тезистер, конспектілер, сызбалар мен кестелерді құрастыруды үйренеді;

үшіншіден, мәтінді түсіну – бұл көптеген мәселені шешу жолы деуге болады. Балаларға сұрақтар қоя отырып, мәтінмен (автормен) диалог жүргізуді үйретуіміз қажет.

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың дағдыларын қалыптастыру үшін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Соңдықтан сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі, сыныпта диалогті қолдану мәдениетін дамытуы маңызды. Сұрақтардың түрлеріне қарай көптеген топтастырулар бар. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар. Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады. Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау және т.б. [9,122-б]

Бүгінгі күннің басты талабы – болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеріп, дүниежүзілік білім кеңістігінен көріну, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда әлемдік озық үлгілерді тиімді пайдаланып, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру. Мемлеке-тіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпаққа жаңа серпіліс беретін бағдарлама деп есептеймін.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Оқытудың жүйесі өзгерді. Осыған байланысты алдымызда оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұрғандығы баршамызға аян. Яғни қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, оларды еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырамыз. Бұл тілдік дағдылар бір сабақтың үстінде өзара байланысты бірізділікпен жалғасын тауып жатады.

Осы жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Оқушы үйлесімді

мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруі тиіс. Олар шеберліктерін, сөздік қорының молдығын көрсетеміз деп, негізгі мәселеден немесе тыныс белгілеріне назар аудармай қалуы мүмкін. Сол себепті жазылым кезінде оқушыларға үнемі қолдау көрсетіліп отырғаны дұрыс.

Өз бетінше жазудың алдында – идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін үлгілеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады [2,58-б].

Жазу барысында – оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін (мысалы, етістіктің шақтарын дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімдігін (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды.

Жазып болғаннан кейін жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды.

Оқушыға жазғанын қайта қарап шығуға мүмкіндік беру керек. Дегенмен нәтижеге жету үшін 45 минуттық сабақтың аздық ететіні шындық. Сондықтан да оқушыларды факультативтік қосымша сабақтарда да сұрақ-тапсырмаларға жауап беру, жекелеген, топтық іздендіру жұмыстары: жаттығу орындау, бірін-бірі тексеру, тест сұрақтарын әзірлеу, әңгіме құрау, мәнерлеп оқу, танымдық ойындар құрастыру, сызба дайындау сияқты тапсырмаларды орындату арқылы бала білімін оқушылық деңгейге дейін көтеруге мүмкіндік туғызады. Орынды пайдаланған оқыта-үйрету ойындар мен топтық, жұптық жұмыстар қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеуіне, ойларын еркін айтуына, оқу, жазу сауаттылықтарын қалыптастыруға зор мүмкіндік туғызады. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады. Қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесі басты орынға қойылып отыр. Егер әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей алатын болса, жаңашыл педагогтар шеберлігі арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан әрі артатыны сөзсіз.

Қорытындылай келе, қазақ тілі сабақтарында оқушы қажеттілігіне қарай оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды ұйымдастыруда – оқушының оқу нәтижесінің үнемі ілгерілеп және дамып отыруына ықпал ететін мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасында кері байланысты қамтамасыз ететін үдеріс екендігіне көзіміз жетіп отыр. Оқыту мен оқуды тиімді түрде ұйымдастыру үшін әр оқушының ілгерілеуі мен ағымдағы түсіну деңгейін үнемі анықтап отыру маңызды. Оқыту тиімділігінің артуы оқушы табысын бағалау сапасына тікелей байланысты. Бақылаудың дәстүрлі құралдары талап етілетін білім, білік, дағдыларының деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық уақытта бағалау жүйесін дайындау өзекті мәселе болып келеді. Қазақ тілі сабақтарында ең бірінші оқылым және жазылым дағдыларын қалыптасқанда оқушылардың сауаттылықтары артады. Баяндамамызды Қанипа Омарғалиқызының: «Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ», - деген ұлағатты даналығымен аяқтағым келеді. Біз ақпарат пен технологиялар күннен күнге дамып келе жатқан мына қарбаласқа толы заманда, еліміздің болашағы болатын жас буын ұрпақтың тағдыры, тұлға ретінде қалыптасуы әлі де біздің қолымызда екендігін ұмытпауымыз керек!

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана:2012. – 1-2 б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, III деңгей: 2012. – 58 б.
3. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. PEARSON 2013. – 138 б.
4. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері. PEARSON 2013. – 47-48 б.
5. Основные результаты международного исследования PISA 2012. Национальный отчет. Астана: 2013. – 105-106 с., – 147 с.
6. PISA халықаралық зерттеуі, әдістемелік құрал. Астана: ҰББСБО, 2013.
7. М.Ахметова «Мәтін лингвистикасы». Орал: 2008.
8. С.Шабажанова «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі». Павлодар: 2015.
9. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова, Ж.С.Көпбаева, Ж.О.Мазибаева «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы. Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2010 -122 б.



**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ-  
ІЗДЕНУШІЛІК, БӘСЕКЕЛЕСТІК  
ҚАБІЛЕТТЕРІН  
ДАМУДАҒЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ  
БАҒАЛАУДЫҢ  
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**



**Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы  
№85 мектеп-лицейінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері,  
педагог-зерттеуші  
Амангелдинова Айгуль Кабдешовна,  
Манарбекова Әсем Манарбекқызы**

Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны – жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай-ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отыр.

Жеке тұлғалықтың мәні оның қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыруға, баланың өзіне ғана тән тұлғалық сапаларын, өзінді даму траекциясын анықтау, педагог пен оқушы арасындағы және субъекті мен субъекті арасындағы өзіндік қарым –қатынасты қалыптастыру- бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Ұстаз жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденіс жолында болу керек. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық- психологиялық көріністі талап етеді.

Баланың білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтау мақсатында мұғалім күнделікті қалыптастырушы бағалауды жүргізеді. Тапсырмаларды оқу мақсатына сай, оқушылардың қажеттілігі мен жас ерекшелігіне сай құрастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігін талап етеді.

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Ойдың жарыққа шығып, іске асуы, өмір сүруші үшін тілдік материалға негізделуі, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде айтылуы шарт. “Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы” (К.Маркс). Ой шындығы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл – пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы.

Негізгі ақпарат		Қосымша ақпарат
Мәтінде не туралы айтылады?	К.Маркстың тілге қатысты ойын түсіндіріп көріңіз	Тілдің қарым-қатынас құралы екенін дәлелдейтін қандай нақыл сөз немесе мақалдарды келтіре аласыз?

Дескрипторлар:

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды



- К.Маркстың ойын , көзқарасын түсіндіреді
- Тақырыпқа қатысты қосымша білімін пайдаланады

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Сондықтан сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі, сыныпта диалогті қолдану мәдениетін дамытуы маңызды. Сұрақтардың түрлеріне қарай көптеген топтастырулар бар. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар.

Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады.

Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау және т.б. Сұрақты дұрыс қойғанда өз ойын айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге назар аудартуға, оқудағы бастамашылдығын қолдауға мүмкіндік беруі, қызықтыруы мүмкін.

Осылайша, сұрақ білім алушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай берілуі қажет.

Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі- оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру. Мұндай ерекшелік мынадай жағдайда байқалады.

- оқушылардың іс-әрекетте нәтижеге жетуге сенімділігін қалыптастырады;
- шығармашылық ой-өрісін кеңейтеді;
- өзіндік жұмыс істеу дағдысын жетілдіру;
- дүниетанымның интеллектуалдық, эмоционалдық, еріктік бөліктерін қалыптастырады.

Оқушылардың пәнге деген ықыласы артып, қызыға бастаса, онда пәнді меңгеруге деген құштарлық тереңдей түседі. Қазіргі кезеңде сабақтың мазмұны мен оны түсінудің негізгі әдістері оқушылардың өз беттерінше танымдық іс-әрекеттерін дамытатындай , әрбір нақты материалды жүйелі меңгеретіндей етіліп құрылған жөн. Осы мәселелердің бәрі оқушылардың жасы мен жеке басының ерекшеліктерін білуді қажет етеді.

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясының оқушыларды еркін сөйлеуге, сөз ұшқырлығын ұштауға, өз ойын қысылмай жеткізе білуге мол әсері бар.

Сабақтарымда көзімнің жеткені:

- шәкірттеріме еркін ойлауға мүмкіндік беріледі;
- ақыл-ойы дамиды; шығармашылық белсенділігі артады;
- топтық іс- әрекетке тәрбиелейді;
- тіл байлығы жетіледі; жан- жақты жетіледі;
